

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

**Казахский язык и литература
в русской школе**

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ**

2001 жылдың
қаңтар айынан

3/2011 НАУРЫЗ

бастап шығады

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО – ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

**Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ,
Берікжан ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша
ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш
ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА,
Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш САРИЕВА, Пиалаш
СҮЙІНКИНА.**

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ғылыми ойлар отауы

Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ.	Көне дәуір драматургиясындағы комедия мен трагедия.....	3
-----------------------	---	---

Мұғалімдерге көмек

Жанат МҰХАМАДИЕВА.	Қазақ тілін оқыту үрдісіндегі дифференциалды жақындық.....	12
М.ЖҰМАБАЕВА.	Жеке тұлғаны оқыту барысында жоғары белсенділікті дамыту әдісін қолдану.....	18
Күлбарам ҚАЙМАҚОВА.	Қазақ тілі сабағындағы тіл дамыту жұмыстары.....	22
Гүлгина АБДРАХМАНҚЫЗЫ.	Ең талантты және дарынды зерттеушілер.....	27

Ұлыстың ұлы күні

Әсия ИБРАЕВА.	Наурыз - төл мерекеміз.....	33
Мадина ШАРЖАУ.	Наурыз мейрамы.....	40

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Әния БАТЫРҒАЛИҚЫЗЫ.	Абай Құнанбайұлына арналған викториналық сұрақтар.....	45
Сандуғаш БРАЛИНА.	Дала жұлдызының әңгімелері.....	49

Қазақ тілі орыс аудиториясында

Мөлдір БОРАНБАЙ.	Алғашқы қазақ ұшқыштары.....	52
------------------	------------------------------	----

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Сұлушаш ЖЕТПІСБАЕВА.	Сөздік қорды молайтар құстар.....	59
Базаргүл КӨЛБАЕВА.	Есімшеде - қазақ халқының ән өнері.....	62
Райхан КАМИЛОВА.	Ауызекі сөйлеу қабілетін дамытқан Шәмші Қалдаяқов.....	65
Тілектес ЖҮСПОВА.	Тіл байлығына қатысты табиғатты қорғау.....	70
Зауре ӨМІРЗАҚОВА.	Сөз тіркесін құраған қыс.....	77
Жанат БАЙЗАҚОВА.	Ойлау қабілетін жетілдіретін - денсаулық.....	82
Айжан ТӘТТІБАЕВА.	Сөйлеу мәдениетін көркейткен «Дүниеде не өлмейді?» әңгімесі.....	88
Гүлмира ЕРЕШЕВА.	Достықты жырлаған көптік жалғау.....	92
Әлима БЕКНАЗАРОВА.	Қоршаған ортада мәнерлеп оқу.....	101
Ардақ НҮРИЕВА.	Талғаулы салалас құрмалас сөйлем мен қолөнер.....	105

Білім сынағында

Алмагүл ҚОРАБАЕВА.	Қазақ тілі пәнінен тест.....	107
--------------------	------------------------------	-----

Білім негізі - бастауышта

Рауза МЫҢБАЕВА.	Апта күндері.....	111
Сәуле ҚАСЕНОВА.	Үлкенді сыйлау.....	114
Әсел ТЕМІРЛАНҚЫЗЫ.	Көктем айлары.....	118

Колледж кеңістігінде

Гүлмира ҚҰРМАНҒАЛИЕВА.	Үстеулер - Абай шығармашылығында.....	120
Бибігүл БУКАЕВА.	Электрлік өлшеу бірліктері.....	127
Дархан БОРАНБАЙ.	Үстеу, оның түрлері.....	133

Балабақша бағында

Гауһар ЫСҚАҚОВА.	Ғарыш қырандары.....	140
------------------	----------------------	-----

Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ,
Илияс Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік
университетінің профессоры, ф.ғ.д.

КӨНЕ ДӘУІР ДРАМАТУРГИЯСЫНДАҒЫ КОМЕДИЯ МЕН ТРАГЕДИЯ

Еврипид - дүниежүзіндегі ұлы драматургтердің бірі. Ол біздің эрамызға дейінгі 480 жылы Саламин аралында дүниеге келген деген мәлімет бар. Ал Тарос хроникасындағы мәліметтерге көңіл қойсақ, ол біздің эрамызға дейінгі 484 жылы туған.

Аристофанның “Фесмосфорий мейрамындағы әйелдер” комедиясында Еврипидтің әкесі Мнесарх (Мнесархид) жай дүкенші де, ал шешесі Клито жеміс-жидек сатушы болған делінген. Кейбір деректерге жүгінсек, Еврипид - атақты рудан шыққан адам және Аполлонның Зостерия шіркеуінде қызмет еткен. Бұл мәліметтер шындыққа жақын, себебі Еврипид өз заманына сай жақсы, сапалы білім алған және атақты философ Анаксагор мен софист Протогормен дос болып, солардан білім нәрімен сусындаған. Бұл туралы рим жазушысы Авл Геллийдің “Аттика түндері” еңбегінде аталып өтіледі.

Біздің эрамызға дейінгі 408 жылы Еврипид Архелай патшаның шақыруымен Македонияға көшіп барады, 406 жылдың басында сол жерде көз жұмады. Ақын өмірі сияқты оның өлімі де қарама-қайшылыққа толы. Бір жерде оны иттер талап өлтірген десе, енді бір жерде оның әйелдер қолынан қаза тапқандығы туралы айтылады.

Соңғысы, Аристофан комедиясының әсерінен тууы әбден мүмкін.

Еврипидтің шығармашылық жолы Афина полисінің гүлденген кезінде басталады да, көп бөлігі осы құлиеленушілік қоғамда өмір сүріп отырған мемлекеттің құлдырау кезеңінде өтеді. Ол 431 жылдан 404 жылға дейін созылған Пелопоннес соғысының куәгері еді. Бұл жаулап алу соғысы еді. Бір жағында Афина болса, екінші жақта Спарта тұрды. Бірақ бұл екі полистің саяси позициясы екі түрлі: Афина - демократиялық құлиеленушілік мемлекет, соғыс кезінде жаулап алынған облыстарға құлиеленушілік принциптерді енгізсе, Спарта болса, бар жерде олигархияны енгізуге тырысты.

Еврипид замандастары Эсхил мен Софоклға қарағанда ешқандай мемлекеттік лауазымды қызмет атқармаған. Ол өзінің шығармашылығымен еліне, Отанына қызмет еткен. Ол 90-нан астам трагедия жазған. Өкінішке орай, олардың бізге 17-сі ғана жеткен. Бұлардан басқа оның “Киклоп” атты сатиралық драмасы да қолымызға тиген.

Оның трагедияларының нақты қойылған уақыттарын біз тек шамалай ғана аламыз. Олардың хроникалық тізімі келесідей: “Алкеста”- б.д.д. 438 жыл, “Медея”- б.д.д. 431 жыл, “Ипполит”- б.д.д. 428 жыл, “Тераклиттер”-шамамен б.д.д. 427 жыл, “Теракл”, “Текуба”, “Андромаха”- б.д.д. 423-421 жыл, “Ион”, “Елена”- б.д.д. 412 жыл, “Орест”- б.д.д. 408 жыл.

“Вакханкалар” және “Авлидтағы Ифигения” қойылымдары Еврипид қайтыс болғаннан кейін қойылған.

Еврипид өзінің көзқарастары жағынан грек натурфилософтары мен софистерінің мифологияға айтқан сын көзқарастарына жақын. Ол «бірінші ортақ бөлінбеген масса болған, одан кейін ол аспан мен жерге бөлінгенін және сол кезде өсімдіктер, жануарлар және адамдар пайда

болған»,- деп есептейді.

Еврипид құдайларды жағымсыз, ұнамсыз етіп бейнелеген. Мысалы, “Геракл” трагедиясында Зевсті қатыгез жан ретінде сипаттаса, әйелі Гераны кекшіл әйел етіп бейнелейді. Құдайларды бейнелей келіп, Еврипид бұл құдайлар бейнесі көптеген ақындардың қиялынан туған образдар деген ойын білдіреді.

Еврипид өз полисінің патриоты болған. Көптеген шығармаларында ол өз халқын жәбір көрушілердің және кішкене, әлсіз мемлекеттердің қорғаушысы деп көрсетеді. Мысалы, ол мифке сүйене отырып, осы идеясын “Гераклидтер” трагедиясына арқау еткен. Онда Микен патшасы Эврисфей туған қалаларынан қуып жіберген Геракл балаларына Микен полисінің әскери күшінен қорыққан ешбір мемлекет жәрдемдеспейді, ешқайсысы оларға араша түспейді. Тек қана Афина патшасы Демофонт Эврисфей әскерін жеңіп, Гераклидтерге олардың туған қалаларын өздеріне қайтып береді. Трагедия соңында хор Афина полисінің даңқына мақтау айтады. Афина жері әрқашан бақытсыз жандар мен шындық үшін күреседі деп хор корифейі трагедияның негізгі айтайын деген ойын бір сөзбен қорытып шығады. Ол демократиялық Афинаның олигархиялық Спартадан басымдырақ екенін көрсетіп отырған. Оның антиспартандық тенденциялы трагедияларына өзінің жаулап алу соғыстарына деген көзқарастарын білдіретін трагедиялары жақын. Бұндай шығармаларына шамамен б.д.д. 423 жылы қойылған “Гекуба” мен б.д.д. 415 жылы қойылған “Троянкалар” трагедияларын жатқызуға болады.

“Гекуба” трагедиясында Троя қаласын алғанда тұтқынға түскен Приам отбасының қайғы-қасіреті суреттеледі. Гекубаның қызы Поликсенаны соғыста мерт болған Ахиллдің құрметіне құрбандыққа шалып,

ал жалғыз ұлы Полидор фракия патшасының қолынан қаза табады. Гекуба Одиссейден қызын аман алып қалу үшін көмек сұрайды. Бірақ Одиссей ешқандай көмек көрсетпейді. Еврипид Поликсенаны өте тәкаппар, өжет қыз ғып бейнелейді. Ол жеңімпаз гректер алдында басын имей, өлімге бел байлайды.

Адам жанын жетік білген Еврипид өлімге бара жатқан тәкаппар Поликсена өмірінің соңғы сағаттарын, оның аянышты халін көз алдымызға елестете көрсетеді. Енді ғана гүлденіп келе жатқан өмірді қию қиын, Поликсена шешесінің құшағында жатып, Агамемнон қолына түскен сіңлісі Кассандраға, бауыры Полидорға сәлем жолдайды. Поликсена қаһарман батырлар сияқты өледі.

“Гекуба” трагедиясы - өзінің көңіл-күйі жағынан пессимистік трагедия. Ақын адам өмірінің қиын екендігіне және барлық жерде әділетсіздік пен зорлық-зомбылық билік етеді дей келе, бұл өмір заңы деген қорытындыға келеді.

Көптеген трагедияларында Еврипид отансүйгіштік, патриоттық идеяны алға қойып, туған елі мен жері үшін өмірін қиюға дайын қаһармандарды мадақтайды.

Еврипид трагедияларын екі топқа бөліп қарастыруға болады: оның бірі-трагедия да, екіншісі-элеуметтік-тұрмыстық драмалар. Бұл драмаларда ерлік пен ойлары арқылы аттары шыққан қаһармандар емес, күнделікті өмірімізде кездесетін қарапайым адамдар суреттеледі. Бұл шығармаларға классикалық антика трагедиялары рұқсат етпейтін комедиялық элементтер және аяғы өте жақсы аяқталатын сәтті қорытынды енгізілген. Бұндай шығармаларға мысалы “Алкеста”, “Ион”, “Елена” пьесаларын жатқызуға болады.

“Алкеста” - б.д.д. 438 жылы қойылған, бізге жеткен Еврипид шығармаларының ең көнесі. Шығарманың өн-

бойында Қорқыттың 12 жырының бесінші жыры “Доқа — Қожаұлы ер Домрул туралы” аңызбен ұқсастығын атау орынды. Біріншіден, “Алкеста” драмасының сюжетіне тоқталсақ, драманың негізгі кейіпкері - Фессаллий патшасы Адмет жөнінде айтылады. Оған Аполлонның зор құрметіне бөленгені үшін құдайлар оның орнына біреу өз еркімен өлетін болса, Адметтің өмірін ұзартуға уәде берген еді. Адмет ауруға шалдығып, өлім аузында жатқанда оның туыстары, кәрі ата-анасы оның орнына өлгілері келмейді. Тек бұған оның жас, сұлу әйелі Алкеста ғана келіседі. Еврипид Алкестаның соңғы минуттарындағы балаларымен, күйеуімен қоштасу сәтіндегі көңіл тебіренісі мен ой-толқынысын үлкен шеберлікпен бейнелеп көрсетеді. Алкеста өмірді сүйеді, оған о дүниеге аттану да қиын, бірақ ол сүйікті күйеуі мен балаларының тағдырын ойлайды да, өлімге бел буады.

Алкестаның күйеуі Адмет - қаһарман емес, кәдімгі қайырымды адам. Ол - әйелі мен балаларын сүйетін үйлі-күйлі, қонақжай адам. Адметтің бір кемшілігі: бәрінен де өзін жақсы көретін өзімшілдігі. Адмет әйелінің құрбандығын алғаны үшін өзін қарғыстайды, бірақ Алкестаның орнына өліп, ерлік жасау қолынан келмейді. Трагедиядан комедияға бір қадам деген ойды дәлелдейтін бір сцена бар. Ол Адметтің әкесі Ферет өлген Алкестаның бетін жапқышпен жабуға келгенде, Адметтің әкесін кінәлап айтқан сөздері күлкі тудырады. Себебі, Адмет әкесінің өзімшілдігін бетіне басуына құқы жоқ еді, өйткені ол өзі де әйелінің арқасында өмір сүріп қалды.

Гераклды драматург достықты бағалай білетін мейірімді, жақсы адам етіп көрсетеді. Фракияға сапар шегіп бара жатқан досын қапаландырмау үшін Адмет қонаққа келген Гераклды жеке бөлмеге апарып, сый-құрмет көрсетеді. Алкестаның өлімі туралы естіген

Геракл досының бақыты үшін Аид патшалығына түсіп, Алкестаны өлім аузынан аман сақтап қалады.

Мұндағы Адметтің образы - Доқа – Қожаұлы ер Домрул. Немат Келімбетовтің “Ежелгі дәуір әдебиеті” атты еңбегінде оны былай деп бейнелейді: “Бұл жырдың сан ғасырлар бойы халық арасында аңыз болып, ауызша тарап кеткен түрі мен “Қорқыт ата кітабына” енген жазбаша нұсқасының бір-бірінен принциптік айырмасы бар.

Домрул жөніндегі халық аңызы – түгелдей дерлік ислам дініне қарсы айтылған жыр. Бұл жырдың исламға дейінгі дәуірде айтылған мотиві шығарманың сюжетінен-ақ айқын көрінеді.

Домрул деген алып батыр аң аулап, өзен жағасында жүреді екен. Бір күні сол маңайға бір ауыл келіп қонады. Көп ұзамай солардан бір сұлу жігіт қайтыс болады. Бүкіл ел азан-қазан болып жылайды. Жас жігіттің қыршын кеткеніне Домрул қатты ашуланады. Ол ызаланып елден: - Оны өлтірген кім? – деп сұрайды.

Ел айтады: - «Тәңірінің бұйрығымен өлді, оның жанын алған - қызыл қанатты Әзірейіл», – дейді.

Қаһарына мінген ер Домрул бостан-бос кісінің жанын алатын Әзірейілмен соғысып, жас жігіттің жанын өзіне қайтарып бермек болады. Сонда Тәңірі Әзірейілге: “Домрулдың өз жанын алып кел” деп бұйырады. Әзірейіл іздеп үйіне келеді. Домрул қылышын қынабынан шығарады. Сол сәтте Әзірейіл көгершінге айналып ұшып кетеді”- деп суреттеледі [1, 77-78 бб.].

Бұл мотив “Алкестида” да бар. Мұндағы ажалмен күресетін батыр -Геракл. Ол Адметтің үйіне қонақ болып келіп жатқан тұста, бір құлдан Адмет үшін Алкеста жанын бергенін біліп, Аид патшалығына барып, жан алғыш Әзірейілмен жекпе-жекке шығып, Алкестаны өлімнен

алып қалады. Ал Қорқыттың ажалмен күресудегі басты мотивтерінің бірі осы жырдан көрінеді.

Ал, енді бұл жырдың “Қорқыт ата кітабына” енген жазбаша нұсқасында Домрул Әзірейілден қорқып, құдайдан кешірім сұрайды. Өзі тірі қалу үшін қартайған әке-шешесінің жанын Әзірейілге әперуге келіседі. Бірақ қартайса да әке-шешесі баласы үшін өлгісі келмейді. Сонда Домрул әйелімен қоштасып шықпақ болады. Әйелі күйеуі үшін өз жанын беруге келіседі. Бірақ Әзірейіл әйелдің күйеуіне соншалықты адал берілгенін біліп, оның жанын алмайды. Өлгісі келмеген әке-шешесінің жанын алып жазалайды. Домрул сүйікті әйелімен бір жүз қырық жыл ғұмыр кешіпті.

Мұнда ерлі-зайыпты адамдардың бір-біріне деген адалдығы, шын берілгендігі, мөлдір махаббаты туралы жырланған.

Еврипид шығармаларының ішінде “Алкестида” туралы пікір білдірген Н.А.Чистякова мен Н.В.Вулих “История античной литературы” атты еңбегінде: “Первая по времени из сохранившихся драм Еврипида – “Алкестида”, поставленная в 438 г. и вместо сатирической драмы заключающая драматическую тетралогию...”

В этом древнем мифе соединены два тесно переплетенных между собой фольклорных мотива: первый – о жене, умирающей за мужа, и второй – о поединке богатыря со смертью. Еще до Еврипида этот миф уже был использован драматургами. Так, один из них, современник Эсхила Фриних изобразил Алкестиду умирающей на свадебном пире. У Еврипида Алkestида – жена и мать. Она счастлива в браке и всем сердцем привязана к мужу, детям и к своему дому. Поэтому столь тягостно для нее расставание с жизнью и мучительно трудна ее добровольная жертва. Обаятельный образ

Алкестида дополнен рассказом служанки о прощаний
царицы со слугами:

...И сколько нас

В адметовом чертоге, каждый плакал,

Царицу провожая. А она

Нам каждому протягивала руку;

Последнего поденщика приветом

Не обошла, прощаясь, и словом

Внимала каждого...

Для Еврипида и его зрителей не существовал вопрос о нравственных качествах Адмета, принявшего такую жертву от жены. Персонажи античной трагедии всегда ограничены сюжетами мифов. В мифе и сказке был мотив самопожертвования. Еврипид перенес его в свою драму и сосредоточил все внимание на человеке и его чувствах. Он показал переживания Алкестиды и страдания Адмета, раскрыв такую полноту человеческих чувств, которая до него была неизвестна в античной драматургии. Мифологический сюжет при всей его условности не помешал поэту изобразить жизненную бытовую драму” [2, 141-142 бб.].

Яғни, “Алкестида” драмасындағы Адмет карапайым, жуас, тағдырға мойынұсынған адам ретінде көрінсе, оның досы Геракл бір-біріне шын берілген адамдар үшін Аид патшалығына түсіп, жан алғыш Әзірейілмен күресуге даяр. Қорқыттағы Домрул да батыл. Ол еш нәрседен тайынбастан жан алғыш Әзірейілмен жекпе-жекке шығады. Бірақ жеңіліске ұшырайды. Тәңірден қорыққандықтан оған өмір сыйға тартылады. Адмет те Аполлонды қадір тұтқандықтан өмір сүруге рұқсат алады. Бірақ екі персонажға ортақ талап - өз өмірлерін сақтап қалу үшін қартайған әке-шешелерінің ғұмырын қию болып табылады. Жаны тәтті әке-шешелері баласы

үшін өмірлерін қимағанына, Домрулдың да, Адметтің де адал жарлары өз сүйіктілеріне бола өлуге даяр.

Екі сюжетте де әке-шешелері шейіт болып, екі негізгі кейіпкерлердің сүйіктілері аман-есен қалып, бақытты ғұмыр кешеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті: Оқулық. - Алматы. 1991, 77-78 б.
2. Н.А.Чистякова, Н.В.Вулих. “История античной литературы”. - Москва: “Высшая школа”. 1972, 141-142-с.
3. А.Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. - Алматы, “Атамұра”. 2003, 14-б.



Ақылдылық пен ақымақтық

ТҮЛКІНІ АЛДАҒАН ҚАЗ

Түлкі жайылып жүрген бір қазды ұстап алады. Мұны біраз азаптайын, мазақтайын деп қазды алдыңғы екі аяғымен басып тұрып, мұртынан күліп:

- Е, қаз, сенің қолыңа мен түссем, сен не қылар едің? - депті. Қаз сәл ойланып тұрып:

- Не қылар едім: сені тісіммен тістеп тұрып, екі аяғымды кеудеме қойып, көзімді жұмып: «Құдай, бергеніңе шүкір», - дер едім де жеп қояр едім, - дейді.

- Мынауың дұрыс екен. Мен де сенің өзің айтқандай қылып жейін, - дейді де, қазды тістеп, алдыңғы екі аяғын қолша қусырып, көзін жұмып:

- Е, құдай! - деп, жеймін дегенде, қаз қанатын қағып-қағып, қаңқылдап ұшып кете барады. Түлкі аузын ашып, шоңқиып қала берді.

(Тымпи. А., «Жалын», 1981 жыл, 97-бет.)

**Жанат МҰХАМАДИЕВА,
Өскемен қаласындағы
дарынды балаларға арналған
мамандандырылған
№34 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.**

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕГІ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ ЖАҚЫНДЫҚ

Әр оқушының жеке қабілеті мен ерекшелігін және жаңа ақпараттық қарым-қатынас технологиясын есепке ала отырып тұжырымдалатын дифференциалды жақындықты қазақ тілін оқытуда қолдану – қазақша сөйлеу дағдысының дамуы мен қалыптасуына елеулі әсер ететін амалдардың бірі болып табылады. Осындай технологиялардың қолайлылығын іс-тәжірибемізден көруге болады.

Дифференциалды жақындық мынадай шарттар арқылы қазақ тілінің тәрбиелік және дамытушылық қорын айқындай түседі:

- Оқушы – оқу ісінің объектісі емес, субъектісі болғанда, яғни, белсенді бастамашысы, іскері және бақылаушысы;
- Оқушының жасы өскен сайын оларға маңызды деген оқу мақсаты да өздігінен алға жылжып отырғанда;
- Оқушы сабақта мұғалімдермен қарым-қатынасқа түскенде;
- Оқулық тапсырмалары адам іскерлігінің әр түрлі аспектілерін үлгілегенде;
- Оқу іскерлігі еңбек іскерлігінің дайындық кезеңі болғанда.

Дифференциалды жақындықта мыналарды да есте ұстаған дұрыс:

- Оқушы жасы;
- Оқытылып жатқан қазақ тілінің деңгейі;
- Тілді оқытудың ынталандыру деңгейі;
- Оқытудың жеке мақсаты (күнделікті қарым-қатынаста және әр түрлі тақырыптағы пікірталастарда ауызекі сөйлеу тіліне немесе грамматикаға деген талпыныс);
- Оқу уақыты (көбінесе осыменен оқушының физикалық жағдайы анықталады);
- Оқушының мінезі мен қызығушылығы (футбол, музыка, әдебиет, т.б.).

Оқушының білімге деген іскерлік қарым-қатынасын, оқу еңбегінде жүйелілік пен тұрақтылығын, үздіксіз білім беруді қамтамасыз ететін жеке белсенділігін қалыптастыру – дифференциалды жақындықтың басты мақсаты болып табылады.

Қазақ тілін оқыту алуан түрлі ақпараттар жинағымен байланысты. Қазіргі кезде оқушылар оқу құралдары мен құжаттарының топтамасымен, сөздіктерді, дыбыс жазғыш және телевизиялық аппараттарды қолданумен қатар, компьютермен жұмыс істейді. Бұл ақпараттарды меңгеруге зор мүмкіндік туғызады.

Қазақ тілін оқыту балалар мен жеткіншектердің өзара жеке қарым-қатынастарына мүмкіндік туғызады, өзара жеке қатынас арқылы олар бір уақытта мәдени әрі әдепті құндылықтармен танысады, өмірдегі өздерінің орындары туралы айтады, арман, тілектері жайында ойлайды. Осылайша жеткіншек жастың жетекші іскерлігі – әлеуметтік көзқарасқа, яғни, өзіндік пікір қабылдауға дайындалады. Ең бастысы – оқушыларды қарым-қатынас жағдаяттарынан, баспасөзден, өнер туындыларынан, арнайы әдебиеттерден хабардар болып отыруға үйрету.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың жеке оқу қабілеттеріне байланысты қолданылатын өзіндік шарттар бар. Оқу деңгейі төмен оқушылар мазмұндау мен алдын-ала жаттап алу тапсырмаларын қалайды, ал орта деңгейдегілер оқылғандарды өз беттерінше айтуды жөн көреді. Жеткілікті дәрежедегілер берілген тапсырмаларды құлшыныспен орындайды, өзіндік тапсырмаларды ұнатады, ал, жоғары деңгейлі балалар жұмыстың қалыпты түрімен келіспейді, өз пікірін ұсынады, шығармашылық жұмыстарды қалайды.

Дифференциалды жақындықты – оқытудағы жаңа әдіс деп айтуға болмайды, сөйте тұра оның ашылмаған жақтары да жеткілікті. Әр мұғалімде осы мәселелер қиындық туғызады. Басты мәселе – қазақ тілін оқытуда оқушымен жеке және топтық жұмыстарда қолайлы сәйкестік табылмауында. Басқа қиындықтар әр баланың қабілетінің дамуына бағытталған оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін және осы негіздегі мұғалімнің іскерлігін анықтаумен байланысты.

Оқушылардың дайындықтарының әр деңгейлілігі айтпаса да белгілі дәйек болып табылады. Сынып немесе топтағы балалардың үлгерімінің біркелкі еместігін түсіну үшін міндетті түрде әрқайсысының артта қалу себебін табу керек, сондай-ақ, сонымен жұмыс істеу қажет. Бұл себептер әр түрлі: бірі денсаулығына байланысты сабақ босатты, кейбіреуі сабаққа зейін қоймады, енді бірі мұғалімнің айтқанын түсінбеді, т.б.

Қазақ тілін оқуға деген оқушылардың қабілеттілігі біркелкі емес, бірі жеңіл қабылдаса, енді біріне ауыр тиеді. Бірі есте сақтау қабілетімен лексиканы жақсы меңгереді, кейбірінің естіп, қабылдау қасиеттері дамыған, сондықтан олар аудирования арқылы тапсырманы сәтті орындайды.

Оқушыларды қызығушылық пен икемділікке бейімдеу – қазақ тілін оқытудағы дифференциалды жақындыққа шығудағы сәтті қадам.

Кейбір оқушыларға қазақтың бір әншісі немесе музыкалық ансамбль туралы қазақша мәлімет жинап, олардың әндерінің мазмұнын орыс тілінде жеткіздіртіп, сондай-ақ, оны қазақ тілінде орындату жұмысын тапсыруға болады. Өзін-өзі тануға ұмтылатын жоғарғы сыныптар үшін қызықты психологиялық тесттер де ортақ қызығушылықтарын туғызады.

Өз ойын түсінікті түрде жеткізу басқа тілді балаларға қиынырақ тиетіні сөзсіз. Қазақ тілі сабақтарындағы негізгі тілдік іскерліктер көбінесе айтушыға шынайы қатысы жоқ жаттығу жұмыстарын орындаумен, сұрақтарға жауаппен көрінеді. Ал, тілдік қатынастар оқушылардың айтқандарын біреуге арнала мотивтендірілген, жеке тұлғалық түрде болуы керек. Егер оқушы өз сезімін, көңіл-күйін айтылымда сездіре алатын болса, біртіндеп тілдік іскерліктің қалыптасу дәрежесі де көтеріледі.

Мұғалім оқушының жас ерекшелігіне шынайы көңіл бөліп отыруы керек. Оқушылар мәселелерді (әсіресе, құлықтық) тануға, оларды шешуге, қызықтыратын сұраққа жауап іздеу, құбылыстарға деген көзқарасын айтуға ұмтылатыны мәлім. Олай болса, қарым-қатынас мотивтерін іздестіру керек болады. Бұл үшін екі мүмкіндік бар, оның бірі оқулық материалының мазмұнында ашылады, ал, екіншісі – қатынасты мотивтендіретін тапсырмаларды тұжырымдау.

Қазақ тілін тәжірибелі меңгеру оқушылардан сөздік қорының үнемі толығып отыруын, грамматикалық формалармен құрылымдар жаттығу жұмыстарын орындаудағы оқылып жатқан тілдің идиомаларын және қатынастық іскерліктің мына этаптарының іске асуын талап етеді:

- Сұрақтарды түсіну және оған жауап бере білу;
- Әңгімелесушілерге сұрақ қою немесе бір нәрсе жайында хабарлау;
- Мәтінді оқып, одан маңызды – мазмұндық ақпаратты

(факт, ойлар) талдап алу және ол туралы өз ойын білдіру;

- Оқулық материалдарын жетік меңгеруде оқуды жетілдіріп, дамыту үшін жазуды пайдалану.

Қазақ тілін тәжірибелі меңгеру оқушылардың күші мен ұмтылыстарының зая кетуіне себеп болатын қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Бұл жеке тұлғаның қалыптасуына әсерін тигізеді. Оқушылардың еңбектенуге құлшынысы олардың пәнге деген қызығушылығынан, ғылымы мен техникасы жоғары дамыған қоғамда білімді адам үшін қазақ тілінің қажеттілігін сезінуінен байқалады. Пәнге деген қызығушылық бірнеше факторлармен пайда болады. Мысалы, біздің еліміздің басқа мемлекеттермен мәдени байланыстарының кеңеюі (музыка, әдебиет, сурет өнері) мәдени құндылықтармен алмасуды дамытады. Жастар үшін қазақ авторларының әндері, спорттық жарыстар, фестивальдар, олимпиадалар қызықтырады. Көптеген ақпарат құралдары (теледидар, баспа және интернет) қазақ тіліне деген қызығушылықты туғызып, дамытатын бастауларды қолдануға мүмкіндіктерді көбейтеді. Оқушылардың қазақ тілінде газет-жұрналдар оқуы қазақ тілі білімдерін тәжірибелік мақсатта қолдануларына мүмкіндік береді.

Оқушылардың еңбек нәтижесінде еңбектенуге құлшынысынан басқа да мынадай маңызды факторлар әсер етеді:

- Мұғалім қолданатын әдіс-тәсілдер әсерлі де тиімді болған сайын, тілді меңгеруде оқушының алға жылжуы басым болады;

- Бұл әдіс-тәсілдер оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталған және қазіргі кездегі мектептің талаптарына сай болғанда;

- Сабақ уақытында оқу материалын меңгеруде оқушының белсенділігін танытуы;

- Оқытуды ұйымдастыруда оқушының қызығушылығы мен жеке бағыттылық мүмкіндіктері үшін де маңызды екенін есепке алу;

- Орындалатын тапсырмаларды шешуде оқушы тарапынан шығармашылық қатынасты қаншалықты талап етеді, сондай-ақ, олар тілді сөйлесу құралы ретінде қаншалықты қолданады.

Қазақ тілін үйренуде еңбектене білу – шеберлік. Ол тілдің әр түрлі аспектілерімен жұмыс істеу дағдысын және тілдік іскерліктің түрлерін есепке алады. Оқушы лексикалық дағдыларын қалыптастыруға, мәтінді оқуда лексикалық анықтамалармен және сөздіктермен, грамматикалық анықтамалар мен грамматикалық құралдармен жұмыс істеуге үйренетін әдістерін игеруі тиіс.

Мұғалім қазақ тілін оқытуда оқушыларға өз ойын жеткізуде, сөйлесуде үйретіліп отырған тілдің тілдік құралдарын дұрыс, пайымдылықпен, орынды түрде қолдануды үйрету керек. Қазақ тілін үйренуге кеткен еңбек нәтижесіне, яғни, қазақ тілін сөйлеу кезінде, оқығанда қолдана алатындай жетістікке қанағаттану оқудағы мотивацияның жоғарылауына әсерін тигізеді. Сондай-ақ, бұған оқушының оқу материалын қаншалықты меңгергенін тексеру де әсер етіп отырады. Оны тест, бақылау жұмыстары арқылы бақылап отыру міндетті.

Қазақ тілін оқытудағы айтылып отырған әдісті қарастыра келе, дифференциалды жақындық – оқыту үрдісінің маңызды құрамды бөлігі болып табылатынына көзіміз жетті. Себебі, бұл әдісте оқушының ынсабы ескерілетіндіктен, білім деңгейі жоғары оқушымен де, төмен оқушымен де жеке бағыттылық жұмыс істеуде қиыншылықтар кездесе бермейді.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЖОҒАРЫ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ДАМУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Оқыту әдістері – оқытушы мен тіл үйренушінің оқу-тәрбие жұмысының міндеттерін ойдағыдай шешуге бағытталған іс-әрекет. Оқу әдісі – оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру, қабілетін дамыту, оларға білім, білік, дағдыны меңгерту жолындағы мұғалім мен оқушылардың өзара бірліктегі атқаратын жұмыстарының тәсілі.

Жаңа технологияның өріс алуына орай оқыту үрдісінде «интерактивті әдістер», «интерактивті оқыту» терминдерімен жиі кездесеміз. «Интерактив» сөзі ағылшын тілінен енген. Ол «өзара әрекет жасау» деген мағынаны білдіреді. Интерактивті әдістердің мәні – оқытушының басшылығымен оқушылардың бір-бірімен өзара белсенді байланыста отырып оқу-танымдық нәтижеге жетуі.

Мұғалім көбінесе оқу үрдісін ұйымдастырушы, топ басшысы, оқушылардың ынта-ықыласын белсендіруші қалпында көрінеді. Тіл үйренушілер ашық түрде белгілі бір мәселелерді талдауға, өз ойын ортаға салуға, қарама-қайшы пікірлерді салыстыруға, пікірталасқа түсуге машықтанады.

Коммуникативтік қарым-қатынас жоғары белсенділікті дамыту әдісіне екпін жасайды, себебі жоғары белсенділікті дамыту әдісі белгілі бір проблемалық сөйлеу жағдаятында

маңызды мәселенің мағынасын ашу үшін, түйін жасау үшін әр түрлі сөйлем құрамында (контексте) тілді қолдана алады. Ал тілді үйретудің ең алғашқы кезеңінде-ақ үйренушілерді (шағын топтар) интерактивтік жағдайға қарай бұру керек. Жоғары белсенді қатысым арқылы үйренушілер өзінің бар білімін дамытады, сөздік қорын толықтырады. Айта кететін нәрсе, жоғары белсенділікті дамыту әдісін кез келген аудиторияда қолдана беруге болмайды. Жоғары белсенділікті дамыту үшін үйренушілердің психикалық ерекшеліктері, тілге деген сұранысы ескеріледі. Сонымен жоғары белсенділікті дамыту бойынша өзара қарым-қатынас, сезім, идея, пікір алмасу, бір-біріне деген сыйластық сезімнен туған нәтиже – өзара қарым-қатынас арқылы білімі кеңейеді. Бұл негізінде олар белгілі бір материалды тыңдайды не оқиды және ондағы мәселелерді шешу жолында бір-бірімен сөз сайысына түсіп, сұхбаттасады. Мұндай жағдайда оқушылар бір-бірін тыңдап, қарым-қатынаста өздерінің барлық білетін білімін әңгіме тақырыбына қолданады.

Сөз сайысын жүргізу әдісі.

1. Мұғалім сөз сайысын тудыратын тақырыпқа оқушыларды бағыттайды:

- Бейнетаспадан кімдердің фотосуреттерін көрдіңдер?
- «Ұлылар елі» деп неге атадыңдар?

Сұраққа жауап беру нәтижесінде оқушылар өздері сабақтың тақырыбын анықтайды.

1. Сабақтың келесі кезеңінде «ой қозғалыс дауылына» қатысты тапсырмалар беріледі:

- Белсенді сөз қорын қайтала;
- Мәтіннен үш ой жүйесін тауып оқы;
- Сұрақ құрастыр.

Осы тапсырмаларды орындау барысында «топ көсемі» жетекшілігімен оқушылар «Жетісу неге «Ұлылардың елі?» деген сұраққа жауап бере келе, грамматиканы естеріне

түсіріп отырды. Осыған қатысты сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін анықтайды:

1. Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерін анықта;
2. Сөз тіркестерін ажырат.

Бұл тапсырмалардың ұтымды жағы – лексикалық, грамматикалық дағдыны бойына сіңіреді, яғни, бір үйренушінің білмейтін лексикалық-грамматикалық минимумын екінші үйренуші толықтырады, олар бір-бірін қайталайды. Бұл жерде мұғалім – бақылаушы ретінде танылады. Оқыту үрдісінде оқытушы белсенділігінің орнына оқушы белсенділігі артуы тиіс, ал оқытушының мақсаты – үйренушілердің қабілеттерінің шыңдалуына жағдай жасау.

Қазіргі таңда интерактивті әдістердің тиімділігін төмендегідей тұжырымдайды:

- Ойындар оқушыларды инновациялық іс-әрекетке жетелейді, өзін-өзі тануына түрткі жасайды;
- Жеке тұлғалық қасиеттерін дамытады;
- Өзін-өзі басқара білуі, өз бетімен алдағы мақсатқа жетуіне көмектеседі;
- Алғырлық, тапқырлық, шапшаңдық қасиеттерін дамытады;
- Білімін тереңдетеді, толықтырады;
- Сөздік қорларын байытады, әсіресе, ауызекі тілдерін жетілдіреді.

Жеке тұлғаны оқыту барысында қолданылатын интерактивті әдістің бірі – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сабақта қолданылған бейнеролик – 8-сынып оқушыларының шығармашылық жұмысы. Алдын ала берілген үй тапсырмасын орындау үшін оқушылар интернеттен алынған материалдар бойынша жоба құрастырып, жүйелі түрде жұмысын жүргізе білді. Бейнесюжеттің құрамына енген мәтінді таңдау, тұжырымдау, дыбыстау барысында оқушылар өз білімдерін толықтырды.

Сабақта жоғары белсенділікті дамыту әдісін пайдалануда төмендегідей шарттар орындалуы тиіс:

- Ең алдымен, сабақтың мақсатын айқындау. Оқытушы оқушылар тобына орындалатын жұмыстарының мақсатын, ережесін түсіндіреді.

Сабақтың ұйымдастыру кезеңінде оқушылар өздерінің ұрандарын хормен айтады. Екіншіден, тіл үйренушілердің білім деңгейін ескерген жөн. Сабақта әр оқушы деңгейлік тапсырмалар арқылы өз мүмкіндігіне қарай білімдерін көрсетті. Қатысымдық қарым-қатынас – интерактивті әдістің негізі бола отырып, тіл үйренуші сөйлеу жағдаятына байланысты белгілі бір мәселені шешуге, өз пікірін айтуға үйретеді. Ал бұның өзі оқушылардың сөздік қорларын байытып, білімін дамытады. Сабақтың соңғы кезеңінде оқушылар жағдаят шешуге тырысады. Тақырыпқа байланысты тілдік материалдың көлемі анықталған соң, оқушылар лексикалық, грамматикалық материалды іріктеп, сөйлесім үлгілерін белгілі бір шеңберде берді. Жағдаят туғызудағы негізгі мақсат – әр түрлі тіл үйренушілердің ойлау қабілеттеріне бағытталады, жағдаят арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығы артып, білім мен дағды саналы және берік қалыптасады. Жоғары белсенділікті дамыту әдісі бойынша бағалау күрделі болып шығады. Бұрынғы әдістемелер бойынша үйренушінің білімін бағалау – мұғалімнің субъективті пікіріне сәйкес болуы мүмкін. Ал интерактивтік әдісте әрбір топ бір-біріне баға береді. Сабақта әр топқа «Бағалау парағы» таратылады. Топ жетекшілері тапсырмалардың орындалуына қарай парақты толтырып отырды. Сабақтың соңында оқушылар өздері бірін-бірі бағалайды.

Сонымен, жоғары белсенділікті дамыту әдістемесінің негізгі принциптері мыналар:

1. Өзінен-өзі пайда болатын ұстаным (автоматизация).

Негізгі идеясы – грамматикаға көп көңіл бөлінбей, негізінен тақырыптың мағынасы мен мазмұнына көбірек көңіл аударылады.

2. Ішкі сезім уәждемесі. Негізгі идеясы – үйренушілер өзара әңгіме құрғанда өздерін еркін сезінеді, сондықтан олардың «тілді білемін» деген ішкі сезім және мақтанышы пайда болады.

3. Стратегиялық қуаттылық. Үйренуші кейде оқу материалын, тақырып мазмұнын түсінбеуі мүмкін, сондықтан жоғарғы белсенділік тәуекелшілдікке жол береді.

4. Аралық тіл. (Өзінің ана тілімен салыстыру).

5. Жоғары белсенділіктегі мұғалімнің рөлі: бақылаушы, жетекші, ұйымдастырушы, қиындықты жеңілдетуші, білімнің сарқылмас қоры.



Күлбарам ҚАЙМАҚОВА,
Қарағанды облысының
Осакаров ауданындағы
Садовое ауылының
№16 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ТІЛ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ

Орыс тілді мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің мақсаты – мұғалімдерді қазақ тілін оқытудың ғылыми негізімен қаруландыру, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың өзіндік ерекшелігін меңгерту, қазақ тілін орыс мектебінде оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері, тиімді

қолдарымен таныстыру, қазақша сөйлеуге дағдыландыруда қолдана білуге бейімдеу, бағыттау.

Қазақ тілінің дыбыстық құрамын, оқытудың әдістемесін меңгерген болашақ мұғалім мектепте оқушыларды сөздерді дұрыс айтуға үйрете алады. Ал тілдің грамматикалық құрылысын, тілдің сөздік қорын меңгертудің әдіс-тәсілдерін үйрету арқылы қазақша сөйлеуге, қарым-қатынас жасауға үйретеді. Өйткені оқушы өз ойын басқаға сөйлем арқылы жеткізеді. Сөйлем құрау үшін сөздерді байланыстыратын тілдік тұлғаларды білу керек. Мұның бәрі - тілдің грамматикалық құрылысының мәселелері, оларды меңгертудің әдіс-тәсілдерін үйрету керек. Осы тәсілдер арқылы ғана тілдің грамматикалық тұлғаларын дұрыс қолдану дағдысын оқушыда қалыптастыруға болады. Бірақ қазақша сөйлеу үшін ол жеткіліксіз. Оқушыға белгілі шамада сөздік қорды меңгерту керек.

Қазақ тілін оқыту тәсілдері мен әдістері, амалдары мен жолдары тілді оқыту әдістемесінде тілдік материалдарға қарай, тіл салаларына қарай белгіленеді.

Қазақ тілінің дыбыстық құрамын оқытпай, тілді үйрету мүмкін емес. Қазақ тілінің дыбыстық құрамын оқытқанда, дыбыстарды оқушыға білгізумен бірге, ол дыбыстардың айтылуы да, жазылуы да үйретіледі. Ал ол - фонетика, емле, орфоэпия салаларының жүйесінен оқушыға білім беру деген сөз. Бірақ ол білім оқушыда қазақ сөздерін дұрыс оқу, айту, дұрыс жазуға дағдыландыру мақсатына бағытталады. Әсіресе, қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігі бар дыбыстардың айтылуына ерекше мән беріледі. Өйткені олар - орыс тілінде жоқ дыбыстар, олардың айтылуын оқушыда дұрыс қалыптастыру тілге үйретудің негізгі міндеттерінің біріне жатады. Осы мақсатқа жету үшін, қазақ тілінің дыбыстық құрамын өткенде, лингофон аппаратын қолданған өте пайдалы. Сонымен бірге дұрыс тыңдай білуге,

дыбыстардың айтылу ерекшелігін аңғаруға, оны дұрыс айта білуге жаттықтыру өте қажет. Дыбыстарды дұрыс айтуы үлгі бола алады. Сондықтан мұнда кестелер, емле сөздіктері, көртішкелер көшіру сияқты жазуға қатысты түрлі тәсілдер орын алады, алайда сөздердің дұрыс айтылуы мен жазылуына оқушыны жаттықтыру тек фонетика саласын өткенде ғана жасалатын жұмыс деуге болмайды. Ол - тілді оқыту бойында үнемі жүргізіліп отыратын жұмыс. Бұл жұмыс тілдің басқа салаларын өту барысында да бірге жүргізіле береді.

Фонетиканы оқыту тәсілдерінің бәрі бұл арада қамтылып отырған жоқ, бұнда әдіс-тәсілдердің тілдің саласына сай қолданылатынын аңғарту мақсаты көзделді.

Кейінгі кезде тілдік тұлғалардың қолданудағы ерекшелігіне көңіл бөлу дамып келеді. Тілдік тұлғаларды тіл жүйесіндегі мағынасы мен сөз құрамындағы орны тұрғысынан ғана зерттеп қоймай, оның қолданыстағы сөз тіркесіндегі, мәтіндегі мағынасы мен қолдану ерекшелігі, оның мағынаға әсері тұрғысынан да зерттеу өріс алып келеді.

Тілдік материалды оқушы тілін дамытуға бағыттауда бұл пайдалы болып саналады.

Тіл білімінің бұл бағытының оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыны қазақша сөйлеуге үйретуге ықпалы болуға тиісті.

Қазақ тілінің салалары бір-бірімен тығыз байланысты, оқытуда ол ескерілуі тиіс.

Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілін үйрету үшін оқушыларға әр сыныпта тілдің белгілі бір шамадағы сөздік қорын меңгерту және сол сөздерді дұрыс айтуға, сауатты жазуға, яғни, ауызекі тілде дұрыс қолдануға дағдыландыру жұмысы тиімді ұйымдастырылуы керек. Ол үшін оқушылар қазақ тілінің грамматикалық құрылысын жақсы меңгеруі керек.

Қазақ тілін оқу, өзге ұлтқа оқыту мәселесі кейінгі кезде

ғана қолға алына бастағандықтан, қазақ тілінен әр сыныпқа қажетті сөзді, грамматикалық материалды сұрыптап алу да, оны қалай оқыту мәселесі де әзір ғылыми негізде зерттеліп анықталмаған. Күні бүгінге дейін бұл мәселелермен байланысты бірде-бір арнайы зерттеу жұмысы жоқ. Ал орыс тілін қазақ (ұлттық) мектептерінде, шетелдіктерге шетел тілін, орыс тілін немесе ұлттық аудиторияда оқыту мәселесі бұрыннан қолға алынып, ғылыми негізі анықталған, талайдан бері жүйелі зерттеу жұмыстар жүргізіліп келеді. Ол жөнінде бірнеше ғылыми-зерттеу институттары да бар. Бұл салада В.М.Чистяков, А.Ш.Шабанов, Н.М.Шанский, В.И.Баранников, А.Ф.Бойцова, Н.З.Бакеева және т.б. сияқты ғалым-әдіскерлер еңбектер жазған. Ұлт мектептеріне, аудиторияларға арналған орыс, шетел тілі оқулықтарының лексикалық материалын анықтау және олардың оқулықта берілу мәселесіне И.А.Грекул, А.М.Ким, Д.Д.Джалалов және басқа да әдіскерлердің еңбектері арналған. Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымында мұндай ірі еңбектер жоқ, жекелеген ғылыми еңбектер ғана бар.

Әрине, әр сабақ сайын тек қана жиі қолданылатын сөздерді алу мүмкін бола бермейді. Сөз таңдау түрлі жағдайларға байланысты. Мысалы, әр сабақта белгілі тілдік материалдар беріліп отырады. Олар сабақта қандай сөздің алынуына өзінше әсер етеді. Мысалы, қазақ тілінің ерекше дыбыстарын өтуге байланысты сол дыбыстар қатысатын сөздерді де жиі қолданылатынын алу керектігі түсінікті, бірақ ол әр уақытта мүмкін бола бермейді. Міне, мұндай жағдай онша жиі қолдана бермейтін сөздердің алынуына әсер етеді. Сонымен қатар, әр сабақта мәтін алынады. Мәтін де тілдік материалға бейімделеді. Бірақ мұнда да мәтіннің, тақырыптың қажетіне қарай кейбір сөздер алынатынын сөзсіз. Тек қана мәтін, тақырып емес, диалог сөздердің де өзіндік қажеті болады. Олай болса, мүмкіндігінше жиі

қолданылатын сөздерді таңдау міндет болып саналады. Шамамен алғанда, сабақта үйретілетін 12-15 сөздің 8-9-ы жиі қолданылатын сөз болуы қажет.

Сөздерді сұрыптауда оның жеңіл-қиындығын ескеру. Сөздерді лексикалық минимум жағынан сұрыптағанда, оның қолданылу жиілігімен қатар жеңіл-қиындық деңгейіне де көңіл бөліну керек. Себебі, жиі қолданылатын сөздердің өзі түрлі-түрлі: біреуінің айтылуы жеңіл, бір-екі дыбыстан тұратын сөз де, екіншісі 4-5 дыбыстан тұратын сөз болуы да мүмкін. Сол себептен өзге тілді оқыту әдістемесінде екі дыбыстан, үш дыбыстан тұратын бір буынды сөздерді үйретуден бастаған дұрыс.

Сөздердің синонимдік қасиетін ескеру. Кез келген тілдің сөздік құрамы синонимсіз болуы мүмкін емес. Ойымызды нақты, әсерлі жеткізу үшін сөйлеу тілімізде бір сөздің бірнеше рет қайталануын болдырмау үшін синонимдер өте қажет. Сондықтан, өзге ұлт үшін қазақ тілінің лексикалық минимумын сұрыптау мәселесін сөз еткенде, сөздің синонимдік қасиеті де ескеріледі, бірақ тек қана синоним сөздерді қамту міндетті емес. Өзге тілді оқыту әдістемесінде тіл үйренушілерге синоним сөздердің барлығын үйрету мүмкін еместігін дәлелдеген. Ғалымдардың айтуынша, өзге тілді үйретуде синонимдік қатардың ең жиі қолданылатын бір-екі сөзін алу жеткілікті.

(жалғасы бар)



Гүлгина АБДРАХМАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
№155 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЕҢ ТАЛАНТТЫ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ ЗЕРТТЕУШІЛЕР





Сабақтың мақсаты: ең талантты және жас дарынды зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету.

Дарынды балаларды оқытудың басты мақсаты - әрбір шәкірттің жеке-дара ерекше қабілеттерін ілгері дамыту, дарындылығы анықталған оқушыны қабілетіне сай шығармашылықпен ойлай алатын азамат етіп қалыптастыруға жағдайлар жасау.

Міндеттері:

- оқушылардың ақыл-ой қабілетін жетілдіру;
- шәкірттердің шығармашылық жеке дарындылығын дамыту;
- оқушыларды қоршаған ортаны аялауға, адамгершілік негіздерін басшылыққа алуға, демократия мен ізгілендіру талаптарына сай болуға баулу;

Дарынды балалардың табиғи ерекшеліктері ескеріліп, олармен жеке-даралық қатынас орнатуда ата-аналардың рөлі өте зор. Дарынды баланың жан-жақты потенциалын ата-аналармен бірлесе отырып қана тиімді деңгейде іске асыруға болады. Ата-ананы мектеп өміріне араластырып, пән мұғалімдерімен бірлесіп өткізу көзделген. Ата-аналар күні, ой-өріс марафондары, тренинг, диспуттар. Бұл:



«Идеяларды тоғыстыру: НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?» Ата-аналардың қатысуымен оқыта үйрету ойыны.

Мұғалім тақырып бойынша алдын-ала проблемалық сұрақтар даярлайды. Сынып топтарға бөлінеді. Әр команда екі, үш сұрақтан алады, мұнда екі сұрақ - тақырыптың негізін құрайтын, ал бір сұрақ - проблемалық. Команда спикері әрбір ойыншының жұмысын қадағалайды. Кез келген команданың

ойыншысы басқа топқа берілген проблемалық сұраққа жауап бере алады.

Әр топтың дайындалып үлгеруіне қарай кезекпен командаларды тыңдаймыз. Проблемалық сұрақты талқылауға командаға 5 минут беріледі. Команданың жауап беру уақыты да шектеулі. Жүргізуші әр команданың жауабын бағалай отырып, тақтадағы кестеде белгілейді.

Сұрақтар:

1. Жаңа сөздердің терминдік атауы.
2. Айтылуы, жазылуы бөлек, мағынасы жақын сөздер.
3. Дыбыс үндестігінің бір түрі.
4. Ән айтып, сайрайтын құстың аты.
5. Жергілікті тілдің терминдік атауы.
6. Тіл дыбыстарын зерттейтін тіл білімінің саласы.
7. Мағынасы қарама- карсы сөздер.
8. Буынның бір түрі.
9. *Туған жер* тіркесінің синонимі.
10. Дауысты дыбыстар не құрайды?
11. Дыбыс үндестігінің бір түрі.

Топтың нөмірі	Негізгі сұрақ	Басқа командаларға қойылатын сұрақ	Басқа командалардың жауабын толықтыру	Басқа команданың сұрағына жауап беру	Топтағы бірлескен қызмет	Қорытынды ұпайлары	Орны	Ескерту
1								
2								
3								

Сәйкестендіріңіз:

- | | |
|---|-------------|
| • Көкірегі байлаулы берік болмау керек. | 1. екінші |
| • Сол нәрсені естігенде я көргенде
фибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып
ынтамен ұғу керек. | 2. бірінші |
| • Сол нәрсені ішінен бірнеше қайтарып,
ойланып, көңілге бекіту керек. | 3. төртінші |
| • Ой кеселді нәрселерден қашық болу
керек. | 4. үшінші |

Жауабы: А-2; Ә-1; Б-4; В-3.

Сіз не ойлайсыз? Топпен талқылаңыз.

1. ЖС (СПИД) ауруының алдын алу үшін мектептерде,
жоғары оқу орындарында ақпарат жұмыстары жақсы жолға
қойылуы тиіс.

2.....


3.....

4.....

5.....

Жауабы: 2. Радио-теледидардан бұл ауру туралы
бағдарламалар көп көрсетілуі тиіс; 3. Газет-жұрналдарда
аталған тақырыпта көп мақалалар, хабарлар жарияланып
тұруы тиіс; 4. СПИД орталықтары жергілікті халықтан жүйелі
түрде анализ алып, тексеріп тұруы керек; 5. Әсіресе, балалар
мен жасөспірімдер арасында аурудан сақтандыру шаралары
жиі өткізіліп тұруы тиіс.

Ізденіс жобасындағы мұғалімнің рөлі:



Синонимдес септік жалғаулары

Алдыңғы деңгейліктен өткен оқушы «Синонимдес септік жалғаулары» деген тақырып бойынша ізденіп, зерттеу еңбектерді оқып қарауына тура келеді. Оқушы осы тақырып бойынша реферат жазып, көркем шығармалардан мысалдар тауып жазып, дәлелдейді. Бұл деңгейлік технология жүйесі шын дарынды тануға болатын сабақта үнемі ұстанатын тәсіл болып, сабақта жиі қолданылып отырады.

Әдебиет сабағында проблемалық ситуация қою технологиясын басшылыққа алып, оқушыны ғылыми-зерттеуге, ізденіске баулу, кітапханада отырып жұмыс істеуге жетелеумен нәтижеге жетуге болады. Ана тілдің қадірін білетін халықтық дәстүрді бойына сіңірген тұлға тәрбиелеуде, мысалы, Абайтану сабағында ұлы жазушы Абай Құнанбайұлының шығармаларын оқып-үйреніп, өмір жолының тәрбиелік мәнін өнеге ету маңызды. Оқулықтағы жазушының бір жақты шығармаларын оқып, талдап қана қоймай, оның адамдық, адамгершілік қасиетін, кейде айтыла бермейтін ұлтжандылық ұлылығын, өмір шырғалаңымен өткен тағдырын бүгінгі күн тұрғысынан баға беріп, ой

жүйелеп, толғауға мүмкіндік жасап, тапсырма беріледі. Ол үшін қосымша әдебиеттер ұсынылады. Зерттеулер, естеліктер, сын-монографияларды пайдалануға бағыт беріледі.

1. Абайдың зиялылығын сараптау.
2. Жазушының адамгершілік тұлғасы.
3. Ұлтжанды, халқын сүйген азамат.
4. Шын дарынның көрегендігі.

Бұған оқушылар өз бетінше реферат жазып, жазушы естеліктері мен ол туралы еңбектерден үзінді келтіріп отырады.

Шығарма	Үзінді келтіру	Пікір дәлелдеу
1952 ж. «Социалистік Қазақстан» газетіндегі «Кімсің сен?» мақаласы.	Абай – қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі...	Мұхтар – Абай шығармасының шын мұрагері...

Дарынды және шығармашылық қабілеті жоғары балалармен жұмыс істейтін мұғалімге қойылар талап та, көтерер жүк те ауыр. Ол қалыпты деңгейден ерекше, өзі де ізденуші, зерттеуші, шығармашылық тұлға болуы керек. Сонда ғана ол оқушы шығармашылығының өсуіне жағдай жасап, жеке тұлға, дарынды азамат тәрбиелей алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов. Дамыта оқыту жүйесі.
2. Ж.Қараев. Деңгейлік оқыту технологиясы.
3. Қ.Бітібаева. Қазақ әдебиетін тереңдете оқыту технологиясы.
4. К.С.Құдайбергенова. Педагогтың шығармашылық өнері.
5. М.М.Жанпейісова. Оқытудың инновациялық технологиялары.

Әсия ИБРАЕВА,
Қостанай облысының
Рудный қаласындағы
№5 гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

НАУРЫЗ – ТӨЛ МЕРЕКЕМІЗ

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік - оқушылардың алдыңғы алған білімдерін қайта жаңғырту, жаңа мәліметтермен толықтырып, Наурыз мейрамы туралы білімдерін жүйелеу, сөздік қорын байыту; **дамытушылық** - түрлі тапсырмалар арқылы оқушылардың ой-өрісін, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, тіл байлығын жетілдіру, топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, ҰБТ сұрақтарын талқылау; **тәрбиелік** - қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу. **Түрі:** аралас; **Типі:** іздендіру сабағы, тіл дамыту; **Әдіс-тәсілдері :** сұрақ-жауап, ойландыру, іздену, әңгімелеу, аударма, жазба, талдау жұмыстары, деңгейлік тапсырма, тестілеу, мәтінмен жұмыс.

Грамматикалық материал: сөйлем мүшелері, сөз таптары, лексика. **Көрнекі құралдары:** интерактивті тақта, суреттер, үлестірмелі кәртішкелер, мәтіндер, анықтама материалдар, сөздіктер, тест сұрақтары.

Жұмыс түрлері: жеке, топпен жұмыс, жұппен жұмыс.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен амандасу.

1-слайд: Наурыз – төл мерекеміз.

2. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіру.

II. Сөздік жұмысы:

- **Мереке** сөзінің синонимдерін атаңдар?(мейрам, той, думан)

- **Төл** сөзінің мағынасын түсіндіріңдер?

2-слайд: төл- специфический;

төл- исконный;

төл- приплод;

төл (сөз) – прямая (речь).

- Бұл қандай сөз? (Омоним). *Әр сөзбен сөйлем құрастыру.*

- **Наурыз** сөзі туралы не айта аласыңдар?

Оқушылар жауап береді.

3-слайд: тест сұрақтары (*керекті сөздерді жазу*).

НАУРЫЗ

1. ...дыбысынан басталып, ... дыбысына аяқталады.

2. Көктемнің ... айы.

3. буыннан тұрады.

4. Сөзде ... дыбыс, ... әріп бар.

5. Бұл ... сөзі.

6. Тек ... дауыстылар бар.

7. тойы.

8. У дыбысы -

9. Екпін ... буынға түседі.

10. зат есім.

4 –слайд: жауаптар (*тексеру*).

1. үнді ұяң;

2. бірінші;

3. 2 тұйық;

4. 6 дыбыс 6 әріп;

5. парсы;

6. жуан; “5”- 0 қате

7. Жаңа жыл; “4”- 1 -2

8. дауыссыз, үнді; “3”- 3

9. екінші (соңғы); “2» - 4

10. дара, негізгі.

III. Жаңа сабақ:

1. 5 –слайд: Не білгіміз келеді?

- Қазақтың көктемгі төл мерекесі?
- Қазақстанда бұл мейрам қашаннан тойланады?
- Наурыз мейрамы қандай мереке?
- Бұл күні түн мен күн не істейді?
- Аңыз бойынша Наурыз күні кім келеді?
- Наурыз мейрамының басты асы?
- Бұл тағам неше дәмнен тұрады?
- Наурыз мейрамы қандай елдердің Жаңа жылы?

2. 6-9 –слайд: Не білеміз?

Слайдтағы суреттер бойынша сөйлемдер құрастыру.

3. 10 –слайд: Тыңдалым.

«Наурыз мейрамы» мәтінін тыңдап, түсінгендеріңді орысша айтып беріңдер.

4. 11 –слайд: СҰРАҚ-ЖАУАП.

- Наурыз туралы кімдер жазған?
- Қазақстанда Наурыз мейрамы қашаннан бастап тойланады?
- Наурыздың басты асы не?
- Наурызда адамдар бұлақтарды не істеген?
- Наурызда үлкендер жастарға не береді?
- Наурыз қандай мейрам?

5. 12 –слайд: Әңгіме құрастыру.

Топпен жұмыс: мәтін, сөздік, қосымша материалдармен, анықтама материалдармен жұмыс. *(Деңгейлік тапсырма)*

1-топ : Сұрақ – жауап.

1. Наурыз мейрамы қашан тойланады?
2. Бұл қандай мереке?
3. Бұл күні күн мен түн не істейді?
4. Наурыз мейрамының басты асы не?
5. Бұл тағам неше дәмнен тұрады?
6. Наурыз сөзі қандай тілден енген?

7. Наурыз сөзі нені білдіреді?
8. Наурыз күні аңыз бойынша кім келеді?
9. Наурыз мейрамы қандай елдердің Жаңа жылы?
10. Қазақ халқы Наурыз мейрамын қалай атайды?
11. Наурыз мерекесінде қариялар беретін тілек қалай аталады?

12. Мерекеге келген қонақты қайда отырғызады?

2-топ: Еркін әңгіме.

3-топ: Жоспар бойынша әңгіме.

Жоспар:

1. Көктемгі Наурыз мейрамы.
2. Біздің қаламыздағы мереке.
3. Мектепішілік Наурыз мейрамы.

Сөздік: іс –шара – мероприятие;
тамашалау- смотреть;
өткізіледі – проводятся;
безендіріледі – украшаются.

IV. Өткенді қайталау: 1. 13 –слайд: Өлеңмен жұмыс.

Мұғалім: - *Наурыз келсе, құт келгені, халайық!*

Есік ашып, шашу шашып,

Ел боп қарсы алайық.

- Бұл не? (өлең). Өлең қандай стильге жатады? (көркем әдебиет стилі).

Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіру.

Оқу: хормен, жеке оқу,топпен оқу.

- Өлең не туралы? Аудару. Жаттау. Жатқа жазу. Тексеру.

2. Деңгейлік тапсырмаларды орындау:

1-топ: Өлеңнен зат есімдерді теріп жазу, синоним, омоним сөздерді көрсету.

2-топ: Өлеңнен етістіктерді теріп жазу, сөз құрамына талдап, түрлерін белгілеу, омоним, антоним бола алатын сөздерді көрсету.

3-топ: Сөйлемдердің түрін ажырату. 2-сөйлемге

Ү. Сабақты қорытындылау: 14 –слайд: Не білдік?

1. Тест сұрақтарына жауап беру:

1-топ: жасырын тест түрі.

2-топ: ашық тест түрі.

3-топ: дайын тест жауаптарын тексеру.

1-топ: «Наурыз мейрамы» тест сұрақтары.

1. Наурыз мейрамы қашан болады?

а) 15 наурызда; ә) 22 наурызда; б) 1 мамырда;

в) 8 наурызда; г) 21 наурызда.

2. Бұл қандай мереке?

а) Тілдер мерекесі; ә) Жеңіс күні; б) Жаңа жыл;

в) Халықаралық әйелдер мерекесі.

3. Бұл күні табиғатта қандай өзгеріс болады?

а) күн мен түн теңеледі; ә) ыстық болады;

б) жаңбыр жауады; в) жеміс піседі; г) күн қысқа, түн ұзақ.

4. Наурыз мейрамының басты асы не?

а) бауырсақ; ә) бесбармақ; б) қымыз;

в) наурыз көже; г) құрт.

5. Бұл тағам неше дәмнен тұрады?

а) 5; ә) 9; б) 8; в) 6; г) 7.

6. Наурыз сөзі қандай тілден енген?

а) араб; ә) орыс; б) парсы; в) латын; г) грек.

7. Наурыз сөзі нені білдіреді?

а) жаңа түн; ә) жаңа ай; б) жаңа апта;

в) жаңа күн; г) жаңа жыл;

8. Наурыз күні аңыз бойынша кім келеді?

а) Қыдыр ата; ә) Шопан ата; б) Қамбар ата;

в) Қаңбақ шал; г) Зеңгі баба.

9. «Наурыз келсе, ақ мол болады» сөйлемінің түрін анықтаңдар.

а) жай; ә) лепті; б) салалас; в) аралас; г) сабақтас.

10. Наурыз Қазақстанда қашаннан бастап тойланады?

а) 1999ж; ә) 1988ж; б) 1989ж; в) 2000ж; г) 1998ж.

11. Наурыз мейрамы қандай елдердің Жаңа жылы?

- а) Шығыс; ә) Батыс; б) Ресей;
в) Ұлыбритания; г) Жапон.

12. Қазақ халқы Наурыз мейрамын қалай атайды?

- а) Жылдың басы; ә) Ұлыстың ұлы күні;
б) Көктем күні; в) Жазғытұрым.

13. Қазақтың көктемгі төл мерекесі қандай?

- а) Тілдер мерекесі; ә) Жеңіс күні; б) Наурыз мейрамы;
в) Халықаралық әйелдер күні; г) Балалар күні.

14. Наурыз мерекесінде қариялар беретін тілек қалай аталады?

- а) құттықтау; ә) бата; б) мадақтау;
в) өкініш; г) реніш.

15. Мерекеге келген қонақты қазақтар қайда отырғызады?

- а) оң босағаға; ә) сол босағаға;
б) орындыққа; в) төрге.

2-топ: «Наурыз мейрамы» тест сұрақтары.

(Жауаптарын сөзбен жазу).

1. Наурыз мейрамы қашан болады?
2. Бұл қандай мереке?
3. Бұл күні табиғатта қандай өзгеріс болады?
4. Наурыз мейрамының басты асы не?
5. Бұл тағам неше дәмнен тұрады?
6. Наурыз сөзі қандай тілден енген?
7. Наурыз сөзі нені білдіреді?
8. Наурыз күні аңыз бойынша кім келеді?
9. «Наурыз келсе, құт келгені халайық!» сөйлемінің түрін анықтаңдар.

10. Наурыз Қазақстанда қашаннан бастап тойланады?

11. Наурыз мейрамы қандай елдердің Жаңа жылы?

12. Қазақ халқы Наурыз мейрамын қалай атайды?

13. Қазақтың көктемгі төл мерекесі қандай?
14. Наурыз мерекесінде қариялар беретін тілек қалай аталады?

15. Мерекеге келген қонақты қайда отырғызады?

3-топ: Берілген жауаптардың қателерін түзету.

Бағалау.

Оқушы: - Ұлыс оң болсын !

Ақ мол болсын,

Қайда барсаң жол болсын!

Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын!

Ұлыс береке берсін,

Бәле-жала жерге енсін!

Қайғы-уайым жоқ болсын,

Қуаныштарың көп болсын!

4. Үй жұмысы: Наурыз туралы шағын шығарма жазу.



Пейілі тар таяқ жейді құр босқа

САРАҢНЫҢ СЫБАҒАСЫ

Сараңдықпен аты шыққан Бүйенбай деген бай үйіне кісі келсе, түнеріп отырып алады екен. Күндердің күнінде сол үйге Битбай кіріп барады. Түнеріп отырған байды көріп, жалма-жан құран оқиды. Сонда бай шошып кетіп:

- Әй, өз басыңа көрінгір, құрт қараңды! - деп ақырады. - Қайдағы ырымды шақырып отырсың?

- Байеке, мен қайдан білейін, - дейді Биекең. - Отырыстарыңыз адамы өліп, қара жамылған адамның отырысы сияқты...

(Тымпи. А., «Жалын», 1981 жыл, 80-бет.)

Мадина ШАРЖАУ,
Ақмола облысының
Степногорск қаласындағы
Л.Толстой атындағы
№4 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік - оқушылардың етістік бойынша өткен білімдерін пысықтау, грамматикалық ұғымдарды ауызша сөйлеуде сауатты әрі дұрыс дағдыларын қалыптастыру. «Наурыз мейрамы» туралы кең мағлұмат беру, пәнге қызығушылығын арттыру; **дамытушылық** - оқушылардың ой - өрісін дамыту, сөздік қорын кеңейту, логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін дамыту; **тәрбиелік** - оқушыларды қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен таныстыра отырып, халық мұрасына, тіліне, жеріне, тарихына, табиғатына деген аялау көзқарасын қалыптастыру, тақырып арқылы адамгершілік қасиеттерді бойларына сіңіру.

Әдісі: түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ - жауап, іздену.

Көрнекі құрал - жабдықтар: «Наурыз мейрамы» суреті, сөзжұмбақ, тест, салт- дәстүрлер, әдет-ғұрып суреттері.

Түрі: аралас сабақ.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Балалар, бүгін кім кезекші?

а) Сәлемдесу. *Кезекшімен диалог.*

- Бүгін сабақта кім жоқ?

- Бүгін қай күн?

- Бүгін - ақпанның бесі.
- Аптаның қай күні?
- Бейсенбі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Наурыз мейрамы» тақырыбы бойынша жаңа сөздерді жатқа сұрау.

Күн мен түннің теңелуі - день весеннего равноденствия.

Тұрмыс - быт, бытовой.

Дін - религия, религиозный.

Қауым - народ, общество.

Бас иеді - преклоняют голову.

Егу - сеять, посадить.

Кесу - резать.

III. Сабақ мақсатымен таныстырып, қазақ тілінде түсінік беру.

- Балалар, бұрынғы өткен тықырыптар бойынша қорытынды сабақ өткіземіз.

IV. Мәтінмен жұмыс.

V. Сабақ жоспары бойынша грамматика тақырыбы - «Етістікті» қайталаймыз.

Сұрақтар:

1. Етістік дегеніміз не, сұрақтары қандай?
 2. Тұлғасына қарай етістік қандай түрлерге бөлінеді?
 3. Етістіктің құрамына қарай қандай түрлері болады?
 4. Етістіктің болымды түрі дегеніміз не?
 5. Етістіктің болымсыз түрі дегеніміз не?
 6. Етістіктің шақтары дегеніміз не?
 7. Етістіктің шақтарын атаңдар.
- а) Нақ осы шақ.
 - ә) Келер шақ.
 - б) Өткен шақ.

Дәптермен жұмыс, тақтада жұмыс.

8. Графикалық схема бойынша сөйлем құраңдар.

А) -----

Ә) -----

Қажет сөздер: а) отыр, жиналыс, оқушы;

Ә) оқушылар, 7-сынып, біз, кел.

9. Берілген етістіктермен сөз тіркесін құраңдар: *Бағу, бару, шомылу, сұрту, тыңдау.*

10. «Кел» деген сөзді 3 шаққа қойып, жіктендер.

11. **Мұғалім:** - Етістік туралы айттық. Енді сөзжұмбақ шешу арқылы сөздік жұмысын жасаймыз.

Тігінен:

1. Көктем мезгілінің бірінші айы.

2. Біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз.

3. Наурыз көженің құрамына кіретін ас.

Көлденеңінен:

4. Наурыз мерекесі кезінде далада құрылатын әткеншек (качели) қалай аталады?

5. Қазақтың ұлттық музыкалық аспабы.

6. Қазақтың ұлттық сусыны.

Дәптермен жұмыс:

- Ал, енді тез арада осы сөздерді қолдана отырып бір сөйлем құрап, етістіктің қай шақта тұрғанын талдап беріңдер.

Оқушылар сөздерді мәнерлеп айтады, аударарды.

- Біз қандай тақырыпты қайталадық?

- Етістік.

- Етістіктің грамматикалық мағынасын қай мағынасы бойынша құрастырайық?

Кітаппен жұмыс.

Мәтіннен етістіктерді тауып, дәптерге жазыңыз.

I деңгей мәтіннің мазмұнын айтыңдар, сұрақ қойыңдар.

Енді қазір бәріміз гүл жасаймыз, әр жапырақшада сұрақтар бар.

Сұрақтар:

1. *Тарих.* Наурыз қандай мереке?

2. *Жазграфия.* Наурыз мейрамын қай халықтар атап өтеді?

3. *Әдебиет - тіл.* Наурыз парсы тілінен аударғанда қандай мағынаны білдіреді және наурыз мерекесінде не орындалады?

4. *Табиғаттану.* Табиғатта қандай өзгерістер болады және бұл мейрам қай күні өтеді?

5. *Ұлттық ойындар.* Наурыз мейрамында қандай ұлттық ойындар ойналады?

6. *Ұлттық тағамдар.* Наурыз неше тағамның қосындысынан тұрады? Наурыз көженің белгісі?

7. *Салт-дәстүр.* Наурыз мейрамында қандай салт-дәстүр жасалады?

12. Шын немесе жалған.

а) Наурыз - ерекше мейрам.

ә) Күн немесе түн теңелмейді.

б) Наурыз - “Жаңа күн” деген сөз.

в) Наурыз көжені наурыз мерекесінде ішеді.

г) Ән шырқалып, би биленіп, күй шертіледі.

ғ) Қызыр Ата әр отбасына бақыт, ырыс-дәулет, жетістік әкеледі.

Сабақты қорытындылау.

- Балалар, бүгін біз сабақта наурыз мейрамымен танысып, оның қасиеттерін атадық, сабақ барысында жаңа сөздерді үйрендік, етістікті, оның түрлерін, жасалу жолдарын атадық, наурыз мейрамы туралы сөзжұмбақ шештік. Бүгін қазақ тілі сабағында қандай тақырыпты қайталадық.

Мұғалім: - қандай жаңа сөздерді қайталадық?

Оқушы: - бата, бидай, алтыбақан, қымыз, бақ-дәулет.


Мұғалім: - ойын арқылы не жасадық, қандай грамматикалық ойын ойнадық?

Оқушы: - сөзжұмбақ шештік, тест орындадық. Наурыз гүлін жасадық.

Мұғалім: - Ал, енді, балалар, біз сіздермен Етістік және Наурыз мейрамы бойынша өткендерімізді қорытындылайық.

Енді мына тақтаға қараймыз.

- Біз тақтада «Наурыз» гүлін жасадық. Бұл гүл арқылы мейрамның әр түрлі бағыттарын білдік. Ол тарихпен, географиямен, әдебиетпен, ұлттық дәстүрмен, әдет-ғұрыппен тығыз байланысты екенін көрдік. Осы гүл арқылы біз грамматиканы Етістік, Етістіктің шақтарын, түрлерін, жасалу жолдарын да қайталайды. Етістікті қайталай отырып, біз оны Наурыз тақырыбымен байланыстырдық.



Тест жауаптарын бағалап, содан кейін жалпы сабақ бойынша қорытынды шығарамыз.

Үйге тапсырма:

I деңгей – «Наурыз мейрамы» тақырыбына шағын шығарма жазып келу.

II деңгей – «Наурыз мейрамы» мәтінін әңгімелеу.

III деңгей – «Наурыз мейрамы» мәтінін оқып, аудару.

Әния БАТЫРҒАЛИҚЫЗЫ,

Семей қаласындағы

№4 орта мектептің

қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНА АРНАЛҒАН ВИКТОРИНАЛЫҚ СҰРАҚТАР

1. Абайдың тегі туралы не білесің?
2. Тобықты деген ру аты қайдан шықты?
3. Құнанбайдың әйелдері?
4. Құнанбайдың игілікті істері жайлы не білесіз?
5. Құнанбай қашан қайтыс болды?
6. Таңшолпан деген кім?
7. Әйгерімнің шын аты кім?
8. Абай балаларының ақындыққа бой ұрғандары кім, қандай шығармалар жазды?
9. Кеңгірбай би кім, Абайға кім болып келеді?
10. Кеңгірбай өлерінде билікті және батасын кімге беріп кеткен?
11. Бөжей Құнанбайға кім болып келеді?
12. Абайдың шешесі Ұлжан қай рудан болып келеді?
13. Ұлжанның ағалары кім?
14. Абай Көкбаймен қандай жағдайда танысты?
15. Абай неше жасында үйленген? Кімге?
16. Абайдың ерекше махаббаты кімге ауған?
17. Абайдың орыс достары кімдер?
18. Семейде өлкенің тарихын, табиғатын, мәдениетін зерттейтін комитет қай жылы құрылды?

19. Комитеттің тұңғыш секретары кім болған?
20. Абай облыстық статистика комитетінің мүшесі болып қай жылы сайланды?

Жауабы:

1. Абай Тобықтының үлкен руы Күшік ішінде Ырғызбай деген тобынан шыққан. Ырғызбайдан 4 бала болады. Өскенбай, одан Құнанбай туған. Ол Өскенбайдың Зере деген бәйбішесінен туады.
2. «Тауфиық» деген сөзден шыққан.
3. Күнке, Ұлжан, Айғыз, Нұрғаным.
4. Дін жолына деп өз қаржысына Қарқаралыда мешіт салдырған, Меккеде қазақ қажылары түсіп жүретін «Такие» деген үй салдырған.
5. 1886 жылы.
6. Абайдың атасы Өскенбайдың әйелі.
7. Шүкіман. Абай өзі Әйгерім деп атап кеткен.
8. Мағауия – ақын, жазушы («Еңлік-Кебек», «Медғат Қасым»); Ақылбай – әнші, сазгер; Тұрағұл – аудармашы (М.Горький «Челкаш», Д.Лондон, Я. Неверов «Я хочу жить»).
9. Ырғызбайдың әкесі – Айдос. Айдостың Көтібақ, Торғай деген балалары болған. Кеңгірбай Айдостың туысқаны Жігітек дегеннің баласы.
10. Өз баласы Ералыға емес, Өскенбайға беріп кеткен.
11. Кеңгірбайдың баласы. Бөжей Өскенбайдың қолында тәрбиеленген.
12. Қаракесек ішінде Бертіс руынан.
13. Құнтай, Тонтай. Тонтай – бүкіл елге аты жайылған мысқылшыл, күлдіргі, тапқыш болған.
14. 1880 жылы Көкбайды орыс уезі Лосовский жазаға тартамын дегенде Абай арашалап алып қалады. 25 жылдай жолдас болады.
15. 1861 жылы 16 жасында Ділдаға үйленеді. Сол жылы

тұңғыш баласы – Ақылбай дүниеге келген.

16. Тоғжанға.

17. Долгополов, Н.Коншин, И.С.Гросс, П.Д.Лобановский.

18. 1878 жылы Семейде облыстық статистика комитеті құрылды.

19. Е.П.Михаэлис.

20. 1886 жылы 6 мамырда комитеттің толық мүшесі болып сайланады.

Викториналық сұрақтар:

1. Абайдың ғылым, білімге насихаттайтын өлеңдерін ата?
2. Абай орыс ақындарынан кімдердің шығармаларын аударған?
3. Абай әндерінің атын атаңыз?
4. М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясы үшін қандай сыйлық иеленді?
5. Абайдың күй жазғанын білесің бе? Бізге қандай күйлері жетті?
6. Абайдың неше поэмасы бар? Олар қалай деп аталады?
7. «Абай – қазақтың классикалық әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» деген даналық пікірді айтқан кім?
8. Абайдың сыншылдығын, гуманистік идеяларын, патриоттығын, ағартушылығын қандай шығармалардан анықтауға болады?
9. Абай шығармаларындағы табиғат лирикасы қандай шығармаларға енді?
10. Ұнамсыз мінез-құлықтан аулақ болуды қандай шығармаларында жазды?
11. Ақынның алға қойған мақсатын қандай әндерінен білуге болады?
12. Абай шығармашылығының опера, симфония, хор және кино, музыкаға байланысы қандай?

Жауаптары:

1. «Ғылым таппай мақтанба», «Білімдіден шыққан сөз», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Сәулең болса кеудеңде», т.б.
2. А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов.
3. «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным», «Ата-анаға көз қуаныш», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Татьянаның қырдағы әні», «Сегіз аяқ», т.б.
4. КСРО мемлекеттік сыйлығын және Лениндік сыйлықты алған.
5. «Торжорға», «Май күні».
6. «Ескендір», «Әзім әңгімесі», «Масғұт».
7. Қазақ кеңес әдебиетінің аса көрнекті жазушысы М.О.Әуезов.
8. «Адасқанның алды - жөн, арты - соқпақ», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Шаруаға қырсыз, пәлекор, пысық бейнесі».
9. «Жаз», «Қыс», «Күз», «Қараша, желтоқсан», «Жазғытұры», «Желсіз түнде жарық ай».
10. «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба».
11. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін».
12. 1934 ж. «Қыз Жібек» операсы – «Абайдың «Қор болды жаным» әнінің әуенімен басталады. Абай әндері А.Жұбанов пен Л. Хамидидің 1947 жылы жазылған «Абай операсының» портетурасынан жарқын көрініс тапты.



ДАЛА ЖҰЛДЫЗЫНЫҢ ӘНГІМЕЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: дала жұлдызының төменгі сыныпта өткен шығармаларын еске түсіру; әңгімелерінің тәрбиелік мәнін ашу; әңгімелерді топтастыра отырып, ой-толғау жазу, сөз жарысқа түсу. **Түрі:** жаңа сабақты меңгерту. «Құда түсу» (мұғалімнің жаңалығы). **Ұраны:** Қазақстан келешегі мектептен басталады. **Сабақта қолданылатын жаңа технологиялар:** дамыта оқыту технологиясы, мәселе қою технологиясы, жобалау технологиясы. **Әдіс-тәсілдері:** оқушыларды шығармашылыққа баулу, баяндау, сұрақ-жауап, жеке жұмыс, талдау, жинақтау, жұптық, иллюстративті әдістер. **Пәнаралық байланыс:** сазды әуен, қазақ әдебиеті, тарих. **Көрнекілігі: 1. Кітап көрмесі.**

2. Сөздік көрнекілік: Ы. Алтынсарин әңгімелерінен, өлеңдерінен үзінді.

3. Сызбалы көрнекілік: технологиялар жүйесіне салынған сызба үлгілері.

4. Суретті-түсіндірмелі көрнекілік: суреттер, жазулар, газет-журналдар материалдары, кітаптар.

5. Интерактивті тақта. 6. Интернет ақпараттары.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Оқушылармен амандасу.

ә) Психологиялық ынталандыру:

Мұғалім: - Сәлеметсіздер ме, балалар. Бүгінгі сабақ - ерекше сабақ. Құда түсу сабағы. Жерлесіміз Мәліктей батырдың ізбасарлары болғандықтан, мен сіздерге

салт бойынша құда түсуге келдім. Жай келген жоқпын, сыйлықтарыммен келдім. Бас сыйлық – мына көрме. Келесі сыйлық тақтадағы кілем мен кілемшелер. 3 – сыйлық – символдық сыйлықтар. Салтымыз бойынша танысып білісейік. Мен - Бралина Сандуғаш Советқызымын. Сіздер «Қазақстанның келешегі мектептен басталады» деген сөзге лайықсыздар ма? Лайық болсаңдар, «қар жауса да сөнбейтін» оттарыңның бар екенін дәлелдейтін сияқтысыңдар. Енді, жолбарыстай қайратты қырандар, диагностикалық кезеңдегі ой шақыру тапсырмасын орындайық. Назарларыңызды интерактивті тақтаға аударыңыздар. Тапсырмаларды дұрыс жазған оқушы суреттегі сыйлықтың атауына ие болады.

Интерактивті тақтадағы тапсырма.

Диагностикалық кезең.

- Мына үзінді қай шығармадан? Авторы кім?

...Сен де, адам, тынбай қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып тоқтап қалма, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетерсің...

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесі кімнің шығармасы?

Зылиқа мен Бәтима атты кейіпкерлер қай әңгімеден алынған?

II. Ізденіс тенденциясы: Дала жұлдызымен танысу.
Ізденіс тенденциясы. Дала жұлдызымен танысу.

ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ


<i>I бөлім</i>	<i>II бөлім</i>	<i>III бөлім</i>	<i>IV бөлім</i>
<i>1. Әңгімелер. 2. Ертегілер.</i>	<i>Үлкен кісілер турасындағы әңгімелер.</i>	<i>Ел әдебиеті нұсқаларынан әңгіме, өлең-жыр құрастырады.</i>	<i>Мақал- мәтелдер.</i>

Ыбырай Алтынсарин - Л.Н.Толстой, И.В.Крылов, К.Д.Ушинский, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Фирдауси, Низамидің шығармаларын аударған.

1 - БАҒЫТ. Ы. Алтынсарин кім? (Жауабы интерактивті тақтада жазылады.)

2 - БАҒЫТ. Ы.Алтынсарин әңгімелері. (Жауабы интерактивті тақтада жазылады.)

3 қатар оқушылары әңгімеден қанатты сөздер жинайды.

Ыбырай		“Әке мен бала”
Алтынсарин -		“Асыл шөп”
әңгіме шебері		“Бақша ағаштары”
		“Талаптың пайдасы”

III. Тұсаукесер кезеңі: оқушылар берілген ақпараттан ой түйіндейді.

Әңгімелерден аннотация жаз. (Тапсырма дәптерлерінде орындалады. Қысқа түйін тақтада беріледі.)

IV. Кім көп біледі? Оқыған әңгімелердің тек тәрбиелік мәнін ашу.(Тапсырма ауызша орындалады.)

V. Әңгімелерден сурет салу. (Тапсырма тақтада орындалады. Суреттерге тақырып қояды.)

VI. Кім көп сұрақ қояды? (Тапсырма ауызша орындалады. Ұтқыр сұрақ қойған оқушы жеңеді.)

VII. Сабақ қорытындысы: Жоба қорғау.



Қандай тағылым алдық?

VIII. Бағалау.



Мөлдір БОРАНБАЙ,
Ақтөбе қаласындағы
Талғат Бигелдинов атындағы
Әуе қорғаныс күштерінің
әскери институтының
Мемлекеттік тіл кафедрасының
оқытушысы, магистрант.

АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ҰШҚЫШТАРЫ

Сабақтың мақсаты: *білімділік* - алғашқы қазақ ұшқыштарының өмір жолдары жөнінде курсанттар білімін тереңдетіп, сипаттау, баяндау арқылы тақырыпты ашу; *тәрбиелік* - курсанттарды ой еркіндігіне, ізденімпаздыққа баулу, қазақ ұшқыштарының ерлігі, игі істері арқылы кәсіпке бейімдеу, отансүйгіштікке тәрбиелеу; *дамытушылық* - топта бірлесіп жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, өз ойын жүйелеп айтуға дағдыландыру, сөздік қорын байыту;

Типі: жаңа сабақ.

Түрі: сайыс сабақ.

Формасы: топтық жұмыс.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, сұрақ-жауап, талдау.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, суреттер, тірек-сызба, кубик.

Пәнаралық байланыс: авиация, әдебиет, тарих.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Үй тапсырмасын пысықтау.
3. Жаңа сабаққа көшу (тақтада 4 ұшқыштың суреті тұрады).

Оқытушының кіріспе сөзі:

- Курсанттар, біз бүгін Ұлы Отан соғысында өздерінің

ерлігімен қазақ елінің даңқын паш еткен екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, алғашқы қазақ ұшқышы Т.Ж.Бигелдинов, қазақтың батыр ұшқыш қызы Х.Қ.Доспанова және ғарыш беттерін алғаш ашқан қазақ ұлдары Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаевтың өмір жолдарымен танысамыз.

Сабақ барысында берілетін түрлі тапсырмалар арқылы өз ойымызды ашық айтып, дәлелдеуге тырысамыз.

Сонымен, екі топқа бөлініп, ат қойып, сол аттың қойылу себебін түсіндірсек.

Сайыс 6 кезеңнен тұрады, әр тапсырма интерактивті тақтаның Activstudio бағдарламасы бойынша беріледі. Тақта шетінде ұшақ орналасқан, сол ұшақты бассaq, соңғы бағалау парағына сілтеме жасалған. Ал бағалау парағында 6 ұшақтың суреті бар, ол суреттерді бассaq, әр кезең тапсырмаларына көшіп отырамыз. Топшалардың тапсырманы орындауына орай бағалау парағына барып, 5,4,3 сандарымен бағалар қойылады.

I кезең. Мәтінмен жұмыс. «Білім мен білік». «Т.Бигелдинов» және «Х.Доспанова». Екі топ тақырыптарын бөліп алып, мәтінмен танысады. Мәтін бойынша 5 сұрақ дайындайды, сол сұрақ бойынша өз тобынан бір курсант жауап береді. Ал бір курсант тақтадағы хронологиялық таблица арқылы өз түсінгенін сипаттайды.

Хронологиялық сызба

Жылдар	Болған оқиғалар
1922	Бигелдинов Талғат Жақыпбекұлы Ақмола облысы, Майбалық ауылында дүниеге келді.
1942	Ол Саратовтағы Чкалов атындағы ұшқыштар мектебін бітіріп, мұнда ол барлаушы ұшақты жүргізуді үйренді.
1943	144-ші гвардиялық шабуылшы авиация полкінің құрамында Калинин, Воронеж, Далалық I және II Украин майдандарында шайқасты.
1950	Талғат Жақыпбекұлы Әскери әуе күштері академиясын оқып бітірді.
1994	Ақтөбе қаласындағы Әуе қорғанысы күштерінің әскери институтына Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Жақыпбекұлы есімі берілді.

Хронологиялық сызба

Жылдар	Болған оқиғалар
1922	Хиуаз Қайырқызы бұрынғы Гурьев облысының Ганюшкино селосында дүниеге келген.
1940	Орал қаласындағы № 1 мектепті Алтын белгімен бітіріп, аттестатпен бірге жергілікті аэроклубтың запастағы ұшқышы деген куәлікті бірге алады.
1941	Марина Раскованың бастамасымен әуе ұрыстарына қатысу үшін әйелдердің авиациялық полкі құрылып, оған Хиуаз Доспанова да запастағы ұшқыш ретінде қабылданады.
1942	Әуе күштерінің әлемдік тарихындағы тұңғыш әйелдер полкі құрылды.
1951	Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Президиум хатшысы болып сайланды.
2008	Қазақтың батыр қызы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Халық Қаһарманы Хиуаз Қайырқызы дүние салды.

II кезең. «Кім жылдам?» Кубизм.

Интерактивті тақтада 10,20,30 балдар тұр, оның артында екі мәтін бойынша бақылау сұрақтары жасырылған. Тақта ортасында кубик орналасқан. Сол кубик арнаулы қаламмен басылады. Қай қырының саны түссе, сол нөмірлі курсант шығып, тақтадағы ұпайдың біреуін таңдайды да, сұраққа жауап беріп, ұпайды өз тобына қосады. Егер жауап болмаса, қарсы топ жауап беру арқылы сол ұпайды өз тобына қосу мүмкіндігі бар.

Сұрақтары:

1. Хиуаз Доспанова кім?
2. 1942 жылы Т.Бигелдинов қай жердегі ұшқыштар мектебін бітірді.
3. Хиуаз қай жылы, қай жерде дүниеге келді?
4. Талғатқа не себепті екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағы берілді?
5. Х.Доспанова нені армандады? Мақсатына жетті ме?
6. Әуе күштерінің тұңғыш әйелдер полкі қашан құрылды?
7. Талғат Жақыпбекұлы қандай естеліктердің авторы?
8. Хиуаз қандай авиаполкте, кім болып қызмет атқарды?

9. Қай жерлерде жауынгерлік тапсырмалар орындады?


10. Соғыс жылдарынан кейін Т.Бигелдинов қандай қызметтер атқарды?


11. Қай жерлерді азат етуге қатысты?

12. Х.Доспанова соғыстан кейін қандай қызмет атқарды?

III кезең. Тірек-сызбамен жұмыс.

«Т.Әубәкіров» және «Т.Мұсабаев» тақырыптарын екі топ тандап алады. Интерактивті тақтаға екі ғарышкердің өміріне арналған тірек сызбаны шығарамын. Олар сол бойынша мәтін құрастырады. Құрастырған мәтінінің мазмұнына қарай бағалаймыз.





IV кезең. «Кім көп біледі?»

Ұшқыштар, ғарышкерлер сөзін екі топ таңдап алады. Интерактивті тақтада екі сөз жазылады. (Әр топшадан бір курсант шығып толтырады).

Ұшқыштар

ұш
қыш
тар
ар
ұр
аш
...

Ғарышкерлер

кер
шар
ғарыш
шал
шыр
ерке
...

V кезең. «Мен - саған, сен - маған»

Интерактивті тақтада 1,2,3,4 сандары берілген. Сол сандардың артында ұшқыштар мен ғарышкерлер өмірінен үзінділер жасырылған. Оқытушы қандай кәртішкені таңдап алса, сол нөмірлі курсанттар тақтаға шығады. Бір курсант қарсылас тобының курсантына санды таңдап, тақтаға шығарып береді. Сол курсант кімнің өмірінен алынған үзінді екенін айтуы тиіс. Тапсырма солай жалғаса береді. Сандар артындағы үзінділер:

1. Көңілі шабуылшы-ұшақ ұшқышы болуды қалады.
2. Ол - «305 рет әуе жорығы», «Ил – дер шабуылда», «Аспандағы айқас» атты жорық жолдарын баяндайтын естеліктердің авторы.
3. Ұлы Отан соғысындағы жанқиярлық ерлігі үшін ол Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Ту ордендеріне және «Кавказды қорғағаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарына, басқа да жауынгерлік марапаттарға ие болды.
4. Осыдан кейін ғана Жуковский атындағы Академияның штурман класында оқуға мүмкіндік алады.
5. Қазақтың тұңғыш ғарышкері, еңбегі сіңген сынақшы-ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры (1988ж.), Халық Қаһарманы (1995ж.).
6. Қазақтың тұңғыш ғарышкері «Отан» орденімен, «Алтын жұлдызбен» марапатталған. Ал 2001 жылы оған «Ғасыр саңлағы» атағы берілді.
7. 1993 ж. – Ақтөбедегі ұшқыштар даярлайтын жоғары училище.
8. 1-ші ұшуы- 1994 жылғы 1 шілде – 4 қараша, «Союз ТМ-19» космос кораблі мен ЭО-16 бортинженері, ұшу ұзақтығы 125 күн 22 сағат 35 секунд.

VI кезең. «Мен не білдім?»

Бұл тақырып бойынша

Не білемін?

Не білдім?

Не білгім келеді?

Оқытушының қорытынды сөзі:

Курсанттар, біз бүгінгі сабағымызда қазақ халқынан шыққан батыр, ержүрек ұшқыш, ғарышкерлер туралы мәлімет алдық. Шығыстың қос шынарымен қоса қазақтың батыр ұшқыш қызының өмірімен таныс болдық.

Енді сабақ бойына алған ұпай есептеледі. Бағалау парағына бойынша жеңімпаз топ анықталады.

Курсанттар бағаланады.

Үй тапсырмасы: «Мен көк әлемін сүйемін» тақырыбына шығарма жазу.



Ақындық тапқырлық

АЙРАН

Кенжебай деген ақын жолаушылап келе жатып, бір байдың үйіне қонады. Бай сараң екен. Қонаққа қазан көтермей, айран береді. Ақын айранға қарап:

- Амансыз ба, айран?

Сені іздеген жоқ едім,

Маған келдің қайдан?

Қатындармен ұрысып,

Ертелі-кеш жұлысып,

Айырылып қалыпсың-ау майдан! - депті.

Бай үйі амалсыз қазан көтеріпті.

(Тымпи. А., «Жалын», 1981 жыл, 83-бет.)

Сұлушаш ЖЕТПІСБАЕВА,
Астана қаласындағы
№32 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.


СӨЗДІК ҚОРДЫ МОЛАЙТАР ҚҰСТАР

Сабақтың мақсаты: оқушылардың құстар туралы білімдерін арттыру; табиғатқа өте пайдалы екеніне тоқталу, оқушыларды табиғатты сүйіп, құстарды аялай білуге баулу.

Көрнекілігі: «Біз құстарды аялайық» тақырыбына жасалған альбом, әр түрлі құстардың макеттері, Төле би суреті, киіз үй, бақ-құстар дауысы, тірек-сызба.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім: - Балалар, біз бүгін табиғаттың бір бөлігі — құстарға тоқталамыз. Біздің халық ежелден-ақ құстарға әуес, оларға деген сүйіспеншілігін шексіз дәріптеп, ең жақсы көретін адамды құсқа теңеген. Халық ұлдарын сұңқарға теңесе, төгілтіп ән шырқаған әншісін — бұлбұлға, батырларын — бүркітке, елден асқан сұлуды - аққуға теңеген. Құстар табиғатқа сән береді. Олардың сазды әуені табиғатты құлпыртып, адамдардың көңіл-күйіне әсер етеді.



2. *Өзара сөйлесу.*

1. - Құстардың қандай пайдасы бар?

- Олар ағаштағы, жердегі зиянды құрттарды жейді, құстар
ән айтып көңілімізді көтереді, олар - бақтың сәні.

2. - Ағаштың қандай пайдасы бар?

- Ағаштан қағаз жасайды, үй салады, үй жиһаздарын, т.б.
заттарды жасайды. Ағаш жапырағы ауаны тазартады.

3. - Құстар болмаса ағаш, бақ іші қандай болар еді?

4. - Құс болмаса бақ сәні бола ма?

- Балалар, қазір құстардың әнін тыңдайықшы.

- Орман ішіндегі құстар айтысын тыңдайық.

3. *Күйтабақтан құстар дауысын тыңдау.*

Мұғалім: - Құстар, құстар келеді,
Жерді шуға бөледі.
«Көктем келді!» - деп бізге,
Жақсы хабар береді.

4. *Әдеби монтаж. Құстар тізіліп тұрады.*

Көктем: - Сәлем, достар аман ба?
Мынау бейбіт заманда
Шат-шадыман көктеммін,
Шаттық болсын қашанда!

Оқушы: - Сәлем, елдің көктемі,
Әлем енді көктейді.
Құрметпенен бас идік
Құстарына көктегі.

Мұғалім құстарды сәнімен орындарына отырғызады.

Оқушылар күйтабақтан көкек дауысын тыңдайды.

Көкек: - Жаршысымын көктемнің
«Көкек» дейді мені жұрт.
Өз атын айтар құс - менмін,
Көктемді күтсең – мені күт!

Қарлығаш: - Қарлығашпын мен

Адамға дос ежелден.

Тазалаймын үй-ішін

Шыбын деген кеселден.

Сонымен бірге тұрамын,

Сән-салтанат құрамын.

Мұғалім аңыз оқиды. (Тақтада киіз үй макеті, Төле би суреті, ұя түрлері ілінген):

- Қарлығаш - өте сүйкімді және пайдалы құс. Мен сендерге қарлығашқа байланысты бір аңыз айтып берейін.

- Ертеде жоңғар шапқыншылығы кезінде ел жерін тастап қаша жөнелген екен. Бір ауылдан Төле би атамыз қозғалмай, қазақ үйін жықпады. Қалмақтың әскер басы себебін сұраған кезде Төле би атамыз қазақ үйінің төбесін көрсетіп: «Қарлығаш шаңырақ басына ұя салды, балапандары әлі жас, ұша алмайды», - депті. Сонда жаудың әскер басы Төле бидің ісіне риза болып, адамгершілігіне таң қалыпты. Ал Төле би атамызды халық қастерлеп, қарлығашты «әулие құсы» деп атап кетіпті.

Оқушылар күйтабақтан «Қарлығаш» әнін тыңдайды.

Мұғалім: - Мен еркін бақытты бұлбұлмын

Бұлағын тасытқан ән – жырдың.

Тамаша тамылжып шырқаймын

Шаттығын тауыса алмай әр күннің.

«Бұлбұл» әні тыңдалады.

Мұғалім: - Аққу – құс төресі, бақыт бастамасы, жақсылық пен татулық символы. Оған мылтық кезеп, оқ атпаған.

Аққу: - Құс сұлуы – аққумын,

Табиғат көркін сыйлаған.

Мылтығын кезеп еш мерген,

Атуға көзін қимаған.

Көгершін: - Бейбітшілік құсы менмін – көгершін.

Жер жүзінде бейбіт еңбек көгерсін!

Аспан тұнық, шат көңілді болайық,

Ақ ниетті, адал жандар көбейсін!

Оқушылар «Ақ көгершін» әнін орындайды.

Мұғалім: - Балалар, құстар - біздің досымыз. Ол туралы біз бір сабақ бойы айттық.

Диалог:

1. Құстардың ұясын бұзуға бола ма?
2. Ұядан жұмыртқасын алып, жаруға бола ма?
3. Құстарға қалай қамқорлық жасау керек? (қапаз жасау, жем шашу, ұя бұзбау, т.б.).



Базаргүл КӨЛБАЕВА,
Қарағанды облысының
Теміртау қаласындағы
№16 жалпы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЕСІМШЕДЕ - ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘН ӨНЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік - оқушыларға «Есімше» туралы мағлұмат беру, жасалу жолдарын түсіндіру, қазақ халқының ән өнерімен таныстыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды, жаңа сөздерді, сөз тіркестерін дұрыс айтуға, сауатты жазуға үйрету; **дамытушылық** - сөздік қорларын байыту, ойлау қабілеттерін дамыту, сұрақтарға дұрыс түсініп жауап беруге үйрету, ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** - қазақ халқының өнерін, жерін, елін құрметтеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: тірек-схема, сөзжұмбақ, буклет, кәртішке.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

62 а) сәлемдесу;

ә) әнұран айтқызу;

б) отырғызу.

II. Оқушылармен ауызекі әңгіме жүргізу:

- Бүгін нешесі?

- Аптаның қай күні?

- Жылдың қай мезгілі?

- Қыс айлары?

- Бүгін ауа райы қандай?

- Неше градус суық?

- Сенің Отаның қай жер?

- Қазақстанда қай қалада тұрасың?

- Қай мектепте оқисың?

- №16 мектеп қай көшеде орналасқан?

- Нешінші сыныпта оқисың?

- Қазір қай сабақ?

- Қазақ тілінен үйге не берілді?

III. Үй тапсырмасын тексеріп, бағалау.

VI. Өткен тақырыпты қайталау.

1. Етістіктің неше райы бар?

2. Етістіктің райларын атаңдар.

3. Қазақстанның тұңғыш ұлттық театры қашан ашылды?
(1926).

4. Қазақстан кино өнерінің негізі қай жылы
қаланды?(1930).

*V. Оқушыларды сабақтың жаңа мақсатымен таныс-
тыру.*

- Бүгінгі біздің тақырыбымыз - «Қазақ халқының ән
өнері» және «Есімше». Бүгінгі сабағымызда «Есімшенің»
жұрнақтарымен, жаңа сөздермен, қазақ халқының сазгер-
әншілерімен танысамыз.

1. Грамматикалық тақырып. «Есімше» - это особая
глагольно-именная форма, которая имеет признаки глагола
и прилагательных. В предложение вступает в качестве

определения. Как и глагол есімше имеет категорию времени, спрягается по лицам.

Мысалы: айт+қан+мын, айтарсың,
жаз+ған+мын, айтатынмын.

- Біз есімшемен, оның ерекшеліктерімен, жасалу жолдарымен таныстық. Енді алған білімді пысықтау мақсатында төмендегі практикалық жұмыстар орындалады.

1. Перфокарталармен жұмыс.

Есімше қосымшаларының дұрыс жалғануын белгілеу. Әр оқушыға жеке- жеке перфокарталар беріледі. Олар өз бетінше орындайды.

2. 1-тапсырма. Мәтіннен етістіктерді көшіріп жазып, есімшенің жұрнақтары арқылы есімше тұлғасында жазыңдар. Мысалы: қалдырды;

қалған;

қалар;

қалушы.

VI. Лексикалық тақырып: «Қазақ халқының ән өнері»

а) Алдымен оқушыларды жаңа сөздермен таныстыру.

өшпес – бессмертный;

рухани – духовный;

мәжіліс – собрание;

ырым – поверье;

отырыс – заседание;

сезім – чувство;

қуанту – радовать;

мұңайту – печалить.

ә) мәтінмен жұмыс;

б) мәнерлеп оқып беру;

в) сұрақтар құрғызу, оларға жауап беру.

1. Қазақ халқы неге бай?

2. Әнші- композиторлар қандай байлық қалдырды?

3. Әнші- композиторлар не сыйлады?

4. Нелер ән мен күйсіз өткен емес?

5. Қазақ мерекесі, мәжілісі, ырымы несіз өткен емес?

6. Ән адамды не істейді?

7. Қандай композиторларды білесіңдер?

VII. Осы тапсырмалар орындалып болған соң бүгінгі тақырып жалпы қорытындыланады. Оқушыларға мынадай сұрақ қойылады.

- Біз бүгін не үйрендік, білім қорымызға қандай мәліметтер қосылды?

- Есімшемен;

- Есімшенің жасалу жолдарымен.

- 3 шақта айтылуымен таныстық.

VIII. Үйге тапсырма: ереже, 2- тапсырма.



Райхан КАМИЛОВА,

Ақмола облысының

Целиноград ауданындағы

Р.Қошқарбаев ауылының

№43 орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТҚАН ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ

Сабақтың мақсаты: білімділік - аса көрнекті сазгер, Қазақстан халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру; **дамытушылық** - оқушылардың ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту, олардың бойында туған әуенге деген сүйіспеншілік сезімдерінің қалыптасуына ықпал ету; **тәрбиелік** - эстетикалық тәрбие

беру. Оқушыларды өнерсүйгіштікке, өнер адамдарына құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ.

Әдісі: сұрақ - сабақ, әңгімелеу, түсіндіру, ойландыру.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, музыка.

Көрнекіліктері: портрет, фотобуклет, Шәмші әндерінің жинағы, музыка ноталары, тест тапсырмалары.

Техникалық құрал: компьютер, караоке, интерактивтік тақта.

Сабақ барысы: 1. Ұйымдастыру.

- Сәлемдесу.
- Кезекшімен әңгімелесу.
- Әнұранды орындау.

2. Үй тапсырмасын тексеру. Өткен сабақты қайталау.

- Қазақ өнерінде қандай адамдарды білесіңдер?
- Әміре Қашаубаев туралы не білесіңдер?
- Нұрғиса Тілендиев кім?
- Оның шығармашылығы туралы әңгімеле.

3. Жаңа сабақ.

1. Сабақтың мақсатымен таныстыру.
2. Интерактивтік тақта арқылы «Ұлы сазгер - Шәмші Қалдаяқов» атты слайдтар көрсету.
3. Шәмші Қалдаяқовтың «Қуаныш вальсі» әуені ойнап тұрады.

Кіріспе сөз: Бірінші слайдтың тақырыбы - «Қазақ вальсінің королі». Аса көрнекті сазгер, Қазақстан халық әртісі - Шәмші Қалдаяқов 1930 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында туды. Әкесі - Қалдаяқ он саусағынан өнер тамған зергер, домбырашы болған. Шешесі - Сақыпжамал әнші екен. Оған бұл қасиет ата - анасынан дарыған. Ол бала кезінде алқалы жиындарда өнерін көрсеткен. Мектеп бітірген соң Құрманғазы атындағы консерваторияға оқуға түседі.

Бірінші слайдтың тақырыбы: «Ән әуендері».

Шәмші шығармашылығы 1950 жылдан басталады. Шәмші әндері 60-70 ж.ж. жастардың аузында айтылды. 1964-1972 ж.ж. Шәмшінің халық арасында кең тараған әндері: «Қуаныш вальсі», «Ақ бантик», «Әнім сен едің», «Арыс жағасында», «Менің Қазақстаным», «Ана туралы жыр», т.б.

Үшінші слайдтың тақырыбы - «Өлді деуге бола ма?...»

1991 жылы желтоқсан айында Шәмші Қалдаяқов ауыр дертке ұшырап, 1992 жылы 29 ақпанда мәңгілік көз жұмды.

Дегенде әнің ғажап, әнің ғажап

Жамырай жөнелуші ең, қалың қазақ.

Шарқ ұрып шартарапты сабылсаң да,

Сағынтқан Шәмші бүгін жаныңда жоқ.

Біз кетіп дүниеде Шәмші қалар,

Атағын талайлардың ән шығарар.

Асылым, аман болса, әлі-ақ ұрпақ,

Жеті қат жер астынан аршып алар,- дегендей, осынша ғаламат әндер шығарған Шәмшіні өлді деуге болмас.

Ұрпағына қалдырған мұрасы мәңгі жасайды.

«Ән аға» әні орындалады.

2. Сөздікпен жұмыс:

а) жаңа сөздер компьютерден теріліп, оқушылардың алдында партада жатады.

ә) жаңа сөздермен сөз тіркесін, сөйлем құрастыру.

3. Топтық жұмыс:

а) әр топ өз бетінше мәтінді оқып, аударарды.

ә) әр топ өз бетінше жоспар құрады.

б) әр топ өз бетінше сұрақ ойлап жазады және өзара сөйлеседі.

4. Үлестірмелі ноталармен жұмыс.

1 - топ.

1- нота. Синтаксистік талдау.

Халық ішінде әншілер де, сазгерлер де көп болады.

2-топ.

2- нота. Морфологиялық талдау.

Шәмші Қалдаяқов.

3-топ.

3-нота. Сөз құрамына талдау.

Вальстері, ырғақтары.

5. Сергіту сәті. «Мың бір мақал» ойыны.

Интерактивтік тақта арқылы өнерге байланысты мақал-мәтелдердің жалғасын табу және орысша баламасын табу.

4. Бекіту.

1 - топ. Бес жол өлең құрастыру.

1. Зат есім. Шәмші Қалдаяқов.


2. Сын есім. Талантты, әйгілі.

3. Етістік. Шығарды, бағалады, ұялатады.

4. Сөйлем. Шәмші Қалдаяқов - ұлы сазгер.

5. Синоним. Вальс королі.

2 - топ. Кластер құрып, әңгіме жазу.




3-топ. Венн диаграммасын жасау.

Нұрғиса

ортақ

Шәмші



5. Қорытынды. Тест тапсырмалары.

1. Шәмші Қалдаяқов кім?

- а) әнші; ә) сазгер; б) күйші.

2. Шәмші қай жылы туды?

- а) 1950; ә) 1927; б) 1930.

3. Шәмшінің қанша шығармасы бар?

- а) 300; ә) 200; б) 500.

4. «Вальс королі» деп кімді атаған?

- а) Нұрғиса Тілендиев;
ә) Ахмет Жұбанов;
б) Шәмші Қалдаяқов.

5. Шәмшінің әнін тап.

- а) «Саржайлауым»;
ә) «Арыс жағасында»;
б) «Ағаш аяқ».

6. «Ақмандайлым» әні ғасырдың төбесінен тамшылап тұрған лирика ғой!»

- а) М.Әуезов;
ә) Оразбек Бодықов;
б) Жамал Омарова.

6. Бағалау, мадақтау. Сабакқа белсене қатысқан топқа нотаның суретін сыйлау, баға қою.

7. Үйге тапсырма. Мәтінді мазмұндау, жаңа сөздерді еске сақтау.

Тілектес ЖҮСПОВА,
Ақмола облысының
Есіл ауданындағы
Свободный орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТІЛ БАЙЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ

Сабақтың мақсаты: модуль бойынша оқушылардың білімдерін қорытындылау; оқушылардың тіл байлығын, ой-өрісін дамыту; оқушыларды қоршаған ортаны, табиғаттағы тіршілік иелерін қорғауға тәрбиелеу.

Түрі: қорытынды сабақ, дәстүрлі емес.

Пәнаралық байланыс: география, музыка, әдебиет.

Көрнекіліктер: интерактивтік тақта, слайдтар.

Әдістер: ой қозғау, сұрақ қою, әңгіме кестесі, диалог, көрнекілік стратегияларын пайдалану.

Сабақтың эпиграфы: *«Сүйейік табиғатты, аялайық!»*

Ө. Тұрманжанов.

Ұйымдастыру кезеңі:

* Амандасу.

* Сабақтың тақырыбын айту - «Тілек білдіру ағашы».

* Таныстыру /топпен жұмыс: аты, ұраны, белгі/.

I топ: бүркіт. II топ: қызғалдақ. III топ: барыс.

Бағалау туралы картамен таныстыру.

II. Өткенді қайталау. • Сөздік жұмысын жүргізу.

Бұтақ, кәдімгі, пана, кеңес, қоғам, атқарушы, бақылаушы, өкілдер, халықаралық, қорық, шешілу, бейімделу, ұялау, қауіп, қалпын, таптамау, саналы, табиғи орта.

- Енді сөздік жұмысының тапсырмасын қорытындылап, бір-біріңнің жұмысыңды тексеріңдер.

• «Синтаксис әлемінен»:

- Сөйлем деген не?
- Айтылу мақсатына қарай сөйлемнің қандай түрлері бар?
- Сөйлемнің құрамына қарай қандай түрлері бар?
- Бұның бәрі қандай сөйлем?
- Тағы қандай сөйлемдер бар?
- Құрмалас сөйлем деген не?
- Құрмалас сөйлемнің қандай түрлері бар?
- Салалас құрмалас сөйлем деп қандай сөйлем аталады?
- Салалас құрмалас сөйлемнің қандай түрлері бар?
- Сабақтас құрмалас сөйлем деп қандай сөйлем аталады?
- Оның қандай түрлері бар?
- Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем туралы не білесің?

Таңдау, қалау стратегиясы.

Төмендегі сөйлемдердің арасынан қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді тауып жазыңдар:

Көктем болғанымен, күн әлі жылына қойған жоқ еді.

Бүркіт қартайса, тышқаншыл болады.

Ол оқымақшы болып, қалаға келді.

Өзен жағасы аздап жарлау болса да, екі бала суға еркін секіреді.

Күн жылы болғандықтан, біз серуенге шықтық.

Жаз шыққанмен, күн жылынбады.

Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас.

III. Ой-толғаныс:

“Адамның табиғатсыз күні жоқ,

Табиғаттың оны айтар тілі жоқ”, - деп ақын жырлағандай, адам да - табиғаттың баласы.

- Табиғат деген сөзді қалай түсінесің?
- Адам нелермен үнемі байланысты болады?
- Адам да - табиғаттың бір бөлшегі.

Олар айналадағы ортамен, яғни, жермен, өзен - көлдермен

- барлық тірі ағзамен үнемі байланысқа түседі.

- **Адамдар табиғатты қалай өзгерте бастады?**

- Адамдар өзендердің ағысын өзгертті, өсімдіктер мен жануарларды бір елден екінші елге көшірді. Тауларды қопарып, жердің бетін өзгертті.

- **Табиғаттың байлығын пайдалана отырып бізге не істеу керек?**

- Табиғатты қорғай да білуіміз қажет.

- **Соған байланысты 1966 жылы біздің елімізде не құрылды?**

- Соған байланысты 1966 жылы біздің елімізде «Халықаралық табиғат қорғау қоғамы» құрылды.

- **Оның мақсаты қандай?**

- Оның басты мақсаты - саны сиреп, құрып бара жатқан аң, құстарды, өсімдіктерді қамқорлыққа алып, арнайы кітапқа тіркеу.

- **Мұндай кітап қалай аталады?**

- «Қызыл кітап» деп айтады.

- **Оның парақтары қандай?**

- Оның қызыл және сары парақтары бар.

- **Онда не жазылады?**

- Қызыл парағына құрып бара жатқан, сары парағына саны аз аң - құстар, өсімдіктер жазылады.

- Қазақстан Республикасындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының бірі - мемлекеттік табиғи қорықтар.

• **Мәтінмен жұмыс /оқып, аудару/.**

Өндірісі дамыған елдерде кейбір жан-жануарлар мен өсімдіктер дүниесі өзінің алғашқы табиғи тіршілігінен айырылып қалмақ. Олар азайып, жылдар өткен соң мүлдем құрып кету қаупі туады. Құстар сайрап, көбелектер ұшып, гүлдер гүлдеп тұруы үшін біздер өз Отанымыздың табиғатын жан-жақты қорғауға тиістіміз.

Сонымен, өзімізді қоршаған ортаны, табиғатты аялай,

күрметтей, тани білейік.

Елімізде ормандар мен өсімдіктерді, жануарлармен аң-құстарды қорғап сақтайтын қорықтар бар.

Қорықтар – морфологиялық талдау.

Әр топтан қорықтар туралы оқушылар мәлімдеме береді.

Ақсу - Жабағылы қорығы

1927 жылы ұйымдастырылды. Бұл - Қазақстандағы ертеден келе жатқан қорық. Қорық Оңтүстік Қазақстан облысының Талас Алатауы мен Өгем жотасында 85,4 мың га-дан астам жерді алып жатыр. Қорық төрт биіктік белдеуді қамтиды.

Қорықтың аумағында өсімдіктердің 1404 түрі бар. Құстардың 239 түрі бар, бауырымен жорғалаушылардың 9 түрі және сүтқоректілердің 51 түрі, балықтың 2 түрі бар екені есепке алынды. Сүтқоректілерден қорғауға алынған аса бағалысы арқар, сібірдің таутекесі, бұғы, елік, жыртқыштардан ілбіс, ала мысық, борсық. Ең жоғарғы белдеу - биік таулы қарлы және мұзды шыңдар.

Наурызым қорығы

1934 жылы ұйымдастырылған. Бұл Қостанай облысының Наурызым ауданында орналасқан. Мұның аумағы 87,7 мың га жерді алып жатыр. Қорықта көптеген көлдер бар, қорық көлеміне Наурызымдағы Қарағай мен Тірсек орманы да кіреді. Онда тұяқтылардан қабан, елік, кеміргіштерден суырлар, ақ қояндар және жыртқыштардан қарсақ, түлкі, борсық, күзен, ақ тышқан кездеседі. Қорықта сүтқоректілердің 42 түрі, құстардың 286 -дан астам түрі, балықтың 6 түрі, 687-ге жуық өсімдік түрі кездеседі.

Аппақ қардай аққулар, шағалалар, бірқазандар мен үйректер қаптап жүреді.

Алматы қорығы

1961 жылы құрылған. Аумағы 71,7 мың га-ға жуық, әртүрлі ландшафт зоналарында жатыр. Бұған қар мен мұз жамылған, беткейлері шөптер мен ағашқа бай Іле Алатауымен жағасында құмды шөлі бар Іле өзенінің атақты «әнші тауы» Аққұм-Қалқан жатады.

Қорықтың жануарлар дүниесі алуан түрлі, мұнда 39 түрге жуық сүтқоректілер мен 200-ден астам құстардың, 965 өсімдік түрі бар. Шыршалы орманда бұғы, елік, Тянь-Шань сілеусіні, барыс, борсық, түлкі, қасқырлар мекендейді. Қорықта құстардың ең көбі: ұлар, кекілік, бұлдырық, Іле өзенінің бойындағы тоғайларда қырғауылдар, тарғақтар мекендейді.

Барсакелмес қорығы

Арал теңізінің солтүстік-батыс бөлігіндегі өзі аттас шөлейтті аралда орналасқан. Қорық 1939 жылы ұйымдастырылған. Жалпы көлемі - 16,8 мың га. Ондағы мақсат - жалпы табиғат кешенімен қатар саны азайып бара жатқан ақбөкен мен қарақұйрықты қорғау болды. Бұрын Аралда жоғары сатыдағы өсімдіктердің 250-ден аса түрі өссе, соңғы кезде олардың саны тіпті азайып, кейбіреулері жойылып кету қаупінде.

Қорыққа шөлді аймаққа тіршілік етуге бейімделген жануарлар тән. Негізгі қорғалатын аңдар: ақбөкен, қарақұйрық және құлан. Соңғы жылдары биологиялық жүргізілген сынақтардың салдары да Аралдың экологиялық жағдайын күрделендіріп, қорықтың біраз жануарларын көшіруге тура келді.

Қорғалжың қорығы

1968 жылы құрылған. Қорық Ақмола облысының 259 мың га жерін алып жатыр. Оған тың даланың қол тимеген, түрен түспеген жерлері, сондай-ақ Қорғалжың және Теңіз көлдері кіреді. Бұл жерлер дүниежүзілік маңызы бар су

қоймасы мен жайылымдар тізіміне енгізілген.

Қорықтың жануарлар дүниесі дала зонасына тән. Сүтқоректілердің 41 түрі, құстардың 315 түрі, балықтың 14 түрі, өсімдіктің 343 түрі кездеседі. Олар: суыр, дала алақоржыны, су егеуқұйрығы, қосаяқтар және басқалар.

Қорғалжың көлінің қамыс нуларында қабандар мекендейді. Көл жиегінің қара суларында үйрек, қаз және басқа суда жүзетін құстар сансыз көп. Теңіз көлінде мыңдаған қоқиқаз ұя салады. Қорғалжың көлдерінде үшкір тұмсықты сұқсыр мекендейді.

Марқакөл қорығы

1976 жылы құрылған. Қорық солтүстігінде Қазақстан Алтайының Күршім жотасы мен оңтүстігінде теңіз деңгейінен 1447 м биіктіктегі Азутау жотасы аралығындағы аса әсем Марқакөл шегінде орналасқан. Қорықтың жалпы ауданы - 75 мың га, оның 44 мыңын көл айдыны құрайды.

Көлге 27 кішігірім өзендер, жылғалар құяды, ал одан бір ғана өзен, Ертістің оң саласы - Қалжыр ағып шығады. Дәрілік өсімдіктерден аралий мен «алтын тамыр» кездеседі. Қорықта сүтқоректілердің 58 түрі мекендейді, оның ішінде аю, сілеусін, бұғы, арқар, қасқыр және құстың 260-қа жуық түрі бар, оның ішінде қарақұтан, аққу, суқұзғындар да кездеседі. Көлде балықтың бірнеше түрі: мөңке, майқан, талма теңге бар. Бұлардың ішінде ең бағалысы мөңке, оның еті өте дәмді. Өсімдіктің 721 түрі кездеседі.

Үстірт - республикамыздағы ең жас қорықтың бірі. Ол Маңғыстау облысында 1984 жылы құрылды. Ауданы 223,3 мың га республикадағы ең үлкен бұл қорық Үстірт жерінде орналасқан. Қорықты ұйымдастырудағы мақсат - Қазақстандағы Қызыл кітапқа тіркелетін шөл зонасындағы 12 түрлі аң мен құстарды қорғау мен сақтау. Жануарлар арасынан қорғауға жататыны: жабайы қойдың ерекше түрі - үстірт муфлоны және қарақұйрық, ұзын тікенді кірпі, шұбар

күзен, төрт жолақты қарашұбар жылан. Құстардан ұялайтыны: қарабауыр шіл, кекілік, ителгі, шөл кекілі. Қорықтың аумағында бір кезде осы арада кеңінен тараған жыртқыш ірі мысық қабылан мен құланның санын қалпына келтіру белгіленген.

Батыс Алтай қорығы

1992 жылы құрылған, ауданы - 56 мың га. Қорық Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданында орналасқан. Алтай тау жүйесінің қазақстандық бөлігінің солтүстік - батыс жағын, Холзун, Көксу және Иванов жоталарын қамтиды. Батыс Алтайға тән өсімдік жамылғысының бірнеше типі сақталған. Қорықта жоғары сатыдағы өсімдіктердің 564, құстардың 131, сүтқоректілердің 50, балықтың 5 түрі кездеседі. Өсімдіктерден марал оты, алтын тамыр, жануарлардан бұлғын, аю, құндыз, сусар және т.б. сирек аңдар кездеседі.

Алакөл қорығы

1998 жылы құрылған. Ауданы - 20,7 мың га. Қорық Алматы облысындағы Алакөл ауданында орналасқан. Атыраулық су-батпақты ландшафтылары қорғалады. Құстардың 283 түрі, өсімдіктердің 323 түрі, сүтқоректілердің 40 түрі, қосмекенділердің 2 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 4 түрі бар. Қорықтың негігі мақсаты Алакөл жүйесіне енетін көлдерді мекендейтін су құстарын (аққу, реликт шағала, қаз) қорғау.

Сонымен, біздің елімізде табиғат қорғау ісіне ерекше мән беріледі.

- Балалар, есте сақтаңдар, болашақта ғалымдардың ұсынуымен тағы 15 қорық ұйымдастырылмақшы.

IV. «Сөзің асыл - баға жетпес,

бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес». Мағжан.

Табиғат адамның жанын тербейді, сезімдерін оятады, мүмкін, сондықтан белгілі ақын, жазушылар табиғат

тақырыбына көп көңіл бөлген.

- Ұлы ақын Абайдың қандай шығармаларын білесіңдер?

Диалог құрастыру.

V. Қорытындылау. Оқушыларға сұрақ:

- Табиғатты қорғауға сендер қандай үлес қостыңдар?

Бағалау. «Атамекен» әнін орындау.

VI. Үйге тапсырма беру.

Табиғатты қорғау туралы ой-пікірлерін жазу.



Зәуре ӨМІРЗАҚОВА,

Алматы облысының

Еңбекшіқазақ ауданындағы

Балтабай орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

СӨЗ ТІРКЕСІН ҚҰРАҒАН ҚЫС

Сабақтың мақсаты: білімділік - оқушыларға қыс туралы мағлұмат бере отырып, сөйлеу тілдерін, сөздік қорларын байыту. Берілген сұраққа жауап беруге үйрету;
дамытушылық - оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сабаққа деген қызығушылығын арттыру;
тәрбиелік: қыстағы әдемі табиғат арқылы оқушыларды әсемдікке, табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: «Кім тапқыр» - қыс киімдері салынған сурет, қыс тақырыбына арналған «Мұз айдыны», «Сырғанақта», «Орманда» суреттері, сөзжұмбақ «Қыс», тест, кластер, Венн диаграммасы, 5 жол өлең, қыс туралы тақпақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, топпен, түсіндіру, ойландыру.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) сәлемдесу.

б) кезекші жауабы.

II. Үй тапсырмасын пысықтау.

1. Мәтінді мазмұндау.

2. Сұрақтар қою.

3. Жаттығуды тексеру.

III. Өткен тақырыптарды пысықтау сұрақтары.

1. Сенің Отаның қай жер?

2. Сен қайда тудың?

3. Туған жерің сен үшін неге қымбат?

4. Туған жер туралы қандай мақал-мәтел білесің?

Қорытындылау.

IV. Жаңа сабаққа көшу.

Осы кезде таспадан Ш.Мұхамеджановтың «Көңілді қыс» өлеңі оқылып, тыңдалады.

- Балалар, бұл өлеңде қай жыл мезгілі туралы айтылған?

- Дұрыс.

- Бұл - Қыс. Ендеше, бүгінгі сабақтың тақырыбы - «Қыс».

Оқушылар тақтаға назар аударып, жаңа сөздерді оқып, осы сөздермен сөз тіркесін құрап, дәптерлеріне жазып алады.

Қыстыгүні - зимой;

бейнелеу - описывать;

Жиі-жиі - часто;

сырғанау - кататься;

аяз - мороз;


жайнау - расцветать.

V. 78-беттегі мәтінді оқып, 3 топқа бөлініп, мынандай жұмыстар жүргіземіз.

I топ. Мәтінді оқып, кесте толтыру.

Жыл мезгілі	Айлар	Күндер	Түндер	Ауа райы

II топ. Кластер құрып, әңгіме жазу. Мысалы:



III топ. Тақтадағы суреттер бойынша сұрақ-жауап ойластыру.

1. - Суретте қай мезгіл бейнеленген?

- Суретте қыс мезгілі бейнеленген.

2. - Бұл қай жер?

- Бұл - сырғанақ, мұз айдыны.

3. - Балалар немен сырғанап жүр?

- Балалар шана, шаңғы, конькимен сырғанап жүр.

4. - Олар қандай киімдер киген?

- Олар тон, құлақшын, пима, қолғап киіп, бөкебайды мойынға салған.

5. - Балалар қардан не жасап жатыр?

- Балалар қардан аққала соғып жатыр.

6. - Дала қандай болып тұр?

- Дала суық, ызғарлы, аяз болып тұр.

VI. - Балалар, ал енді, тақтадағы мына суреттерге назар аударып, «Кім тапқыр» ойынын ойнайық. Бұл ойынның шарты: суреттердегі киімдердің атын атап, қайсысы қыстық киім екенін ажырату.

- Балалар, мынандай жағдайда сендер қандай әрекет жасар едіңдер?

❖ Шілдеде күн өте ыстық болса, онда қыста қатты аяз болады.

❖ Ай туғанда көлденең жатса, өзіне жайлы, ал ай тік туса, өзіне жайсыз, халыққа жайлы ай болады.

IX. Сабақты бекіту. Балалар 3 топқа бөлініп, тапсырмалар орындайды.

1 топ. Сызбалар бойынша қыс туралы сөз тіркесін құрайды.

Зат есім + етістік

сан есім + зат есім

Сын есім + зат есім

есімдік + етістік

2 топ. Венн диаграммасы.



3 топ. Берілген сөздермен 5 жол өлең құрастыру.

1. қыс. 2. ызғарлы, суық. 3. соғады, борандатады, әлек салады. 4. Қыста күн суып, боран соғады. 5. Қыс – қар, аяз.

Әр топтан бір оқушы жауап береді.

X. Қорытындылау. Оқушылар білімін тест арқылы бақылау.

1. Қыс айларын ата.

а) маусым; ә) желтоқсан; б) қараша.

2. Қысқа байланысты мақалды тап.

а) Отансыз адам - ормансыз бұлбұл;

ә) Өнерімнің өрісі кең;

б) Қыстың көзі - қырау.

3. Қыста кимейтін киімді тап.

а) қолғап; ә) көйлек; б) етік.

4. Қыста қай аң терең ұйқыға батады?

а) Аю; ә) түлкі; б) қасқыр.

5. Қыс мезгіліндегі 1-ші айды ата.

а) қаңтар; ә) желтоқсан; б) ақпан.

6. Жылдың ең қысқа күні мен ұзақ түні қай айда болады?

а) желтоқсан; ә) қаңтар; б) ақпан.

7. Қыста терезелерге ою-өрнекті кім салады?

а) суретші; ә) сәулетші; б) аяз.

XI. Бағалау. Үйге тапсырма.

Қыс туралы сурет салып, тақпақ, жұмбақтарды жаттап келу.



Жанна БАЙЗАҚОВА,

Шығыс Қазақстан облысының

Семей қаласындағы

№7 мектеп-лицейдің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ЖЕТІЛДІРЕТІН - ДЕНСАУЛЫҚ

Сабақтың мақсаты: білімділік - мәтінмен жұмыс жасайды, аударайды, әңгімелейді, сөйлем құрайды. Денсаулық, спорт туралы мәлімет алады; **дамытушылық** - оқушылардың сөздік қоры молаяды. Ойлау қабілеттері дамиды, ойын

толық жеткізуге үйренеді; **тәрбиелік** - денсаулық туралы пайдалы кеңестер алады. Спортқа сүйіспеншілік сезімдері оянады. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, компьютер, тестілеуші құрал, спорт туралы оқушылардың слайдтары. **Түрі:** интерактивті. **Әдісі:** презентация, түсіндіру, оқу, аудару, талдау, топтық, жеке жұмыстар, суретпен жұмыс, сұрақ-жауап, сергіту ойыны, тест.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, орыс тілі.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сұрақ –жауап.

- Сыныпта кім кезекші?

- Сыныпта кім жоқ?

- Қазір қай ай?

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Спорт шеберлері туралы әңгімелеу (оқушылардың презентациясы).

2. Мақал-мәтел (денсаулық , спорт туралы).

1. Спорт.

Қазақстанда спорттың мынадай түрлері дамыған:

Жеңіл
атлетика

Волейбол

Шаңғы
спорты

Қазақша
күрес

Футбол

Бокс

Гимнастика

Спорт шеберлері:

Ж. Үшкемпіров.

Б. Сәрсекбаев.

Д. Тұрлыханов.

В. Жиров.

И. Ильин.

С. Қонақбаев.

Белгілі спортшылар:

А. Винокуров

Б. Сәрсекбаев

Ә. Юсупова

Б. Саттарханов

О. Шишигина

Б. Артаев

2. Мақал – мәтел (жатқа айту, мағынасын ашу).

III. Жаңа сабақ: «Денсаулық - зор байлық».

1. Сөздік:

особое внимание – ерекше көңіл;

рациональное питание – тиімді тамақтану;

личная ответственность – жеке жауапкершілік;

отказ – бас тарту;

вредные привычки – зиянды әдеттер;

курение – шылым шегу;

алкоголь – арақ, шарап;

необходимый – қажетті;

работоспособность - еңбекке қабілеттілік;

заболевание – ауру;

угрожающий – қатерлі, қауіпті;

поколение- ұрпақ;

общество- қоғам.

2. «Врачи советуют» мәтінімен жұмыс.

а) Мәтінді тақтадан оқып отырып тыңдау, аудару.

ә) Мұғалім мәнерлеп оқиды.

І топ.особое внимание обратить на основные элементы здорового образа жизни: физические упражнения и спорт, рациональное питание и личную ответственность каждого за свое здоровье, отказ от вредных привычек, в том числе от

курения и алкоголя.

II топ. Правильное питание, получение организмом необходимых витаминов и минеральных веществ в тех количествах, которые требуются человеку в зависимости от возраста, пола, профессии, определяют здоровье, работоспособность и продолжительность жизни человека.

III топ. Употребление спиртных напитков, наркотиков, курение табака во всем мире признаны факторами риска самых серьезных заболеваний, угрожающих здоровью и даже жизни людей.

В нашей стране объявлен решительный бой этим явлениям. Он ведется в интересах здоровья нынешнего и будущих поколений, в интересах семьи, общества, государства.

3. Суретпен жұмыс (әңгімелеу).

I топ.

II топ.

III топ.

4. Спорт - денсаулық кепілі (презентация).

1. Дене шынықтыру сабағында.

2. Дәрігердің бақылауында.

IV. Сергіту ойыны. Жұмбақтар шешу.

«Кім жылдам?»»



Жұмбақтар.

- | | |
|---|--|
| 1. Бала біткен соғады
жеңіл шарды домалақ.
Ұрсаң
Ұшып жоғары,
Жерге түсер домалап.
(доп) | 4. Табанға қанжар байладым,
Бетінде айна ойнадым.
(коньки) |
| 2. Мінсем,
Төменге зу етем.
Өрлесем,
Оны өзім сүйретем.
(шана) | 5. Үрлесен жеп-жеңіл,
Елпілдеп кетеді.
Ұшырсаң -
Көк теңбіл
Бұлтқа да жетеді.
(шар) |
| 3. Аяғымда
Басы қайқы қос сырық.
Таяғым да
Қуады оны састырып.
(шаңғы) | 6. Темір тайым
Тамақты еш жоқтамайды.
(велосипед) |
| | 7. Жазда айдында жүзеді,
Қыста үміт үзеді.
(қайық) |

V. 2- тапсырма.

Жақшаны ашып, сөйлемдерді аударып, жазу.

1. (Күнде, таңертең) я занимаюсь гимнастикой.

2. (Сенбі күні) с семьей выезжаем в горы.

3. (Аптасына екі рет) хожу в спортивный зал на тренировки.

4. Тренировки (5-6 сағат) проводятся.

5. Заниматься спортом (ұнатамын).

VI. 1-тапсырма. Диалогты төменде берілген сөз тіркестерімен толықтырып сөйлесу.

- Сен ертеңгілік жаттығумен күнделікті шұғылданасың ба?

-

- Спорт туралы бағдарламаны қашан көресің?

-

- Спорт үйірмелеріне қашан барасың?

-

- Туристік базаға қай кезде барып тұрасың?

-

- **Жақсы демал, денсаулығың мықты болсын!**

Керекті сөз тіркестері: әр таңда, апта бойы, бос уақытымда, жолдастарымен келіскен күні.

VII. Қорытындылау.

Тест. Оқушыларды тестілеу арнайы құрал арқылы жүргізіледі.

1. Қазақстанда әлемдік деңгейде дамыған спорт түрі?

а) тоғыз құмалақ; ә) бокс; б) қазақша күрес.

2. Қақтың ұлттық ойыны?

а) қазақша күрес; ә) бокс; б) жеңіл атлетика.

3. Д.Тұрлыханов қай спорт түрімен шұғылданды?

а) күрес; ә) волейбол; б) бокс.

4. Пекин олимпиадасында ауыр атлетикадан алтын медаль алған Қазақстандық спортшы?

а) Ж.Үшкемпіров; ә) И. Ильин; б) Б.Сәрсекбаев.

5. Бірінші байлық не?

а) денсаулық; ә) ақша; б) бақыт.

6. Денсаулыққа зиянды әдеттер?

а) шылым шегу;
ә) спортпен айналысу;
б) таңертеңгілік жаттығу.

VIII. Үйге тапсырма беру.

3-тапсырма. Мәтінді әңгімелеу. 130-бет.

IX. Бағалау.

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН КӨРКЕЙТКЕН «ДҮНИЕДЕ НЕ ӨЛМЕЙДІ?» ӘНГІМЕСІ

Сабақтың мақсаты: білімділік - «Дүниеде не өлмейді?» әңгімесінің мәнін ашып, Жиреншенің шешендік өнерін көрсету, ой-өрістерін кеңейту; **дамытушылық** - оқушының шығармашылық жұмыс істеуіне ықпал ету; қабылдау қасиеттерін, сөздік қорларын, логикалық тұрғыдан ойлауын дамыта отырып, сөйлеу мәдениетін, әдеби білімдерін қалыптастыру; **тәрбиелік** - салт-дәстүріміздегі шешендік өнердің мағынасын ашып, бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру.

Әдіс-тәсілдері: түсіндірмелі оқу, талдау, әңгімелеу, тыңдау, сұрақ-жауап, интерактивті оқыту әдістері.

Көрнекі құралдар: Кеспе сөздер, плакат, проектор.

Түрі: Дәстүрлі сабақ, жаңа білімді игеру сабағы.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу. Сабаққа дайындық деңгейлерін өздері бағалайды.

II. Ұй тапсырмасын тексеру кезеңі.



1. - Шешендік сөздер қазақ әдебиетінің қай саласына жатады?

- Шешендік сөздер дегеніміз не?
- Шешендік сөздер қалай тараған, қалай сақталған?
- Шешендік сөздерді шығарған кімдер?
- Олар қандай адамдар?
- Қазақтың қандай атақты шешендерін, билерін білесіңдер?

- Шешендік сөздерге нелер жатады?

2. - «Бата» дегеніміз не?

- Батаны кімдер береді?
- Ол - кез келген жерде айтыла бермейтін қасиетті ұғым. Батаның қандай түрлері бар? Үйлерінде батаны қашан береді?

- «Ақ тілеудің белгісі – бата», - дейді халық. Кім бата бере алады?

(оқушылардың батасы)

- «Тілек » дегеніміз не, олар қандай сөздер?
- Тілекті қашан айтады?
- «Даналық сөздердің» аудармасы қалай? Олар кімдердің сөздері?

- Ақындардың, жазушылардың, ұлы адамдардың сөздері.

3. - Қазір өнегелі өсиет, даналық сөздерді қолдана отырып, екі топ болып жарысқа түсеміз. Шешендік айтысымызды «Тілім - тірегім» деп атаймыз. 1-ші топтың аты - «билер», 2-ші топтың аты - «шешендер» болсын.

(Оқушылардың сөз жарысы).


Даналық сөздер және өнегелі өсиет сөздерді қолдана отырып, екі оқушының дайындаған тіл туралы ой толғауы. (Шығармашылық деңгейдегі тапсырма).

III. Жаңа сабақ.

1. - Бүгінгі сабақта шешен, билеріміздің шешендік сөздерімен танысамыз. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Сөйлеу мәдениетін көркейткен «Дүниеде не өлмейді?» әңгімесі.

Сабағымыздың мақсаты: «Дүниеде не өлмейді?» әңгімесінің мазмұнымен танысып, талдаймыз. Жаңа сөздермен танысамыз, сөз мәдениетін көркейтеміз.

1. -Тақырыпты бастамас бұрын, менің мына сұрағыма жауап беріп көріңдерші, «Әлемде не мәңгілік?»



3. - Ал, бұл - сендердің ойларың, ал бұл айтқандарың шешендеріміздің ойларымен қаншалықты сәйкес келетіндігін тексереміз. Ол үшін әңгіме бойынша сөздермен танысамыз.

Бірауыздан – единоголасно;

Қарсы жауап айтты – выступил против;

Еңкейіп барып батқаны – закат;

Ажал – смерть;

Қақпан – капкан;

Хаты – (здесь) труды;

Аты – (здесь) слава, известность.

(Жаңа сөздермен жұмыс жүргізіледі.)

4. Мұғалім әңгіме оқиды.

5. 11-беттегі берілген сөздерге түсінік беріледі.


IV. Дағдыландыру кезеңі.

1. Оқушылар оқып, орысша қысқаша мазмұнын айтады.


2. Сұрақ-жауап:

- Жәнібек хан билеріне қандай сұрақ қояды?

- Билер не деп жауап береді?
- Олардың жауаптары дұрыс па?
- Ал Жиреншенің жауабы қандай?
- Су, тау, ай мен күн, қара жер қай кезде өледі?
- Жақсы, ал Жиренше шешеннің ойынша дүниеде не өлмейді, не мәңгілік екен?
- Ал, балалар, қарайықшы, сендердің пікірлерің билер мен Жиреншенің ойымен сәйкес келді ме?
- Ал, шын мәнінде не өлмейді екен?
- Жақсының аты мен ғалымның хаты.
- Ал, жақсы дегеніміз кім? Жақсы адамдар деп кімдерді айтамыз?
- Ел есінде қалатын белгілі, ұлы адамдар.
- Жақсының аты, жақсы деген кімдер? (кластер толтыру)



- Осы кластерді әрі қарай өрбітейікші. (Есімдері елге белгілі, ұлы адамдар туралы сұралады).
- Ал ғалымның хаты дегеніміз не? Хат деп нені түсінеміз?
- Ғалымның хаты (кластер).



- Өлең, жыр, шығарма, әңгіме, нақыл сөздер, т.б.
- Мен бұлардың қатарына жолдауды да жатқызар едім.

(Қ.Р.Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы туралы бірер сөз).

- Олар неге өлмейді?
- Өйткені олар қағазда жазылған, атадан балаға мұра болып қала береді.
- Жақсы адамдарымыздың да аттары мәңгі есімізде сақталады, өйткені олар арттарына мол мұра қалдырды.

V. Сабақты бекіту. Оқушылар бір-біріне сұрақ қою арқылы сабақты бекітеді.

VI. Үй тапсырмасы. 1. Жиреншенің берген жауабын жаттау.(10-бет, 3-тапсырма).

2. Әңгімеде қарамен жазылған сөздердің омонимдерін жазып, мағынасын түсіндіріңдер.

VII. Бағалау. VIII. Қорытынды.



Гүлмира ЕРЕШЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Петропавл қаласындағы
№7 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ДОСТЫҚТЫ ЖЫРЛАҒАН КӨПТІК ЖАЛҒАУ

*(қазақ тілінен өзін – өзі тану элементтерін
қолдана отырып өткізілген сабақ)*

Сабақтың мақсаты: достық туралы түсініктерін кеңейту. Оқушыларға дос туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын, адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген

достық сезімдерін нығайту. Оқушыларға тапсырмалар беру арқылы өз ойын тілмен жеткізе білуге дағдыландыру, екі тілде сөйлеуге машықтандыру. Есте сақтау қабілетін ұлғайту. Сөздік қорын байытып, тілін дамыту.

Түрі: жаңа сабақ.

Әдісі: әңгімелеу, жобалау технологиясының элементтері, сұрақ-жауап, түсіндіру, мәнерлеп оқу, әңгімелесу, танымдық ойындар, шығармашылық жұмыс.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, слайд, оқулық, суреттер (ағаш, күн, тамшылар, бұлттар, күннің шуақтары, түсті жапырақтар), балалардың суреттері, кәртішкелер, папкалар, кестелер, «Достар әлемі» сөзі.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, өзін – өзі тану.

Сабақтың айдары: *Адам досымен мықты,
Ағаш тамырымен мықты. (мақал)*

Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру.

- Балалар, бүгін бізге қадірлі қонақтар келіп отыр. Қоршаған ортамен, қонақтармен амандасайық.

- Сәлеметсіз бе, Күннің көзі?!
- Сәлеметсіз бе, аспан?!
- Сәлеметсіз бе, Жер - ана?!
- Сәлеметсіз бе, қонақтар?!
- Сәлеметсіз бе, мұғалім?!
- Сәлеметсіз бе, достарым?!

III. Жаңа сабақ.

- Балалар, достарың көп пе?
- Көп.
- Ендеше, мен сендерді «Достар әлеміне» шақырамын.
- Достар әлемінде не бар? (ағаш, бұлттар, Күн, тамшылар).
- Олардың түсі қандай? (бұлттар – қоңыр, Күн – ақ, ағашта жапырақтар жоқ).

«Достар әлемін» әдемі, табиғатын ашық қылуымыз керек. Ол үшін бірнеше тапсырмаларды орындау керек. Сондықтан

бүгінгі сабақтың мақсаты:

1. Тамшылардың сырын ашу;
2. Күнді жарқырату;
3. Жапырақтарды түске енгізу;
4. Бұлттарды ашу.

- Жұмысымызға кірісейік, қазір біз «Достар әлемін» безендіреміз.

I. Тамшылардың сырын ашайық.

- Әр тамшыда бір әріп жазылған, олардың дыбыстық сипаттамасын беру керек.

- Ашқан әріптерді бір қатарға қойып, өткен сабақтың тақырыбын ашамыз (*Күз мезгілі*).

Әріп	Дауысты дыбыстар						Дауыссыз дыбыстар		
	жуан	жіңішке	ашық	қысаң	еріндік	езулік	қатаң	ұяң	үнді
К									
Ү									
З									
М									
Е									
Э									
Г									
І									
Л									
І									

II. Күнді жарқыратамыз. - Енді, балалар, біз Күнді жарқыратайық. Күн – бала сияқты, ол ойынды жақсы көреді. Сондықтан, біз «Домино» ойынын ойнаймыз. Бір кәртішкеде сөйлемнің басы болады, екінші кәртішкеде сөйлемнің аяғы болады. Сөйлемдерді жинап, мәтін жасаймыз.

- Ал, сөйлемдерді кезекпен оқиық.

Күз мезгілі // келді. Күз айлары: // қыркүйек, қазан, қараша. Күзде күн // салқындайды. Жиі жаңбыр // жауады. Ағаш жапырақтары: // сары, қызыл, жасыл. Құстар жылы жаққа // ұшып кетеді. Маған күз мезгілі // өте ұнайды.

- Сендерге күз мезгілі ұнаса, Күнге де күз мезгілі ұнайды, сондықтан ол жарқырап шықты. Күнде қандай жазу бар?

(Менің досым)

- Бүгінгі сабақтың тақырыбы – **Достықты жырлаған көптік жалғау.**

III. Жапырақтарды түске енгіземіз.

- Балалар, ағаштың түсі қандай?

- Ағаш қоңыр.

- Ағашта не жоқ?

- Ағашта жапырақтар жоқ.

- **Күзгі жапырақтардың түстері қандай болады?**

- Сары, қоңыр, жасыл, қызыл.

- Енді ағашымыз әдемі болу үшін біз жапырақтардың үстіндегі сұрақтарға жауап береміз. Сары жапырақтарда фонетикадан сұрақтар, жасыл жапырақтар арқылы біз лексиканы қайталаймыз, ал қызыл жапырақтар арқылы біз сөз құрамымен танысуды жалғастырамыз.

Сары жапырақтар:

1) Фонетика нені зерттейді?

2) Қазақ тілінде неше әріп бар?

3) Қазақ тілінде неше дыбыс бар?

4) Дауыссыз дыбыстар қалай бөлінеді?

5) Дауысты дыбыстар қалай бөлінеді?

6) Үндестік заңы қалай аударылады?

7) Буынның неше түрі бар? Атаңдар.

Жасыл жапырақтар:

- Синоним дегеніміз не?

- Антоним дегеніміз не?

- Омоним дегеніміз не?

Қызыл жапырақтар:

- Сөз құрамы нешеге бөлінеді?

- Түбірдің түрлерін ата.

- Қосымша деген не?

Жалғаудың неше түрі бар? Атаңдар.

- Балалар, қазақ тілінде көптік мағына білдіру үшін қандай қосымшалар жалғанады? Жалғаулар жалғанады.

- Кім көптік жалғауларды атап шығады? Көптік жалғауы: *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер* : бала-лар, кітап-тар, біз-дер, сен-дер, осы-лар, мына-лар, әркім-дер, өзен-дер, т.б.

Көптік жалғауын жалғап үйреніңіз

- **тар, - тер** — б, в, г, д және қатаң дауыссыз дыбыстардан соң;

- **дар, - дер** — ж, з және л, м, н, ң дауыссыз дыбыстарынан соң;

- **лар, - лер** — й, у, р және дауысты дыбыстардан соң.

ІҮ. Бұлттарды ашамыз.

- Тамшылардың сырын аштық, Күнді жарқыраттық, ағашта жапырақтар пайда болды. Енді бұлттарды ашамыз. Бұлттарды ашу үшін біз сендермен әр түрлі тапсырмалар орындаймыз.

1-тапсырма: қажетті жалғауларды жалғандар.
(интербелсенді тақтада орындалады).

КІТАП



КІТАП...



ДОМБЫРА



ДОМБЫРА...



АЛМА



АЛМА..



ГҮЛ



ГҮЛ...



МЫСЫҚ



МЫСЫҚ...



БАЛА



БАЛА...



(Оқушылар дәптерге жазады.)

2-тапсырма: жаңа сөздермен жұмыс.

Дос, жолдас – друг;

Жау, дұшпан – враг;

Мінез – характер;

Ақылдасу – советоваться;

Бойы – рост;

Жақсы көреді – любит;

Ермегі – хобби.

- Мәнерлеп оқу (мұғалім).
- Хормен айтқызу.
- Сөздік дәптерлеріңізге жазыңыздар.

3-тапсырма. Дос сөзімен жұмыс.

1. Дос сөзімен *«Баспалдақ»* жұмысын жүргіземіз.

Дос.

Жақсы дос.

Марат - жақсы дос.

Марат - өте жақсы дос.

Біздің Марат - өте жақсы дос.

Біздің Марат - өте жақсы, адал дос.

Біздің Марат - өте жақсы, адал, сенімді дос.

4-тапсырма: мәтінмен жұмыс.

49-беттегі мәтінмен жұмыс істейміз.

Мәнерлеп оқу (мұғалім). Кезекпен оқу.

- Мәтінді оқып, мазмұнын айтыңдар.
- Көптік жалғауы бар сөздерді теріп жазыңдар.
- Сұрақтарға жауап беріңдер.
- *Досыңның аты кім? Ол қалай оқиды? Ол қандай жолдас? Мінезі қандай?*

5-тапсырма: мақал-мәтелдер.

- Мына бұлтты ашу үшін мақал-мәтелдер сайысын өткіземіз.

«Көп ақшаң болғаниша, көп досың болсын».

«Досы жақсының - өзі де жақсы».

«Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық».

«Досың мың болса да - аз, дұшпаның біреу болса да - көп».

«Жаман жолдастан таяғым артық».

«Күлме досыңа, келер басына».

«Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы».

«Доссыз өмір – тұзсыз ас».

- А какие русские пословицы вы знаете о дружбе?
- А на английском языке сможете привести примеры?

6-тапсырма: сенің досың кім?

- «Сенің досың кім екенін айт, мен сенің кім екенінді айтып беремін» деген екен бір дана кісі жаңа танысқан адамына.

- Енді сіздер өз достарыңызбен таныстырасыздар.

- Бізге Алена «Менің досым» деген презентация жасап әкелді (Захарова Алена слайд арқылы өз досы туралы айтып береді).

- Менің қолымдағы өз досыңның суретін алып, ешкімге көрсетпей, досың туралы әңгімеле (суретті таңдап алу).

- Ал, кезекпен айта қойындар. Сондықтан суреттерге бір шуақты күнге қосып тақтаға ілесіндер. (Оқушылар кезекпен өз досы туралы әңгімелейді. Достарының суретін тақтаға іліп, бір шуақты күнге қосады).

- Енді достарымызбен бірге бір – біріміздің қолымызды ұстап, «Достық шеңберін» құрайық. Қандай тамашасындар, сендердің сүйікті достарың көп екеніне мен қуаныштымын! (әр тапсырманы орындағаннан кейін, бұлттардың артын ауыстыру). Балалар, қарайықшы, біз құрған «Достық әлемі» қандай тамаша болды!

IV. Сабақты қорыту.

- Кім мектебімді сүйем десе, оң қолын көтерсін.

- Елім тату дегені, сол қолын көтерсін.

- Елімізде көп ұлт достасып тұрады десек, алақан соғайық.

- Кім сыныптасын - досым десе, қол ұстасайық,

- Қолымызды үзбей достық туралы мақалды оқиық.



V. Үй тапсырмасы:

III деңгей.

✗ Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнын орысша айтып беріңдер.

✗ Құрбы, мұғалім, бала, сынып, кітап, дос сөздеріне көптік жалғауын жалғандар.

II деңгей.

✗ «Менің досым» мәтінінің мазмұнын айтып беріңдер. Мәтіндегі кім? не? сұрақтарына жауап беретін барлық сөздерге көптік жалғауын жалғандар.

✗ Мәтінге 5 сұрақ дайындандар.

I деңгей.

✗ Қазақ тіліндегі жалғауларды басқа тілдерден кездестіруге бола ма? Мысал келтіріңдер.

✗ Ең жақын досың кім? Ол басқа достарыңа қарағанда саған несімен ұнайды?

VI. Бағалау. Оқушылардың еңбектерін бағалау.

- Сабағымыз Күндей нұрлы өтті деп ойлаймын. Мен сіздерге жапырақтар сыйлаймын. Жапырақтың сыры бар. Ол жай жапырақ емес, ол - баға жапырағы. Жапырақтардың үстінде баға «5» (қызыл жапырақ), «4» (сары жапырақ), «3» (жасыл жапырақ).

- Сабақ аяқталды. Көп рахмет! Сау болыңыздар!

ҚОРШАҒАН ОРТАДА МӘНЕРЛЕП ОҚУ

Сабақтың мақсаты: *білімділік* – «табиғат аясында» тақырыбын тәңірегінде сөйлей білу, білімдерін пысықтау, тереңдету; *дамытушылық* - сөздік қорды байыту, байланыстыра сөйлеу, мәнерлеп оқу дағдысын дамыту; *тәрбиелік* - оқушыларды туған табиғат, қоршаған ортаны аялауға, сүйеге тәрбиелеу. Экологиялық тәрбие беру. **Көрнекіліктері:** интерактивті тақта, слайдтар: «Біздің еліміздің табиғаты», Қазақстан картасы, «Табиғат» сурет көрмесі. **Пәнаралық байланыс:** география, иология, экология. **Түрі:** жаңа сабақ.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу. б) Сұрақ-жауап:

- Балалар, қазір қай жыл мезгілі?
- Бүгін ауа райы қандай?
- Бүгін нешесі?
- Қай күн?

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. «Хайуанаттар бағында» диалогы, сөз жаттау. 2. Жұмбақтарды шешу. 3. Ребустарды шешу.

Жұмбақтар.


- | | |
|---|--|
| 1. Арқасында ерімен туған,
Аптасына бір ішеді судан.
(түйе) | 2. Бейқам елді іздейді,
Малдан күдер үзбейді.
(қасқыр) |
| 3. Мінсең - қанат,
Сүті - дәрі, | 4. Халық «қу» деп
қылған күлкі, |

Еті - тамақ. (жылқы)

Айласы көп, Бұл не?

(түлкі)

Ребусты шешіңдер.



III. Жаңа тақырып.

- Балалар, бүгінгі сабақтың тақырыбы - осы сөзжұмбақта. Сұрақтарға жауап беріп, онымен танысамыз.

Сөзжұмбақ сұрақтары:

1. Қазақстанда Алтай, Тарбағатай, Жоңғар (таулары) бар.
2. Апорт ... (алма) қандай дәмді!
3. Көкөніс, жеміс сататын жер (базар).
4. Қандай жануар адамның ең жақын досы болады? (ит).
5. Солтүстік Қазақстанның ормандары қандай? (ғажап).
6. Қазақ халқы ерте заманнан шұғылданған кәсіп? (аңшылық).
7. Алакөл - ең ... (тұщы) көл.

1.	Т	А	У	Л	А	Р	Ы
2.	А	Л	М	А			
3.	Б	А	З	А	Р		
4.	И	Т					
5.	Ғ	А	Ж	А	П		
6.	А	Ң	Ш	Ы	Л	Ы	Қ
7.	Т	Ұ	Щ	Ы			

- Сонымен, балалар жауап сөздерінің бірінші әріптерінен қандай сөз шықты? - «Табиғат» сөзі. - Бүгінгі сабақтың тақырыбы - табиғат аясында модулі бойынша «Қоршаған ортада мәнерлеп оқу».

1. Қазір біз «Қоршаған орта» мәтінін мәнерлеп оқимыз.
(«Біздің еліміздің табиғаты» слайд).

2. Сөздікпен жұмыс. Сөз тіркесін тауып, сөйлем құрастыру.

Қоршаған орта - окружающая среда; Үлес – вклад;

Өзекті – актуальная; Мәселе – проблема;

Қастерлеу - уважать, почитать; Аялау – ценить;

Мақтаныш – гордость; Қорғау – защищать;

Борыш – долг.

3. Оқушылар мәтінді кезекпен бір сөйлемнен мәнерлеп оқиды, аударады. 4. Сұрақтарға жауап беру.

1) Қазіргі кездегі өткір мәселелердің бірі қандай?

2) 5 маусым қандай күн?

3) Оның негізгі мақсаты не?

4) Ол күні қандай жұмыстар өткізіледі?

5) Келер ұрпаққа не қалдыру керек?

Слайдтар: «Біздің еліміздің табиғаты», «Адамның табиғатсыз күні жоқ, Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ».

5. Деңгейлік тапсырмаларды орындау.

I- деңгей. Сөйлемдерді дұрыс құра:

1. Республикада орман, тоғай, әдемі, бар.

2. Қазақстан, өте, бай жері, көлге.

3. Бұлақтар ағады, мөлдір, таудан.

II-деңгей. Көп нүктенің орнына керекті сөзді жаз.

1. Табиғатты қорғау -... борышы.

2. Қазақстанда ... тауы бар. 4. Орманда ... мен ... өседі.

3. ... мөп-мөлдір. 5. Табиғат... байлығымыз.

Керекті сөздер: *озера, наше, тополя и березы, Алтай.*

III-деңгей. Хабарлы сөйлемдерді аударып, сұраулы сөйлемдерге айналдыр: *Природа Кокшетау красива.*

В Казахстане есть 9 государственных заповедников.

Земля Казахстана богата озерами.

Самые крупные озера: Балхаш, Зайсан, Алакол, Маркакол.


6. Диалогты оқу (70-бет). «Экосолнышко».

- Оның мақсаты қандай? Экология дегеніміз не?

Слайд: «Туган Тараз қаламыздың табиғаты».

- Біздің қаламыздың көрікті табиғаты - жол бойындағы, көшелердегі ағаштар мен гүлдер, саяжайлар. Ал, ағаш егудің пайдасы неде деп ойлайсындар?


- Ал, балалар, сонымен табиғат дегеніміз не?



7. Картамен жұмыс. а) Картадан тауларды көрсету;

б) Көлдерді көрсету; в) Өзен, теңіздерді көрсетеді.

8. Ойқозғау. Топтастыру.



9. Мақал-мәтелдер:

Атаңнан мал қалғаниша, тал қалсын.

Ер - елдің көркі, орман-тоғай - жердің көркі.

Бір тал кессең, он тал ек.

Табиғат - алтын бесік.

Табиғат - тірі дүние.

Біз - табиғат қорғаны.

Табиғат - тіршілік көзі.

Жер - біздің ортақ үйіміз.

Жер - Ана жыламасын!

V. Жаңа сабақты қорытындылау.

- Келешек ұрпаққа табиғат байлықтарын жеткізуіміз керек.

Табиғатты қорғау - қасиетті парызымыз.

VI. Оқушыларды бағалау. VII. Үйге тапсырма. Диалог айту, 4-тапсырма, өлең жаттау.

Ардақ НҮРИЕВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Көкпекті ауданындағы
Пантелеймоновка ауылының
Пантелеймоновка негізгі мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ТАЛҒАУЛЫ САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ МЕН ҚОЛӨНЕР

Мақсаты: білімділік - талғаулы салалас құрмалас сөйлем туралы түсініктерін кеңейту, қолөнер тақырыбымен танысу; **дамытушылық** - оқушылардың ойлау, қазақша сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, сауатты жазып дағдылану; **тәрбиелік** - қазақ халқының шеберлігін және өнерін сыйлауға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу, топтық жұмыс.

Көрнекілігі: сызба, оқулық, қиынды суреттер, бүктеме.

Пәнаралық байланыс: тарих, орыс тілі.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сөйлесу, сәлемдесу.

II. Өткенді қайталау. Ұй жұмысын тексеру.

Қара шаңырақ тақырыбына байланысты мақалдарды жатқа айту.

III. Жаңа сабақ.

Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

Модульға кіру, жеке- жеке тақырыптарды оқу.

1. Сызба, бүктеме бойынша кіріспе сөз.

Қолөнер

Әйелдер қолөнері

Киіз басу

Кілем, ши тоқу

Киім тігу

ерлер қолөнері

киіз үйдің жиһаздарын жасау

қару-жарақ жасау

ыдыс- аяқ, басқа да алтын мен күміс бұйымдар жасау.

1. Талғаулы салалас құрмалас сөйлем туралы қысқаша түсінік беру.

Ережені оқып, талдап, жасалу жолымен таныстыру.

Талғаулы салалас құрмалас сөйлемнің шылаулары: *не, немесе, я, яғни, әлде, бірде.*

Мысалы: қазақ әйелдері бірде киіз басқан, бірде кілем, ши тоқыған.

3. Сөздікпен жұмыс.

Сөздерді мәнерлеп, аудармасымен оқу, сөз тіркестерін құру, жай сөйлем құру, күрделі сөздерді жеке бөліп оқу.

4. Топтық жұмыс.

Сыныпты 2 топқа бөліп, тапсырма беру, соңынан ортаға салады.

5. 4-тапсырма өз беттерінше орындау оқулықтағы сызба бойынша талғаулы салалас құрмалас сөйлем құрау.

6. Сыныпты 2 топқа бөліп, «Шаңырақ» деген сөзден сөз құрау. Мысалы: шаң, аң деген сияқты.

IV. Қорытынды.

Сызба бойынша сабақты қорытындылайды.

Білемін	Білдім	Білгім келеді
---------	--------	---------------

Кестесін толтыру.

V. Үйге.

Сөздік және 3 - тапсырма.

Алмагүл ҚОРАБАЕВА,
«В.Г.Белинский атындағы
орта мектептің мектепке
дейінгі шағын орталығы»
мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
Қаскелең қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ТЕСТ

(11-сынып)

I нұсқа

1. Қазақ тілі түркі тілдерінің қай тобына жатады?

- | | |
|----------------------|--------------------|
| А) Оңтүстік тобына; | В) Шығыс тобына; |
| Ә) Батыс тобына; | Г) Орталық тобына. |
| Б) Солтүстік тобына; | |

2. «Тілдер мерекесі» қай күні болады?

- | | |
|------------------|---------------|
| А) 22 қыркүйек; | В) 30 тамыз; |
| Ә) 16 желтоқсан; | Г) 28 қаңтар. |
| Б) 7 шілде; | |

3. Қазақстанда 1929-1940 ж.ж. арасында қай жазу түрі қолданылды?

- | | |
|----------------------|---------------------|
| А) төте (араб) жазу; | В) кириллица жазуы; |
| Ә) парсы жазуы; | Г) рун жазуы. |
| Б) латын жазуы; | |

4. «Рун» сөзінің мағынасы не?

- | | |
|-----------|---------------|
| А) тас; | В) ескерткіш; |
| Ә) жазба; | Г) құпия. |
| Б) көне; | |

А) «Күлтегін»; В) «Диуани хикмет»;
Ә) «Диуани лұғат ат-түрік»; Г) «Кодекус куманикус».
Б) «Кудатғұ білік»;

A) 2; Θ) 3; Б) 5; В) 1; Г) 4.

A) 2; Θ) 3; Б) 5; В) 6; Г) 4.

А) лексика; В) фонетика;
Э) морфология; Г) фразеология.
Б) синтаксис;

А) морфология; В) фонетика;
Э) лексика; Г) фразеология.
Б) синтаксис;

A) жай сөйлем;
Ә) сөз табы;
Б) сөз тіркесі;

B) сөйлем мүшесі;
Г) құрмалас сөйлем.

A) шылау; В) одағай;
Ә) тәуелдік; Г) есімдік.
Б) үстеу;

А) туынды сөз;
Ә) біріккен сөз;
Б) қос сөз;
В) тіркесті сөз;
Г) қысқарған сөз.

А) морфология; В) фонетика;

Ә) лексика; Г) фразеология.

Б) орфография;

2. Қай тіл білімінің саласы «сөздік қор» деген мағынаны береді?

А) синтаксис;

В) стилистика;

Ә) семасиология;

Г) пунктуация.

Б) лексика;

3. Тіл білімінің қай саласы тұрақты тіркестерді зерттейді?

А) метонимия;

В) лексикография;

Ә) фенология;

Г) фразеология.

Б) морфология;

4. Полисемия нені зерттейді?

А) сөз түбірін;

В) сөз түрлерін;

Ә) сөз таптарын;

Г) сөз құрамын.

Б) сөздің көп мағыналылығын;

5. Дифтонг деген не?

А) ауыспалы дыбыс;

В) дауыссыз дыбыс;

Ә) қосарлы дыбыс;

Г) қосымша.

Б) түбір сөз;

6. Дыбысты немен таңбалайды?

А) сызық;

В) әріп;

Ә) фонема;

Г) әліпби.

Б) рәміз;

7. Қай әріп «ф» әрпінен кейін тұрады?

А) у;

Ә) т;

Б) һ;

В) й;

Г) ү.

8. «Әліпби» деген не?

А) жазылатын және көрінетін тілдік бөлшек;

Ә) дыбысты таңбалайтын белгі;

Б) әріптердің белгілі бір реттік тізбегі;

В) жазылады, бірақ оқылмайды;

Г) дыбыстың мүшелері арқылы жасалатын тілдік құбылыс.

9. Қай дыбыстар қатары өкпеден шыққан ауаның кедергісіз шығуынан жасалады?

А) р,й,с; Ә) л,о,ө; Б) с,ш,щ; В) а,ә,е; Г) к,қ,ғ.

10. Ашық дауыстының саны қанша?

А) 6; Ә) 7; Б) 5; В) 8; Г) 4.

11. Еріндік дауыстыларды табыңыз.

А) а,е,ә,и; Ә) ы,і,и,ә; Б) а,о,ы,у; В) е,и,у,ө; Г) ұ,ү,ө,о.

12. Жуан дауыстылар қалай жасалады?

А) тілдің ұшы кейін тартылып, үсті дөңестену арқылы;

Ә) тілдің ұшы ілгері созылып жатуы арқылы;

Б) еріннің дөңгеленіп алға қарай созылуы арқылы;

В) езудің кейін тартылуы арқылы;

Г) жақтың кең ашылуы арқылы.



Ақындық тапқырлық

ҚҰЛЫНШАҚ ПЕН МАЙЛЫ

Қазақтың белгілі ақындары Құлыншақ пен Майлыдан жұрт: «Өз аттарыңды кірістіріп айтысыңдаршы», - деп өтініпті. Сонда Құлыншақ:

- Майлы-майлы дегенмен май болмадың,

Жұрттан жинап алғанмен бай болмадың,- дей бергенде,
Майлы:

- Сен Құлыншақ болғалы қанша заман,

Иә құнажын, иә дөнен, тай болмадың! - деп сөзін іліп өкетіпті.

(Тымпи. А., «Жалын», 1981 жыл, 85-бет.)

Рауза МЫҢБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№127 жалпы білім
беретін мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

АПТА КҮНДЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік - апта күндерімен таныстыру, сауатты жазуға, дұрыс айтқызуға үйрету; **дамытушылық** - уақыт тақырыбына байланысты қарапайым сөздер мен сөз тіркестерді сабақ барысында пайдалану. Оқушылардың сөздік қорын байыту. Ауызекі тілдерін дамыту; **тәрбиелік** - оқушыларды уақытты дұрыс пайдалануға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, қайталау, сөздік жұмысы, ойын, диалог құру.

Көрнекілігі: сағат макеті, суреттер, кәртішкелер.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі:


1) Сәлемдесу: «Қайырлы күн, достар! Мен сіздерді көргеніме өте қуаныштымын және сіздермен бірге жұмыс жүргізгім келеді! Жақсы көңіл-күй тілеймін!».

- Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- Оқушылардың көңілін сабаққа аударуды ұйымдастыру.
- Сабақтың жалпы мақсаты мен оны жүргізу жоспарын ашу.

2. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі:

1) Барлық оқушылардың үй тапсырмасын дұрыс, толық және түсініп орындауын анықтау.

2) Өткен сабақты қайталау.



Сұрақ - жауап:

1. Бір жылда неше күн бар?
2. Бір жылда неше ай бар?
3. Бір айда неше апта бар?
4. Бір айда неше күн бар?
5. Бір тәулікте неше сағат бар?
6. Бір сағатта неше минөт бар?
7. Бір минөтте неше секунд бар?
8. Жыл мезгілдерін атаңдар?
9. Қазір қай жылы мезгілі?
10. Күз айларын ата?

Сөздік жұмысы. Данные числа напишите прописью: 10, 7, 5, 16, 23, 8, 14, 11, 27.

3. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі:

1. Суретпен жұмыс. Апта күндері. Бір аптада жеті күн бар. Олар:

1. Дүйсенбі – Понедельник;
2. Сейсенбі – Вторник;
3. Сәрсенбі – Среда;

4. Бейсенбі – Четверг;

5. Жұма – Пятница;

6. Сенбі – Суббота;

7. Жексенбі – Воскресенье.

II. Дәптермен жұмыс. Берілген сөздермен сөйлем құраңдар:

Алты, болады, сабақ, күні, бейсенбі.

Театрға, біз, сәрсенбі күні, барамыз.

Сенбі, оқушылар, Медеуге, шығады.

Жексенбі, қонақтар, келеді, күні.

III. Сөздік жұмысы. Бүгін, кеше, ертең. Орыс тіліне аудару.

Диалог.

- Бүгін қай күн?

- Ертең қай күн?

- Кеше қай күн болды?

Оқулықпен жұмыс: 3-тапсырма.

Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап ал.

IV. Кесте бойынша жұмыс.

Көп нүктенің орнына «Y» немесе «I» әріптерін қойыңыз.

4. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын тексеру кезеңі:

Өздік жұмысы:

Ойнайық! Қандай сөз?

ібнескеЖ

ібнесіүД

ібнеС

5. Үй тапсырмасы жайында мәлімет беру кезеңі:

Оқушыларға үй жұмысының мақсатын, мазмұнын, орындау тәсілдерін түсіндіру. 3-тапсырманы орындау.

ҮЛКЕНДІ СЫЙЛАУ

(3-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік - топпен шығармашылық жұмыс істеуге, ізденуге үйрету; дамытушылық - оқушылардың өз ойларын жеткізе білуге үйрету, ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорларын дамыту; тәрбиелік - үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: сурет, слайд, қоржын.

Түрі: жаңа сабақ (шығармашылық жұмыс).

Әдісі: түсіндіру, көрсету, іздендіру, сұрақ-жауап.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі:

А) Сәлемдесу.

Ә) Түгелдеу.

Б) Сабаққа дайындықтарын тексеру.

Сыныпты екі топқа бөлу:

I топ – «Зерделілер».

II топ – «Білімділер».

2. Үйге берілген тапсырманы сұрау: 112-беттегі «Дастарқан басында» мәтінін ауызша сұрау.

3. Жаңа сабақ.

Қоржыннан сұрақтарды алып, жауап бергізу. Ауызша сұраққа жауап алу:

А) Сендер үлкенді қалай сыйлайсыңдар?

Ә) Не істейсіңдер?

Оқушылардың жауабы.

Жаңа тақырыппен таныстыру.

Сөздікпен жұмыс.

Сыйлау – уважать;

Айтқан сөзін тыңдайды – слушается;

Жолын кеспейді – не переходит дорогу;

Сөзін бұзбайды – не прерывает разговор;

Хормен қайталату. Оқушыларға жуан, жіңішке сөз екенін айтқызу. Осы сөздермен ауызша сөйлем құрату.

4. Мәтінмен жұмыс. 114-бетті оқыту, ауызша аударту.

Әдепті бала үлкен кісіні сыйлайды. Көлікте орын береді.

Ата-анасының айтқан сөзін тыңдайды. Үлкеннің жолын кеспейді. Үлкендердің сөзін бұзбайды.

Слайд арқылы сандықшадан сұрақтарды алып шығып, сұрақтар қою. Ауызша сұраққа жауап алу.

Ақ сандығым ашылды,

Ішінен сұрақ шашылды.

1. Үлкен кісіні қандай бала сыйлайды?

2. Қайда орын береді?

3. Кімнің айтқан сөзін тыңдайды?

4. Кімнің жолын кеспейді?

5. Кімдердің сөзін бұзбайды?

Сергіту жұмысы:

Доп-дop-дop,

Топ-топ-топ,

Жерге қойдым добымды,


Теуіп қалдым добымды,

Қап-қап-қап,

Тап-тап-тап.

5. Суретпен жұмыс.

Сурет бойынша әңгіме құрастыру (ауызша). Тірек сөздер: *әдепті бала, көшеде, жол берді, ата, риза болды, алғыс айтты, рахмет.*



6. Тақтадағы жұмыс.

115-бет, 4-жаттығу. Берілген сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрастыру.

Берді, жол, атаға, бала.

Әжесіне, көмектесті, Асан.

Әдепті, үлкендерді, сыйлайды, бала.

Мұғалім, риза болды, оқушыға.

Бала, әдепті, жол, үлкендерге, береді.

«Әдепті» деген сөзге фонетикалық талдау жасату.

Сөзжұмбақ.


Ә				
Д				
Е				
П				
Т				
І				

1. «Песня» сөзінің аудармасы қандай?
2. Баскетболда қолданылатын зат.
3. «Дверь» сөзінің аудармасы.
4. Мектепте отырып оқитын орын.
5. «Доска» сөзінің аудармасы.
6. Киімді қайда ілесің?

Шағын көрініс көрсету «Үлкенді сыйлау».
«Әдептілік» тақырыбы бойынша мақал-мәтелмен
жарыстыру.

Сабақты бекіту, қорытындылау.

Сызбаға үлкенді сыйлау туралы өз ойларын жазу.



Оқушының білімін бағалау.

Мына мақалмен аяқтау:

Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды.

Кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды.

Орыс тіліне аудару.

Үйге тапсырма.

Шығарма: «Үлкенді сыйлау». Мақал-мәтел жаттау.



Адамға, шіркін, жан тәтті-ау!

ҰЙЫҚТАҒАН АРЫСТАН

Бір шал мен кемпір жүз жасайды. Сонда да ширақ жүреді.
Бір күні кемпір отырып:

- Шүкір, көп жасадық. Тегі, ажал бізді ұмытқан болар,-
депті. Шалы кемпірінің құлағына:

- Дабырлама, ажал бейне ұйықтаған арыстан сияқты,
ояттып жіберерсің, - деп сыбырлапты.

(Тымпи. А., «Жалын», 1981 жыл, 125-бет.)

КӨКТЕМ АЙЛАРЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – ауызекі тілде өз ойын жеткізе білу, жаңа сөздерді үйрене отырып, сауатты жазу және сөйлеу мәнерін жетілдіру; **дамытушылық** – оқушылардың логикалық ойлауын, ғылыми ізденушілік қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – Отан, ел, туған жер, елжандылық тәрбиесін қалыптастыру және адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: ашық сабақ.

Көрнекіліктер: үлестірмелі кеспелер, жыл мезгіліне байланысты суреттер.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, әңгімелесу.

Пәнаралық байланыс: табиғаттану.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) Оқушылармен амандасу;
- ә) ҚР-ның әнұранын айтқызу;
- б) Сыныптағы оқушыларды түгелдеу;
- в) Үй тапсырмасын сұрау;
- г) Оқушылардың көңілін сабаққа бейімдеу.

Ең алдымен, оқушыларға ашық сабақтың мақсатын ашып, мәнін түсіндіру. Жыл мезгілдеріне мысал келтіре отырып, соның ішінде көктем мезгіліне тоқталу.

Жаңа сөздерді тақтаға жазып, дәптерлеріне жаздырту.

Көктем – весна;

Ай – месяц;

Құстар – птицы;

Ұшып келеді – прилетают;

Жылы – теплый.

Оқушыларға ауызша сұрақ қою:

1. Көктем айларын ата.
2. Көктемде нелер ұшып келеді?
3. Көктемде күн қандай болады?
4. Көктем мейрамдарын ата.

Оқушыларды екі топқа бөліп, «Кім жылдам?» ойынын өткізу. (бағанда берілген сөздерді дұрыс орналастыру).

1-топ

қызыл – күн

сары – қызанақ

көк – қарға

қара – аспан

2-топ

оқушы – үй

есік – сынып

кітап – асхана

аспаз – дәптер

Сұрақ – жауап:

- Бүгінгі сабақта көктем мезгілі жайлы не білдіңдер?
- Көктем қандай жыл мезгілі?
- Көктем айларын кім айтады?
- Көктемде қандай мейрамдар бар?

Ашық сабақты қорытындылау:

Өтілген ашық сабаққа тоқталып, түсінбеген оқушыларға мысал келтіре отырып сабақты қорытындылау.

Үй тапсырмасы:

А) жаңа сөздерді жаттау;

Ә) өлең жолдарын жаттау.

Бағалау: әр оқушының алған бағасын талдай отырып, кім не себепті қандай баға алғанын айту.



Гүлмира ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
Павлодар қаласындағы
«Стикс» бейіндік
бағыттағы мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҮСТЕУЛЕР - АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА

1	Адрестік категория	
1.1	Мамандық	Бастауыш сыныптарда оқыту
1.2	Оқу жылы	3-курс
1.3	Оқу пәні	Қазіргі қазақ тілі
1.4	Сабақ тақырыбы	Үстеу
1.5	Ұйымдастыру түрі	Дамыта оқыту. Жеке және ұжымдық әдісті біріктіру.
1.6	Қажетті білім-дағдылар	Үстеу туралы толық мағлұмат алу. Ұжымда жұмыс жасай білу. Шығармашылық ізденіс.
Сабақ мақсаттары		

2.1	Білімділік: Жаңа тақырыпты өздіктерінен меңгеру	-Үстеудің өзгертуге келмейтін, түрленбейтін сөз табы екенін өз беттерімен жинақтауға талпын- дыру. -Тұлғасына, құрылысына, мағынасына қарай түрлерін ажырата білу.
2.2	Дамытушылық: Шығармашылық кабілеттерін арттыру	-Бұрын өткен сөз таптары бойынша алған білімдерін пысықтау, жүйелеу. Үстеудің мағыналық топтарын сұрақ қою арқылы ажырата білу. -Сатылай кешенді талдай білу. -Қорытынды жасай білу;
2.3	Тәрбиелік:	Отансүйгіштікке тәрбиелеу,елтану;Абайтану Сөйлеу тілдерін жетілдіру
Болжамды нәтижені сипаттау.		
3.1	Білім	-Үстеудің өзіндік ерекшеліктерін меңгеріп, сөйлемде қолдана білу.
3.2	Дағды	Жаңа тақырыпты меңгеру барысында өздіктерінен жұмыс жасап, өз ойларын толық, нақты жеткізе білу. Ұжымда жұмыс жасай білу, өз ой-пікірін толық жеткізуге дағдыландыру.

4		Жоспарлау кезеңі
4.1	Әдістемелік жабдықтау	-Оқу-әдістемелік тірек кестелері. -Мәтіндер, қызықты грамматика.
4.3	Білім	1. Көңіл-күй рефлексиясы. 2. Өткен тақырыптарға шолу: I деңгей: «Кесте толтыру». II деңгей: «Білімінді байқап көр». III деңгей: «Балық аулау» ойыны (Етістікті қалай меңгердің?). IV деңгей: «Есімдікті түріне ажырат». V деңгей: «Сөз таптары туралы өлең». 3. Жаңа тақырыпқа шығу. Қызықтыру кезеңі. 4. Жаңа тақырыпты кешенді меңгеру кезеңі. Бақылау және өзін-өзі бағалау. 6. Өздік жұмыс. 7. Бақылау және өзін-өзі бағалау. 8. Рефлексияға шығу. 5-жолдық өлең құрастыру, Үстеудің кестесін жасау. Ағаш өсіру. 9. Көңіл-күй рефлексиясы. Шығу парағы.
4.4	Оқушылар іс-әрекетін бақылау кезеңдері.	1. Ағаш өсірудегі ерекшелік (жайқалып тұрса, сөздік қорлары бай, қорытынды жасай алады). 2. Сөздерді талдай білу.

5	Бағалау	Бағалау өлшемдері
	Бағалау сипаты	«5»-10 сұраққа дұрыс жауап берсе, ойы толық, шығармашылық ізденісі айқын болса. «4»-7-8 дұрыс жауап берсе. «3»-5-6 дұрыс жауап берсе. Дұрыс жауап бере алмаса - тақырыпты меңгермеген.

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу. Түгелдеу. Сәттілік тілеу. Мақсат қою.

- Балалар, бүгінгі біздің сабағымыз 2 бөлімнен тұрады. «Қайталау-оқу анасы» дегендей, 1-бөлім өткен сабақтарды қайталауға арналады. Қандай мақсатпен қайталаймыз?

2-бөлім-жаңа сабақ меңгеру.

Сонымен, сабақтың 1-бөлімі бірнеше деңгейлік тапсырмалардан тұрады.

ІІІ деңгей: «Білімінді байқап көр».

Тақтада өткен сөз таптарына байланысты әр түрлі кестелер ілінеді. Оқушыларға жеке немесе жұппен орындауға болады.

* Бір оқушы тақтада жеке жұмыс орындайды.

«Әкесінің баласы-адамның дұшпаны, адамның баласы-бауырың» (Абай).

Осы сөйлемдегі барлық сөздер жалғаулы. Ол қай жалғаулар?

* Бір оқушы аңыз айтады. Зат есімнің жалғауларын ауызша қайталау. Мысалдар келтіру.

* Бір оқушы тақтада жеке жұмыс орындайды.

Сын есімдердің антонимін жаз.

ІІ деңгей: «Етістікті қалай меңгердің? («Балық аулау» ойыны).

Балықтар қоятын сұрақтар: 1) Дара етістіктерді ата. Жүгіріп келеді, оқыды, жуынды, айтып болған еді, тереді, ойланып жүрмін, сыйлады, жазып отыр.

2) Көсемшелі етістіктерді тауып айт.

Келіп отыр, айтты, жүргізді, жазғалы отыр, айтып жүр, келеді, еритін, жапқалы, санай, алып келеді.

3) Етіс дегеніміз не? Қандай түрлері бар? Қалай жасалады?

4) Тұйық етістікті тауып айт. Кетеді, көру, таластыру, жазады, сабау, әңгімелейді, келу, оқытады, үйрету.

5) Болымсыз етістіктерге мысал келтір.

(Тыйым сөздерді алуға болады.)

6) Жоғалған етістікті тауып жаз.

а) Жасымда ғылым бар деп

ә) Мен өлеңді ермек үшін.

б) Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр мылқау тірі жанды.

В) Сұр бұлт, түсі суық аспан.

Г) Ғылым таппай

Құмарланып

«Есімдіктерді тауып, түріне ажырат»

1. Қазақ осы ашық жарқын қабағы

Қонақ келсе шабылып бір қалады.

Қара да тұр саған да ол кетерде

Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.

2. Өз балаңнан артық бала бар ма, ана?!

Мәз боласың жарай қалсам шаруаңа.

3. Бір ауылдан түлеп ұшқан жастар едік,

Бәріміз де өмір жолын бастап едік.

4. Өзің едің тірегім де, жыр боп тудың жүрегімде.

Мені сендей түсінетін кім бар екен бұл өмірде?

5. Жаз күніндей жайнаған масатыдай сен сұлу,

Аққу, қаздар сайраған айдын шалқар көл сұлу.

Өзгеден де ең сұлу - өмірлік жар сен сұлу,

Өзім сүйіп ұнатқан бәрінен де сен сұлу, сен сұлу.

I деңгей «Сөз таптары туралы өлең» (Үй жұмысы).

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін байқау.

Жаңа тақырыпқа шығу.

Қызықтыру кезеңі. Мына сөйлемдерден қимылдың ама-лын, бейнесін, мекенін, мезгілін, себеп-мақсатын білдіретін сөздерді тауып айтыңдар. Олар қай сөз табына жатады?

1. Жоғары-төмен үйрек-қаз ұшып тұрса сымпылдап.

2. Жақсылық ұзақ тұрмайды,

Жамандық әркез тозбайды.

3. Адам баласы жылап туады, кейіп өледі.

4. Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас

Үйретуден балаға.

* Оқушылардан үстеу туралы түсініктері сұралады. Үстеу қандай сөз табымен тіркеседі?

Ұжымдық жұмыс. Әр топқа мәтін беріледі, оның ішінен үстеулерді тауып сұрақ қою, түріне ажырату тапсырылады.

Оқушылар шамалары келгенше үстеудің ережесін айтып, мағынасына қарай түрлеріне шығады(өздігінен) егер орындай алмаса, мұғалім көмектеседі.

Қорытынды: Үстеу - қимылдың, іс-әрекеттің, сын-сапаның әр түрлі белгілерін, сипатын, жай-күйін білдіретін, өзгертуге келмейтін, түрленбейтін сөз табы.

Мағынасына қарай 7-ге бөлінеді:

1. Мезгіл үстеуі;

2. Мекен үстеуі;

3. Сын-қимыл үстеуі;

4. Мөлшер үстеуі;

5. Күшейткіш үстеуі;

6. Мақсат үстеуі;

7. Себеп-салдар үстеу.

Үстеудің сатылай кешенді талдау сызбасы

1. Құрамына қарай;

2. Тұлғасына қарай:

а) негізгі түбір; ә) туынды түбір.

3. Құрылысына қарай:

а) дара; ә) күрделі.

4. Лексикалық мағынасы.

5. Грамматикалық мағынасы.

6. Сұрағы.

7. Мағынасына қарай.

Үстеуді талдау үлгісі. Орасан зор

1. Бұл сөз екі құрамнан тұрады: орасан зор.

2. Тұлғасына қарай - туынды түбір. Себебі, аналитикалық тәсілмен екі түбірдің тіркесуінен жасалған.

3. Құрылысына қарай – күрделі. Себебі, екі түбірдің тіркесуінен жасалған.

4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.

5. Лексикалық мағынасы - сынның немесе қимылдың, іс-әрекеттің белгісін я сапасын күшейтіп тұр.

6. Грамматикалық мағынасы - жалпы грамматикалық мағына - үстеу.

7. Орасан зор - «қалай?» деген сұраққа жауап береді.

8. Мағынасына қарай – күшейткіш үстеу.

1. Үлгі бойынша мына сөздерді ауызша талдаңдар.

Қазір, балаша, жоғары, қолма-қол, бекер, әдейі.

2. Мына үстеулерге қарсы мәнді үстеулер тауып жазыңдар.

Ілгері. Жоғары. Бұрын. Әрі. Мұнда.

3. Жоғалған үстеулерді тауып орнына қойыңдар.

1. *Еріншекке (қашанғыдан? қашанғы?) оңай?*

2. *(Қай уақытта) тұрған жігіттің ырысы артық?
(Қай уақытта?) тұрған әйелдің бір ісі артық?*

3. (Қалай) жүрсең шаң жұқпас?

4. Қатты жауған күн (қалай?) ашылады?

Қорытынды. Проблемалық сұрақтар:

- Сонымен біз бүгін қандай тақырыпты меңгердік? Қалай ойлайсындар, тілімізде үстеу қажет пе? Үстеу болмаса не істер едік? Үстеу туралы не білдіңдер? Сол туралы мына ағашқа жапырақ өсіріңдер. *Шығу парағын толтырады.*



Бибігүл БУКАЕВА,
Щучинск қаласындағы
техникалық колледждің
кәсіби қазақ тілі
пәнінің оқытушысы.

ЭЛЕКТРЛІК ӨЛШЕУ БІРЛІКТЕРІ

Сабақтың мақсаты:

1. Электр өлшеу бірліктері туралы мағлұмат беру;
2. Кәсіби қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал жасау, оқушылардың сөздік қорын молайту;
3. Оқушыларды сызба, сұлбаларды сипаттауға үйрету, кәсіби тілде сауатты сөйлеуге дағдаландыру.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, талдау, сипаттау, салыстыру.

Пәнаралық байланыс: электротехника теориялық негіздері, орыс тілі, электрлік өлшеулер, қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы.

Көрнекілігі: сызбалар, электрлік өлшеу құралдарының

суреттері, кестелер.

Сабақ барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі:

А) Сабақтың мақсаты мен міндеттерін белгілеу.

Ә) Лингвистикалық жаттығу жүргізу.

II. Өткенді қайталау, шолу. Үй жұмысын тексеру.

III. Жаңа сабақ:

1. Оқушылардың арнайы пәндерден алған білімдеріне сүйеніп, жаңа тақырыпқа байланысты келесі сұрақтар бойынша талдау жасалады:

Қандай электрлік өлшеу бірліктерін білесіңдер?

Электрлік өлшеу құралдары тізбекте не үшін қолданылады?

Өлшеу бірліктерін атаңыз.

Өлшеу бірліктері қандай шаманы өлшейді?

2. Тақырыпқа байланысты кластер құрамыз. Кластер бойынша жаңа тақырыпқа қатысты сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырылады.

3. Кластер негізінде электр өлшеу бірліктеріне қатысты хабарлама жасалады.

IV. Бекіту. Мәтінмен жұмыс.

1. Оқушылар компьютер арқылы алдын ала жазылған мәтінді тыңдап, оқиды, жаттығады.

2. Мәтін бойынша сөздік жұмыс жүргізіледі.

3. Мәтінді сөздік арқылы аударды.

Электрлік өлшеу бірліктері

Өлшемдерді, өлшеу бірліктерін, әдістері мен құралдарын зерттейтін ғылым метрология деп аталады. Өлшеулер арнайы техникалық құралдар арқылы жүзеге асырылады.

Өлшеулер жалпы қабылданған бірліктерде жүргізілуі керек.

1963ж. КСРО-да бірліктердің халықаралық жүйесі енгізілді.

СИ-дің негізгі бірліктеріне ампер, метр, километр, секунд,

кельвин, киллограмм жатады.

Негізгі бірліктермен қатар туынды өлшеу бірліктері де белгіленген.

Күрделі өлшеу бірліктері дека-, гекто-, кило-, мега-сөздерімен бірігуі арқылы жасалады.

V. Сөздік жұмыс. Тапсырма:

1. Жаңа сөздерді оқу, жаттығу
2. Арнайы пәндерден алған мағлұматтарын пайдаланып, жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастырыңыз.

Бірлік – единица;

Өлшеу бірлігі – единица измерения;

Өлшеу әдістері – методы измерения;

Өлшеу құралдары – измерительные приборы;

Өлшеу – измерение;

Арнайы техникалық құрал – специальные технические приборы;

Жалпы қабылданған – общепринятые;

Халықаралық бірліктер жүйесі – международная система единиц;

Туынды бірліктері – производные единицы.

Жаттығу жұмыстары:

I деңгей.

1. Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Метрология нені зерттейді?
2. Электрлік өлшеулер қандай бірліктерде жүргізіледі?
3. Бірліктердің халықаралық жүйесі КСРО-да қашан енгізілді?
4. Негізгі өлшеу бірліктеріне не жатады?
5. Туынды өлшеу бірліктері қалай жасалады?

2. Мәтінді оқыңыз, аударыңыз.

Ампер – электр тогі күшінің өлшем бірлігі. Қысқартылған түрде А деп белгіленеді. Денеден өтетін ток күші 0,5 мА-ден (милиампер) төмен болмаса, оны адам сезінеді, ал ток күші

30 мА болса, бұл адам өміріне қауіпті.

Ампер - сағат – аккумулятор мен гальвани элементтердің сыйымдылығын өлшеуге қолданылатын электр мөлшерінің өлшем бірлігі.

Ватт – электрлік не механикалық қуаттың өлшем бірлігі. Қысқаша Вт, халықаралық таңбасы W деп белгіленеді. 1 Вт өлшемі тым әлсіз, сондықтан аса жоғары қуатты білдіруге келгенде одан ірі өлшем киловатт қолданылады. Электр энергиясың шығыны киловатт - сағатпен өлшенеді.

Вольт – электр кернеу мен электр қозғаушы күштің өлшем бірлігі. Қысқаша В не V таңбасымен белгіленеді. Тұрғын үйлердің электр желілерінде кернеу 220 В, не 127 В болады. Кернеуі 220 В-тан артық болса, жоғары кернеу деп есептеледі. Ол киловольтпен өлшенеді.

II деңгей.

1. Берілген үлгі бойынша сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: Шама өлшеу бірлігімен өлшенеді.

Кернеу вольтпен өлшенеді.

Ток күші ампермен өлшенеді.

Кернеуді өлшеу үшін вольтметр қолданылады.

Электр сыйымдылығының өлшеу бірлігі – фарада.

(Берілген тапсырмада асты сызылған сөздер шартты түрде қолданылады. Оларды тиісті сөздермен алмастыру керек.)

1. Шама өлшеу бірлігімен өлшенеді.

2. Шаманың өлшеу бірлігі –

3. Шама өлшеу құралымен өлшенеді.

4. Шаманы өлшеу үшін өлшеу құралы қолданылады.

2. *Қазақ тіліне аударыңыз.*

Для контроля режима электрических цепей приходится измерять ряд физических величин: ток, напряжение, мощность, энергию.

Измерение - это нахождение значения физической

величины опытом путем с помощью специальных технических средств. Технические средства, которые служат для измерения электрических величин называются *электроизмерительными приборами*.

Во многих отраслях техники электроизмерительными приборами пользуются также для измерения и контроля *неэлектрических величин*.

(Электротехника с основами электроники". Ю.Г. Синдеев)

III деңгей. Кесте бойынша хабарлама дайындаңыз.

Үлгі: Электр кернеуі Оммен өлшенеді. Ол Ом белгісімен белгіленеді. Тізбекте кедергі омметрмен өлшенеді.

Величина	Единица		
		Русское	международное
Работа, энергия, количество теплоты.	джоуль	Дж	J
Мощность.	ватт	Вт	W
Количество электричества.	кулон	Кл	C
Электрическое напряжение, разность потенциалов, ЭДС.	вольт	В/м	V
Напряженность электрического поля.	вольт на метр	В/м	V/m
Электрическое сопротивление.	ом	Ом	W
Электрическая емкость.	фарад	Ф	F
Поток магнитной индукции.	вебер	Вб	Wb
Индуктивность и взаимная индуктивность.	генри	Гн	H
Магнитная индукция.	тесла	Тл	T

Напряженность магнитного поля.	ампер на метр	A/m	A/m
Магнитодвижущая сила	ампер	A	A
Частота.	герц	Гц	Hz

2. Кестемен жұмыс. А) Берілген кестедегі шамалардың аударыңыз, дәптерге көшіріп жазыңыз.

Ә) Кестені пайдаланып, сұхбат құрастырыңыз.

3. Мәтінді оқып, аударыңыз. «Электрлік өлшеу бірліктері» тақырыбына хабарлама жазыңыз.

Кедергі

Шама өлшеу бірлігімен өлшенеді. Электр тізбегінде жиі кездесетін үш шама: ток күші, кернеу, кедергі. Әр түрлі өткізгіштің электрлік кедергісі әр түрлі болады.

Тізбекте кедергі омметрмен немесе өлшегіш көпірлермен өлшенеді. Халықаралық бірліктер жүйесінде кедергінің өлшеу бірлігі – ом. Кедергінің басқа да өлшеу бірліктері миллиом, килоом, мегаом қолданылады.

Сабак қорытындысы: 1. Тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап береді. **2. Үй тапсырмасы:** Жаңа сөздермен сөз тіркестерін қайталау, мәтіннің қысқаша мазмұнын дайындау, тақырыпқа қатысты шағын хабарлама жазу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Электроизмерение. Малиновский В.Е., Москва, 1983ж.
2. «Жалпы техника және полиграфия» терминологиялық сөздігі, «Рауан», 2000ж.
3. «Энергетика» терминологиялық сөздігі, «Рауан», 2000ж.
4. «Физика» оқулығы.
5. (Электротехника с основами электроники”. Ю.Г. Синдеев).

ҮСТЕУ, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

№27 сабақ: Лекс. «Еңбек етсең ерінбей...»

(Абай еңбек, ғылым туралы)

Сабақтың мақсаты: Студенттерге үстеу, оның түрлері мен Абайдың білім - өнерге, еңбекке шақырған өлеңдері жайлы мәлімет беру, поэзияны сүюге, ұлылықты – ұлы ақынды қадірлеуге тәрбиелеу.

Жоспары:

1. Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу, аудару, талдау.
2. Үстеу, оның түрлерін айту, мысал келтіру.
3. Жаттығулар жұмысы.
4. Тест.

Үй тапсырмасы: I. Тиісті үстеуді қойып жазу:

... мен кітапханаға бардым. Кітапханада «Абай жолы» романын ... оқып бітірдім. ... Абай өлеңдері бүкіл әлем тілдеріне аударылған.

... біздің колледжде Абай шығармашылығына арналған кеш болады.

Ұлы ақынның шығармалары - ... ұлттық туындылар.

Тиісті үстеулер: нағыз, кеше, бүгінде, тез, ертең.

II. Сөздік ойын құру:

Вчера - ... , сколько - ... ;	Самый - ..., родинка - ...;
Утром - ... , завтра - ... ;	Вперед - ..., молоток - ...;
Вниз - ... , песня - ...;	Быстро - ..., чувствуй - ...;
Теперь - енді , пришел - ...;	Готов - әзір, сейчас - ... ;

III. «Абай» (сөзжұмбақ құру). IV. «Үстеу» (Тест құру).

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақ тілі (анықтама – оқулық). Алматы, 1999 ж.

2. А.Ш.Бектуров, Ш.К.Бектурова.Казахский язык для всех. Алматы, 2004.

3. Абай (энциклопедия). Алматы, «Атамұра»,1995 ж.

4. Абай өлеңдері. Алматы, 1995 ж.

5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Алматы, 1998 ж.

№ 28 сабақ: Лекс. «Арасан» моншасы кешенінің сәулеті.

Грамм. Үстеу мен есімдікті қайталау

Сабақтың мазмұны: «Арасан» монша кешенінің сәулеті.

Алматыдағы «Арасан» монша кешені Қонаев көшесінде орналасқан. Ол 1982 жылы салынған. Сәулетшісі - В.Т.Хван, инженері - Қ.Р.Төлебаев.

Осы еңбегі үшін 1984 жылы Қазақстан Мемлекеттік сыйлығына ие болған.

Монша орыс, фин және шығыс сәулет өнері үлгісінде жобаланған. Жобаның негізіне Ахмет Иассауи кесенесі жанындағы орта ғасырлық моншаның үлгісі, сонымен бірге монша салудың «мельниковтік», Мәскеудегі «сандуновтық» тәсілдері пайдаланылған.

Монша көлемі 100 мың м. кв., 5 қабатты, 12 павильон мен 6 күмбез, 4 монолиттік таған – тіреуге орнатылған. Еденіне 40 см металл плита төселген, астынан орта ғасырлық «қандар» жүйесіне ұқсатылып жасалған түтіктер арқылы жылу беріліп тұрады. Өшекейлеуге гранит – мәрмәр қолданылған.

Монша күніне 2,5 – 3 000 адамға қызмет етеді. Ересек адамдар мен балаларға арналған бөлмелер, шаштараз, косметология, т.б. кабинеттер бар.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқу, аудару.

2. Мәтіннен есімдіктерді табу.

3. Мәтін бойынша (бір – біріңізге) 5 сұрақ қойып, жауап беру.

Бақылау сұрақтары:

1. «Арасан» моншасы қашан салынған?

2. Монша қалай жобаланған? Қандай тәсілмен салынған?

3. Монша құрылысы (көлемі) қандай? Жылу қалай беріледі?
4. Монша қайда орналасқан? Ол қанша адамға қызмет етеді?

Глоссарий:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Әшекейлеуге	Для украшения	For ornament
Астынан	Снизу	Below
Таған - тіреу	Стойка	Standing
Тәсіл	Метод, способ	Method
Түтік	Труба	Tube
Мәрмәр	Мрамор	Marble
Жүйе	Система	System
Үлгі	Образец	Model
Ұқсату	Быть похожим	To resemble

СӨЖ тапсырмалары:

1. «Үстеу мен есімдік» тақырыбына тест құру (15 сұрақ).

СОЖӨЖ тапсырмалары:

I. Сұхбат құру:

- «Арасан» моншасында болдыңыз ба? Монша ұнады ма?
- Қай моншаға жиі барасыз? Сіз баратын монша қайда орналасқан? Ол қалай салынған?

II. Жақшадағы сөздерді аударып жазу:

1. (В этом году) (мы) алғашқы тәжірибе жұмысына бардық.
2. (В прошлом году) (они) бірінші курста оқыды.
3. Сабағымыз (утром) басталады. (Сейчас) кәсіби қазақ тілі пәні болып жатыр. Сабақта (мы) (письменно, устно) жұмыс жасаймыз. Жұмыс (очень) қиын емес. (По – казахски) сөйлеп, жаза біліп, оқуға (особенно) мән беру керек. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл әрі (мой) екінші ана тілім.

III. Мақал – мәтелдерді жатқа жазу, үстеулерді табу, аудару:

- 1.Еріншектің ертеңі бітпес. 2. Ерте жатып, кеш тұру – еріншектің белгісі. 3. Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық.

ҮҮ. Сөздерді 3 топқа бөліп жазу: Үлгі: Етістік: сал, сыз.....

Есімдік: бұл, сол Үстеу: ертең, кешке

Жобалау, кешке, осы, ерте, биыл, өзіміз, тез, жаяу, мынау, ешқашан, сол, жазғытұрым, тұрғызу, ешкім, біреу, бүкіл, кеше, ертең, сыз, қыстыгүні, былтыр, сал, құрастыру, барлық, аз, көп, ақырын, сонша, әрлеу, әшекейлеу, ол;

Ү. Үстеулерді қолданып, сұрақтарға жауап беру:

- *Кеше қайда болдыңыз?*
- *Ертең қайда барасыз?*
- *Былыр қай курста оқыдыңыз? Биыл ше?*
- *Колледжге жаяу келесіз бе? Қазір қандай сабақ болып жатыр?*

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақ тілі (анықтама – оқулық). Алматы, 1999 ж.
2. Ш. Бектуров, А.Бектурова. Казахский для всех. Алматы, 2004.
3. Қазақстан.ҰЭ - сы. I том, Алматы, 1998 ж.
4. Қазақша - орысша сөздіктер. Алматы, 2001 ж.
5. Антонимдер сөздігі.

АКТИВТІ ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛ

№28 сабақ: Лекс. «Арасан» моншасы кешенінің сәулеті.

Грамм. Үстеу мен есімдікті қайталау.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың үстеу мен есімдіктен алынған білімдерін пысықтап, жинақтау, сәулетті қоғамдық ғимарат – «Арасан» монша кешенінің салыну ерекшелігімен (құрылысымен) таныстыру, қала көркін аялап, сүйікті қаламыз - Алматыны өркендетуге үлес қосуға баулу.

Жоспары:

1. Мәтінмен, глоссариймен жұмыс.
2. Грамматикалық талдау.
3. Жаттығулар жасау.
4. Аударма жұмысы.

Үй тапсырмасы:

I. Сөз тіркестерін аударып, сөйлем құрау: *комплекс в восточном стиле, история постройки бани, через трубы,*

II. Тиісті есімдік пен үстеуді қойып жазу:

«Арасан» моншасы ... салынған? Монша ... қала халқына қызмет етеді. «Арасан» Төле би көшесінен ... орналасқан. ... монша шығыс үлгісінде салынған. Ол ... моншаға ... келеді.

III. Сөздік ойын жасау:

Короткий – келте, рано - ... ; Карман – қалта, нарочно - ... ;
Шеңбер – круг, кенет - ... ; Пысық – шустрый, лезде - ... ;
Здесь - ... , там - ... ; Әрі - ... , бері - ... ;
Сегодня - ... , знание - ... ; Зря - ... , не жди - ... ;

IV. Үстеулердің антонимін табу:

жоғары - ... , ерте - ... , алға - ... , жаздыгүні - ... , тез - ... , әрі - ... ,
кеше - ... , былтыр - ... , бүгін - ... , таңертең -

V. Мәтінді жазып, етістік, есімдіктерді табу, аудару:

Шоқан Уәлиханов – суретші

Ш.Уәлихановты замандастары қайталанбас ірі тұлға деп таныған. Суретшілік өнер - тарихшы, географ, этнограф, фольклорист, саяхатшы Шоқанның сегіз қырының бірі ғана. Ғалымның 200 – ге жуық суреті сақталынған. Ол суреттер Ш.Уәлихановтың 5 томдық шығармалар жинағына енген, «Шоқан және өнер» атты кітапта басылған. Бұл еңбектер оның халқымыздың тұңғыш суретшілерінің бірі екендігін дәлелдейді.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақ тілі (анықтама - оқулық). Алматы, 1999 ж.
2. Ш.Бектуров, А.Бектурова. Казахский язык для всех. Алматы, 2004.
3. Қазақстан. ҰЭ - сы. I том, Алматы, 1998 ж.
4. Қазақша – орысша сөздіктер. Алматы, 2001 ж.
5. Антонимдер сөздігі.

№29 сабақ: Лекс. «Алматы» қонақ үйі ғимараты сәулеті.

Грамм. Одағай, оның түрлері.

Сабақтың мазмұны: «Алматы» қонақ үйі ғимараты сәулеті

Алматыдағы «Алматы» қонақ үйі ғимараты 1967 жылы

салынған. Сәулетшілері – И.А.Карташ, А.Я.Косев, Н.Рипинский, инженері – С.И.Қаламжаров. 1974 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің сыйлығына ие болған.

8 қабатты ғимарат иілген пластина сияқты жасалынып, маңайындағы желекжолдар мен гүлзарлармен, алдындағы Опера және балет театры ғимаратымен әдемі жарасымдылық тапқан. Бірыңғай көлденең жолақтар арасында биік қабаттағы терезелері ауада қалқып тұрған сияқты әсер береді. Мейманханада 540 орындық 280 бөлме, 250 орындық банкет залы, бір қабат мейрамхана бар. Бұл ғимарат XX ғасырдың 70 – ші жылдарындағы сәулет өнерінің озық үлгісі болып саналады.

Грамм. Одағайлар (междометия).

Одағайлар – адамның түрлі көңіл – күйін (выражают различные эмоции, чувства) білдіретін сөздер.

Көңіл – күй одағайлары (эмоциональные межд.):

Бәрекелді! (браво!) Алақай! (ура!) Туу! Әттеген – ай! Қап! (надо же!) Ойбай! (ой!) Құдай – ай! (боже мой!) Пай – пай, шіркін! Ғажап! Тамаша! Пәлі! (Прекрасно! Удивительно! Дивно! Прелесть! Чудо!) Оһ! (ох!)

Жекіру одағайлары (императивные межд.): *Жә! (полно!Хватит!) Ал! (ну!) Мә! (на!) Әй! (ей!)*

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқу, аудару.
2. Мәтін бойынша одағайларды қатыстырып, сөйлемдер құрау.

Бақылау сұрақтары:

1. «Алматы» қонақ үйінің ғимараты қайда орналасқан?
2. Ол қашан, қалай салынған?
3. Қонақ үйде қанша бөлме, банкет залы, мейрамхана бар?
4. Сіз бұл қонақ үйді білесіз бе? Онда болып көрдіңіз бе? Ұнады ма?
5. Қандай қонақ үйлерді білесіз?

Глоссарий:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Салынған	Построен	To build
Сыйлығына ие болған	Удостоен премии	To honour a prize
Иілген пластина сияқты	Как согнутая пластина	How bent plate
Желекжол	Бульвар	Boulevard
Гүлзар	Газон	Gazon
Бірыңғай көлденең жолақтар	Одинаковые горизонтальные полосы	Same horizontal Stripe
Жарасымдылық тапқан	Сочетается	To marry
Ауада қалқып тұрған сияқты	Кажется плавающими в воздухе	To show to swim In air

СӨЖ тапсырмалары: «Одағай» (сөзжұмбақ құру).

СОЖӨЖ тапсырмалары:

1. Мәтінді мәнерлеп оқып, ат қою, одағайларды табу.

Алматы – Іле Алатауының баурайына орналасқан әсем қала. Жасыл желекке жамылған Алматы жер жаннаты ғой, шіркін! Пәлі! Басын мәңгі қар басқан қарт Алатаудың биік шыңдарын – ай! Керемет! Ауасы қандай таза! Әсіресе, қала көктемде керемет құлпырады...

Алақай! Ару – көктем қалама тағы келді! Пай – пай! Жылы жаңбыры мен салқын самалын, жасыл желегі мен көңілді әуенін тағы да ала келді! Иісі аңқыған жасыл бақтар, хош иісті гүлдер өзіне шақырады! Ғажап! 1. «Қонақ үйде» (сұхбат құру).

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақ тілі (анықтама – оқулық). Алматы, 1999 ж.
2. Қазақстан. ҰЭ - сы. I том, Алматы, 1998 ж.
3. Қазақша - орысша сөздіктер. Алматы, 2001 ж.

(жалғасы бар)

Гаяһар ЫСҚАҚОВА,
Алматы облысының
Қарасай ауданындағы
«Үшқоңыр» ауылының
«Бота» балабақшасының
тәрбиешісі.

ҒАРЫШ ҚЫРАНДАРЫ

Мақсаты: білімділік - ғарыш, ғарышкер сөздері туралы түсінік беру. Қазақ елінің тұңғыш ғарышкерлері Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаевтың өмірі мен қызметі туралы білімдерін қалыптастыру;
дамытушылық - баланың тілін дамыту, сөздік қорын байыту, ойын арқылы ой қиялын дамыту, қызығушылықтарын арттыру;
тәрбиелік - Отанын, елін, жерін сүюге тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс:** ғарыш, ғарышкер, зымыран, көк аспан, жер шары. **Заттық дамыту**
ортағы: ғарышкерлер, Байқоңырдың суреті, Зымыран.

Үнтаспадан көрсету.

Іс-әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің іс-әрекеті.	Баланың іс-әрекеті.
1. Дәлелді түрткі болатын.	1. Балаларды шеңберге тұрғызып, бір-біріне жылулық лебіздерін білдіреді.	
2. Жұмбақ	2. Ұшқыш емес бірақ ол, Аспанда қалықтап ұшады. Оны кім деп ойлайсың?	Ғарышкер.
3. Ұйымдас-тырушы, іздестіруші.	- Балалар, қандай мерекені атап өткелі жатырмыз?	12 сәуір - ғарышкерлер күні.

4. Теледидардан көрсетіп отыру.	- Ғарыш дегеніміз - аспан кеңістігі. Сол ұшан теңіз аспан кеңістігіне ғарышкерлер ұшып, сол жердегі планеталарды зерттейді. Адамдар ғарышқа жер серігін ұшырып, зерттеулер жүргізді. Бүгінгі күнге дейін ғарыш кемелері Байқоңырдан көк жүзіне самғайды. Осындай арман көк жиегі болып келген ғарышкер батыр ағаларымыз - Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев. Оларға ең жоғарғы Қазақстан Республикасының «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Қазақ халқы осы ағаларымызды мақтаныш етеді. Зымыран - жер мен аспан арасындағы ең жедел ұшатын көлік. Зымыранмен ұшып барған ғарышкерлер аспан әлеміндегі ерекшеліктерді суретке түсіріп, ондағы ауа мен топырақты зерттейді. Оны жерге хабарлап отырады.	Балалар теледидардан қызыға, таңдана көрді.
5. Өлең	Жайқалып таулардың көкорай етегі, Бабалар дәстүрі ғұмырға жетеді. Тоқтар мен Талғаттың ересен ерлігі Ұрпақтан-ұрпаққа жыр болып жетеді.	
6. Хор:	«Мен ғарышкер боламын».	Балалар ән айтты.
	1. Аспан, аспан Арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын. (Жақан Смақов. «Мен ғарышкер боламын».)	Елжан

	2. Тұңғықты - ғарышты, Тұнып тұрған алысты, Орындалып арманы, Ғарышкерлер шарлады (А.Бақтыгереева. «Ғарышкер».)	Әйгерім
	3. Көкке ұшамын - Ұшқыш болар баламын. Соңына ерем Мұсабаевтай ағаның. Батыр болам - Көк аспанды сүйемін. Жұлдыздарға барып-келіп жүремін. (Т.Молдағалиев. «Ұшқыш болам».)	Әділет
7. Ойын:	«Ұшақ»	Әуен арқылы, қимылмен көрсету.
8.	«Әубәкіров ағаның даңқы көкке самғаған, Тоқтар аға Ю.А.Гагарин салған жолды жалғаған, Тоқтар ағам бұрыннан да ер еді, Менің батыр ағадан аумай қалғым келеді», - деп ақын ағаларымыз жырлағандай, өлең жолдарын жалғастырайық.	
9. Өлең.	1. Ғарышкерлер әуелі Ұшқыш болған талапты. Тіліп өткен әуені Ұшақтармен қанатты. (Б.Тобаяқов. «Ұшқыш болам».)	Арай
	2. Ұшып келем, ұшып келем, Ұшып келем көгімде, Мөлдір аспан төрінде. Көкте жүріп қызығамын жердегі Сонау, сонау өзім ұшқан өңірге. Бұл не?	Ардақ Ғарыш кемесі
10. Хор:	«Балдырғандар».	Балалар ән айтты.
11. Дидакти- калық ойын:	«Зымыран құрастыру» (Зымыранның әр бөлшегінде сұрақ болады, сол сұраққа жауап берген бала зымыранмен ұшады).	Балалар зымыран- ды құрас- тырды.

	1. Қандай ғарышкерлерді білесің?	Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев ағаларымыз
	2. Ғарышқа немен ұшып барамыз?	Зымыран
	3. Ғарыш аймағына қай жерден ұшады?	Байқоңыр
	4. Ғарышкер қандай болу керек?	Еңбекшіл, білімді, денсаулығы мықты болу керек.
	5. - Сен ғарышкер болғың келе ме?	Әрине.
	6. Зымыранмен ұшып барған ғарышкер нені зерттейді?	Топырақ, ауа, Ай.
	- Әрине, балалар, біз ұша аламыз, ұшып көрейік Көктен - теңізге, Таудан - аспанға. Ұшып қалықтайық, Жан-жаққа қарайық, Құстай ұшып самғайық!	- Қалықтап ұшу. Теңселеді. Ұшу. Жан-жаққа қарау. Ұшады.
12. Қоры- тындылау:	Олай болса, құстай ұшып самғай беріңдер! Қанаттарың талмасын, осы Тоқтар мен Талғат ағаларымыз сияқты ғарышкер болыңдар! Ғарышкер Тоқтар ағадан, Ғарышкер Талғат ағадан Ғибрат алған бала да Ғарышкер болмай қала ма?!	

Күтілетін нәтиже: балалар сабақты меңгерді.

Білу: ғарыш, ғарышкер, Байқоңыр, жер шары.

Істей алу: ойын ойнату, ән айту.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 18.03.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 2152.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

**Басылатын жері – «Алматы - Болашақ» Акционерлік
Қоғамы**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,

№3, 2011 ж., 144 бет, Алматы.